

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

КОНФЕРЕНЦИЯ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК КОНФЕРЕНЦИЙ

Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы

Сборник международной научно-практической конференции «Духовность нации и наследие Т. Жургенова: пространство созидания и исследования» посвящается 125-летию государственного и общественного деятеля Темирбека Жургенова

**КУ имени Коркыт Ата, Кызылорда
2023 жылғы 13 сәуір**

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125
жылдығына арналған «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы:
жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» халықаралық ғылыми-
тәжірибелік конференция материалдары**

**Материалы международной научно-практической конференции
«Духовность нации и наследие Т. Жургенова: пространство созидания и
исследования», посвященной 125-летию государственного и
общественного деятеля Темирбека Жургенова**

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
С 17

Редакция алқасы: ф.ғ.к. М.Ә. Бөрібаева, г.ғ.к., доцент Қ.А. Омаров, PhD
Н.А.Сактаганова, ф.ғ.к. З.Н. Ермағанбетова, ө.ғ.к., Г.И. Исакова, п.ғ.м. М.И. Шакирова,
т.ғ.м. Г.К. Куланбаева, п.ғ.м. А.Н. Ашенова, ж.ғ.м. Н.Ш.Манатова.

**Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына
арналған «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу
кеңістігі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция: 2023 жылғы 13 сәуір. –
Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚУ Редакциялық-баспа бөлімі, 2023. – 127 бет.
[Электронды басылым]**

Шығарылған материалдағы мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты.

За достоверность информации в опубликованных материалах ответственность несут
авторы публикаций.

ISBN 978-601-269-379-9

Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

1-СЕКЦИЯ

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ - ӘДЕБИЕТ ЖАНАШЫРЫ, ПУБЛИЦИСТ

1.	Омаров Д.К. «Т.Жүргенов және 1920-30ж.ж. Қазақстандағы халық-ағарту ісінің дамуы»	6
2.	Қожақұлы Ө. «Т.Жүргенов -кеңестік жүйе саясатының құрбаны».	12
3.	Оразбақов А.Ж. «Т.Жүргенов – әдебиет жанашыры»	20
4.	Данабекова Д.И. «Темірбек Жүргенов- асқан дарынды кемеңгер, мемлекет қайраткері»	24
5.	Абдиходжаева Н.Б., Алтаева З.Ж. «Темірбек Жүргеновтің қазақ аударма өнеріне қосқан үлесі»	29
6.	Мырзабаева Б.М. «Р.Б.Сүлейменов еңбектерінде Т.Қ.Жүргенов қызметі мен шығармашылығының зерттелуі»	34
7.	Апенев Б.М. «Темірбек Жүргенов және ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамы»	39
8.	Нурпейсова Н.Р. «Т.Жүргенов және ұлттық кадр даярлау мәселесі»	44
9.	Камитбекова Ж.У. «Т.Жүргеновтің білім саласындағы қызметі»	48
10.	Абдразақова А.У. «Т. Жүргенов және Оңтүстік Қазақстандағы сауатсыздықты жою мәселесі»	52
11.	Ильясова Э.У. «Темірбек Жүргеновтің ағартушылық қызметі»	56
12.	Каскабаева М.С. «Т.Жүргенов тағылымы және ұрпақтар сабақтастығы»	61
13.	Ағыбаева А.Ә. «Қазақ мәдениетінің дамытудағы Темірбек Жүргеновтің тарихи орны»	69
14.	Байсалбаева Г. «Мектепшілік Т.Жүргенов мұражайының оқушыларға патриоттық тәрбиелеудегі орны»	73
15.	Құдайбергенова К.Т. «Сыр сүлейлерінің жазба айтысындағы ұлттық сипат»	76
16.	Әбдіраманова А.Т., Гани Д.Г. «Темірбек Жүргенов және қазақ мәдениеті»	82
17.	Сыздыкова М.Б., Бимаханов Т.Д. «Т.Жүргеновтің қоғам және білім туралы ойларына әлеуметтік талдау»	86
18.	Насимов М.Ө. «Кәсіби қазақ өнерінің дамуындағы Т. Жүргеновтың орны»	92
19.	Насимов М.Ө., Паридинова Б.Ж. «Т. Жүргенов қызметінің мәдени жаңғыртудағы орны»	96
20.	Көпешбай М.Д. «Т.Жүргенов еңбектеріндегі ұлт мәдениеті»	100

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

2-СЕКЦИЯ		
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТА АЗИЯДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ, МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ, ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ КЕМЕЛДЕНУІ		
21.	Байұлов Ғ.Б., Жағалова Г.Т., Аблаев С.А. «Темірбек Жүргенов: XX ғасырдың басындағы қазақ музыкасы»	104
22.	Шакирова М.И., Аблаев С.А. «Қазақстан мәдениеті мен өнерінде Темірбек Жүргеновтің алатын орны»	109
23.	Искакова Г.И., Байболова Г.Т., Джуманазарова Ш.А. «Дәуірдің дара тұлғасы – Темірбек Жүргенов»	114
24.	Ниязбаева Г.К., Тлеумбетова Г.Е. «Қазақстан өнері мен білім жүйесінің өрлеуіндегі Темірбек Жүргеновтің рөлі»	118
25.	Баймағанбетова Г.Қ., Аккулова С.А. «Темірбек Жүргенов және XX ғасырдың басындағы қазақ өнерінің дамуы»	123

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

ӘОЖ 614.2:377 (574) (093)

Т. ЖҮРГЕНОВ ЖӘНЕ 1920-30 ЖЖ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ-АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУЫ

Омаров Дәулет Кәрібайұлы

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Тарих кафедрасының аға
оқытушысы, (PhD)**

XX ғасырдың басы – Қазақ тарихында халқымыздың саяси және рухани тұрғыдан серпіліп, ұлттық сананың оянған кезеңі болды. Отарлық бұғауда отырған қазақ елінің мәдени ішкі өміріне орталық Ресейде болып жатқан саяси, экономикалық оқиғалар, түрлі толқулар мен қозғалыстар әсерін тигізіп жатты. Осы кезеңде тарих сахнасына шыққан ұлт қамын ойлаған қазақтың зиялы, тұлғалы азаматтары, адамзат тарихының көшінен қағаберіс қалып, бейқам жатқан елдің тығырықтан шығар жолын іздеп, шарқ ұрды. Ғасыр басында ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ зиялылары — Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Н. Нұрмақов, Ж. Сәдуақасов, Ж. Ақбаев, А. Бірімжанов, Б. Қаратаев тағы басқалардың еңбегінде қазақ халқының тәуелсіздігі, жерінің азаттығы, азаматтық құқығының жоқ болуы туралы ой-пікірлер, ұсыныстар, азаттыққа жету жолдары туралы терең тұжырымдар жасалды. Қазақтардың саяси сана-сезімінің елеулі түрде өскенін қазақ зиялы қауым көшбасшыларының Ресей Мемлекеттік Думасының жұмысына қатысуынан көруге болады. Одан кейінгі кезеңде Кеңестік Қазақстанның алғашқы жылдарынан бастап-ақ ұлт тұлғалары өздерінің білімі мен іскерлік әрекеттерін қатар дамыта отырып, Қазақстанның саяси өміріне, экономикалық рухани-мәдени дамуына етене араласқан болатын. Қазақ халқының мүддесі үшін С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Ж. Мыңбаев секілді талантты ұлдары ел-халық үшін қызмет етті. Олар білім мен ғылымның, мәдениет пен өнердің шын мағынасындағы шамшырағына айналды десек болады. Міне осындай ұлт тұлғаларының қатарында белгілі мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтың орны ерекше. Ол ұлттық идеология тарихында, оның ішінде халық-ағарту, мәдениет ісінде орны дара тұлға, елді сауаттандыру жолында еліне қалтқысыз қызмет еткен тарихи тұлға, ұлт қайраткері. Темірбек Жүргенов қазақтың ғана емес, Орта Азия республикаларының да қалыптасуына айтарлықтай үлес қосқан қайраткер. 1922 жылы Орынбор рабфагін бітіргеннен кейін осы факультеттің таңдаулы студенттерінің бірі ретінде Т. Жүргеновке Ташкенттегі Орта Азия университетінің заң факультетіне жолдама беріледі. Бірінші курста оқып жүріп-ақ ол осында жауапты қызметтер атқара бастайды. Үлкен сенім жүктелген Т. Жүргенов Қазақ АКСР Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады. Ташкентте оқып, жұмыс жасаған жылдары Темірбек Жүргеновтың саяси білімінің тереңдеу кезеңі болды. Сол кездегі бес одақтас республиканың бірі Түркістан және Қазақ Автономиялы Республикасы Орталық Атқару комитеттерінің мүшесі ретінде Орта Азия аймағындағы саяси оқиғалардың бел ортасында жүрген Т. Жүргенов қазақ халқының әлемдік саяси және және қоғамдық-мәдени өмір сахнасына дербес ұлт ретінде шығуына, тартысқа түскен ұлттық шекараның дұрыс белгіленуіне айрықша белсене

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

араласты. «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттерінде жарияланған «Орта Азия Республикасында тұратын қазақтардың хал-жайы» атты тарихи-этнографиялық очерктерінде қазақтардың жалпы жағдайын, санын, кәсібін, шаруашылығы мен әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді, атқарылуға тиісті міндеттерді жеке-жеке қарастырып, орын алған жаңсақ пікірлерді сынады. Сол кезеңнің басты мәселесі – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межелеу ісіне араласқан ол Қазақстан іргесінің ұлттық тұтастануына, оңтүстік өңірдің қалың қазағының бір шаңырақ астына топтасуына айтарлықтай атсалысты. Қазақ студенттері үшін «Саяси экономия» оқулығын аударып, ол 1928 жыл Қызылорда қаласында арнайы басылып шықты. Бұл еңбек он жыл бойы жоғары мектеп студенттерінің, партия, кеңес, шаруашылық қызметкерлерінің, ғылыми шығармашылық интеллигенцияның пайдаланған оқу құралы болды. [1]

1926 жылы Ташкентте алғашқы Қазақ педагогикалық институты ашылып, оның тұңғыш ректоры болып университеттің соңғы курсына оқитын студент Темірбек Жүргенов тағайындалады. Алғашқы ұлттық педагогикалық жоғары оқу орнының дүниеге келуіне байланысты ол «Советская степь» газетіне педвуз міндеттері мен бүкіл әлемдік мәдениетті жерсіндіру, жергілікті халыққа жеткізу мәселелері туралы мақалалар жазса, 1927 жылы «Қазақ АКСР-інде жоғары оқу орындарын ұйымдастырудың нәтижесі мен болашағы» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамада «қазақ өз алдына жрғары мектеп ашарлықтай дәрежеге әлі жеткен жоқ, мына институт қазақ халқына бөтен мәдениетті тықпалайтын болады» деген ұлт нигилистері мен мәдениет майданындағы шовинистік көзқарастарға қарсы батыл тойтарыс бере отырып, ұлттық жоғары оқу орындарын ашу қажеттігін және мұнда орыс профессорларының дәріс беруі қазақ халқының бүкіл дүниежүзілік мәдениетке, ғылым-білімге тезірек, әрі кеңінен араласуға мүмкіндік беретінін жан-жақты дәлелдеп шықты. Баяндама «Қазақ педагогика институтының бір жылғы жұмысы» деген атпен жеке кітапша болып басылды. [1]

1929-1930 жылдары аралығында Тәжік Республикасының Орталық Статистикалық Басқармасының бастығы, Қаржы Халық комиссары қызметін атқарады. Орталық Статистика басқармасының басшысы болып жүрген уақытында Тәжік елінің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағынан тұрақтануына, мемлекеттік аппарат қызметтерінің қалыптасып, жүйелі жұмыс жүргізуіне зор еңбек сіңірді. Қаржы халкомы ретінде елдің экономикалық тұрғыдан өсуіне мүмкіндігінше мол қаражат бөліп, жергілікті ұлт өкілдері жастарының Кеңес мемлекетінің білімі мен ғылымы шоғырланған ірі орталықтары Мәскеу, Петербор, Томск, Ташкент секілді қалаларда білім алып, жоғары білікті маман болып қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. [6] 1930-1933 жылдары Өзбекстан халық ағарту ісінің комиссары ретінде халықты сауаттандыруда біршама іс тындырды. Сол кездегі қолға алынған реформа кеңестік мәдени революцияны іске асыруға кірісіп, жүздеген мектептер ашып, оқулықтар шығаруға барынша атсалысты. Ташкентте өзбек циркін ұйымдастырды. Темірбек Жүргенов Тәжікстан, Өзбекстан республикаларындағы үлкен қызметтерде болып, Қазақстанға қайтып оралысымен, 1933-1937 жылдары Қазақстан ағарту ісінің халық комиссары, БКП (б) Өлкелік комитетінің бюро мүшесі, өнер жөніндегі Комитеттің жетекшісі лауазымында еңбек етті. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариатын басқара жүріп, білім берудің уақыт талаптарына сай нұсқасын, өнердің кәсіби түрлерін жарыққа шығарудың, ұлттық кеңес мәдениетіндегі қазақ мәдениетінің

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

маңыздылығын қалыптастырудың негізін қалады. Оқу-ағарту жүйесін қолға алып, Алматы қаласынан бір жылдың ішінде 18 мектеп ашты. С.М. Киров атындағы университетті ашуды жедел түрде ұйымдастыра білді. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген талапкерлерді қабылдап, сауаттандыру, білім беру мәселелері тиісті жолға қойыла бастады. Осылайша, оқуға қамтылған балалардың саны өсе түсті. Егерде республиканың сауатты халқы 1920 жылы 14,4 пайызды құраса, ал 1935 жылы ол сол кездегі жалпыодақтық көрсеткішпен теңесіп 61 пайызға жетті. 1927 жылы бастауыш оқумен 226 мың бала қамтылса, ал 1932 жылы 490,6 мың болды. [3] Балаларды оқытудың күрделі жағдайын есепке ала отырып, әртүрлі типтегі мектеп-интернаты бар коммуна-мектептер құрылды. Кейін ол жоғары типтегі мектепке айналдырылды. Олардың ұлт жастарын техникумға түсуге дайындауда маңызы ерекше болды. Жер-жердегі оқу орындарының жағдайымен жақын танысқан Т. Жүргенов мектеп жүйесін кеңейту, оқуға қажет құралдарды шығару, мұғалімдердің білімін жетілдіру, кадрлар даярлау мәселелерін жақсартуға белсене кірісті. 1930 жылдары республика мектептерінде 10931 мұғалім жұмыс істеді. Педагогтік техникумның курстарында мұғалімдерді қысқа мерзімде дайындалды. Сондай-ақ республикада жалпыға міндетті оқуды жүзеге асыруға және мектептер үшін мамандар дайындауға үлкен көмек көрсеткен Ресей мен басқа республикалардан мұғалімдер келді. Осы уақытта барлық бастауыш қазақ мектептері түгел дерлік және жетіжылдық мектептің көпшілігі ана тілінде оқытудың белсенді әдістерін қолданды. Сонымен қатар бастауыш жалпыға білім беруді жүзеге асырумен бірге республика үкіметі орта мектепті өркендетуге, оның құрылымын ретке келтіруге үнемі назар аударып отырды. Ұлт тілінде оқытатын мектептер көптеп ашылды. Негізінен ұлттық орта мектеп жүйесі Қазақстанда осы тұста қалыптасты. Ұлт тілі, әдебиеті, тарихы сол кезден бастап мектепке оқытылатын пәндер қатарына енді. Барлық облыс орталықтарында 6 айлық курстар ашылды. «әрбір мұғалім, кем дегенде 35 адамның сауатын аш» деген ұран көтерілді. 1934 жылы 468 мың дана, ал 1935 жылы 1,5 млн дана оқулық кітаптар басылып, таратылды. 1935 жылы бастауыш мектеп саны 6587-ге (оның 3751-і қазақ мектебі) жетті, 573 ортақлау және 169 орта қазақ мектептері болды, оларда 640 100 оқушы оқыды. [3] Осы 1935 жылы Халық ағарту комиссары Т. Жүргеновтың тікелей қатысуымен республика басшылығы бінеше қаулы-қарар қабылдады. Соның бірі «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылдануы, қазақ орта мектептерінің саны артуына негіз қалады. Енді бастауыш мектеп – 4-класстық, орталау мектеп-7 класстық, орта мектеп -10- класстық болып белгіленді. Елімізде 1929 жылы оқу-ағарту ісіне бір адамға шаққанда 3 сом бөлініп келсе, 1935 жылы 33 сом, ал 1937 жылы 90 сом бөлінетін болды. Мемлекет қаржысына 3000, колхозшылар күшімен және 1000 мектеп салынды, бұрыннан бар мектептер ұлғайтылды. Осылайша 1937-38 оқу жылында Қазақстанда оқушылар саны 1,0 миллионнан асты. Орталау мектеп саны 417-ден 1097-ге, ал орта мектеп 31-ден 315-ке дейін көбейді. [4]

Т. Жүргенов республика Халық ағарту комиссары болып небәрі төрт жыл ғана істеді. Бірақ сол төрт жылда қазақ өнері мен мәдениеті, білім беру ісі салаларында өте көп істер тындырылды. Т. Жүргенов қазақ халық музыкалық өнерінің шығармаларын зерттеу және шығармашылық игеру ісінде көрнекті музыканттар мен хореографтар А. В. Затаевичтің, Али Ардабустың, И. В. Коцықтың және басқалардың ізденіс еңбегін жоғары

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

бағалады және жан-жақты қолдады. «Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін белгісіз болған қазақ эпосы, - деп жазды Жүргенов, - халық шығармашылығының ең бай қазынасын білдіреді. Кеңес өкіметі кезінде азаматтық құқығын алған домбыра аспабы қазақ өнерінің шеберлерінің қолында виртуоздық музыкалық биіктерге көтеріледі»-деді. [3]

1934 жылы қаңтарда екпінді мұғалімдер съезі, ал мамырда мәдениет қызметкерлерінің бүкілқазақстандық I съезі өткізілді. 1934 жылы 13 қаңтарда қойылған «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы - қазақ операсының туған күні. Одан кейін сахналанған «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» операларында да, музыкалық студияның Қазақ мемлекеттік музыкалық театры (қазіргі Абай атындағы академиялық опера және балет театры) болып қайта құрылуында да Темірбек Жүргеновтың қажырлы қайраты, көсем басшылығының ізі жатыр. [5] 1934 жылы 15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университеті ашылды. Алматыда, Оралда, Ақтөбеде, Қарағандыда, Қызылорда да, Петропавлда, Семейде, Шымкентте екі жылдық мұғалімдік институттары ашылды. Мәдени-ағарту саласында 30-ға жуық, ал өнеркәсіп, транспорт, байланыс салалары үшін 20-дан астам техникум ұйымдастырылды. 1936 жылы алғашқы 66 маман-дәрігер мединститутты бітіріп шықты. 1934 жылы Семейдегі геология-барлау институты Алматыға көшіріліп әкелініп Қазақ кен-металлургия институты (Қаз ПТИ) құрылды. Сол жылы Алматы музыка-драмалық техникумы оқу комбинаты болып қайта жасақталып, оның жанында кино бөлімі құрылды. Осы жылы мамырда қазақтың музыкалық-хореографиялық мектебі алғашқы оқушыларын қабылдады. Оралда да музыкалық мектеп ашылды. Қазақстан Жазушыларының I съезі өткізіліп, халық өнері шеберлерінің слёттері ұйымдастырылып, ел ішінде белгісіз болып келген таланттардың көзі ашылды. [6] Темірбек Жүргенов қазақ театрын өркендетудің барлық амал-тәсілдерін қарастырды. Үкімет тарапынан тапсырылған өзге одақтас республикалардан маман режиссерлар, музыканттар, суретшілер, балетмейстерлер тағы басқа сахна мамандарын шақырту жұмысын тікелей өзі қадағалады.

Халық ағарту ісінің комиссары кадр даярлау ісіне де үлкен баса мән берді. Ғылым жолына ұмтылған жастарды қолдау ісі де жүзеге асты. 1933 жылы Т. Жүргеновтың тікелей қолдауымен М. Қаратаев, Б. Шалабаев, Т. Жароков, Х. Есенжанов, Ә Бектұров сияқты сол жылы институт бітірген бір топ жас Ленинградқа аспирантураға аттанды. Оларға көмек ретінде наркомның өзі қосымша стипендия төлеп отырған. [2]

Темірбек Жүргеновтың қайраткерлігін, білімдарлығын, өткірлігін замандастары да үлкен ықыласпен айтады. Т. Жүргеновтың осындай қасиеттеріне сүйсінген Сәкен Сейфуллин оны «Біздің Жүргенов – жұмыскер нарком » деп бағаласа, Л.И. Мирзоян БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің алтыншы пленумында «... Жүргенов жолдас Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдени құрылысқа басшылық етудің шын мәніндегі штабына айналдырады деп ойлаймын» деп сенім білдірді, кейінірек «Жүргенов – железный нарком»- деп өзге министрлерге үлгі етті. Академик-жазушы Ғабит Мүсірепов «Мәдениет майданына мейрам келді. Халық ағарту комиссары тілді де тісті, жігерлі адам еді » деп айтса, белгілі өнер қайраткері Құрманбек Жандарбеков: «Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз»-дейді. Сәбит Мұқанов былай деп жазды:Мирзоян басшылығының ерекше қолға алған мәселесінің біреуі – оқу-ағарту

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

болды. Ол кезде Қазақстанның оқу комиссары болып Т. Жүргенов тағайындалды. Бұл қызметтің алғашқы күнінен ақ оның көңіл бөлген үлкен мәселелерінің бірі – мектептерге, мәдениет мекемелеріне үйлер салу болды.... Мен Қазақстан Республикасы ұйымдасқаннан бері оқу жұмысын басқарып келген адамдардың бәрімен таныспын. Жүргеновті солардың ішіндегі ең күштілердің бірі еді десем, еңбегіне лайық баға ғана болар еді». Темірбекпен сөйлесіп шыққанда «Алатауды айырып, Қаратауды қайырып жібергендей» жігермен үйге қайтатынбыз. Өнер саласында қай-қайсымыз үшін сол Темірбектің жүрегі жетпейтін»-деп еске алады композитор Ахмет Жұбанов. [3]

Т. Жүргеновтің бұрынғы халық өнерінің жаңа талантты орындаушыларын іздеудегі қажымастығы мен шынайы құмарлығын сипаттай отырып, досы Арбап Сарынов өзінің естеліктерінде көптеген замандастарын оның республиканың түрлі өңірлеріндегі көркемдік салт-дәстүрлердегі, тұрмыстың, киімнің, музыкалық және тілдік ерекшеліктеріндегі және жергілікті халықтың өнеріне қызығушылығы мен білімдарлығы, оған терең ізденіспен келуі, ой тереңдігі мен ерекше кеңдігі таң қалдырғанын айтады. [3]

Темірбек Жүргеновтың қаламынан шыққан дүниелер – өзінің құндылығымен маңызды. «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» атты кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Мектептің түп кемшілігін кетіру үшін күрес», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» т.б. еңбектері өзекті мәселелерді сөз ете отырып, ұлттық мәдениет пен білім саласының деңгейін көтеруге байланысты озық ойларды ортаға салды.

Шынында қысқа уақыт ішінде болашақ Қазақстанның білім мен мәдениет саласының ірге тасын қалау барысында Темірбек Жүргеновтың ұланғайыр еңбек еткендігі айқын аңғарылады. Ол оқу-ағарту, мәдениет саласында өзінің талантты, білікті ұйымдастырушы екендігін жан-жақты көрсете білді. Т. Жүргенов қысқа өмірінде артына өшпес із қалдырды. Артында өшпес рухани қазына, мол мұра болып қалған 7 кітабы, 150-ге жуық әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласына қатысты жазған еңбектері қазіргі ұрпағының да қажетіне жарап келеді. Оның өмірлік ұстанымы, халқы үшін атқарған еңбегі қазіргі де, болашақ ұрпақ үшін де өнеге болмақшы. «Темір Нарком», «Қазақтың Луначарскийі» атанған ұлтжанды қайраткердің педагогикалық ойлары жаңа ғасырда да өзінің өміршеңдігі мен құндылығын дәлелдей түсті. [2]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүргенов Темірбек. Шығармалары. Әдеби-публицистикалық және ғылыми мұралары /Құраст. Бауыржан Иманғалиев. – Алматы: Ел-шежіре. 2013 ж.
2. П.Б.Сейітқазы. Темірбек Жүргенов еңбектеріндегі оқу-ағарту мәселелері «Орта Азия мен Қазақстанның білімі мен мәдениетін дамытудағы Т. Жүргеновтың рөлі және рухани мұрасы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. Астана қыркүйек. 2014 жыл.
3. Р. Сулейменов. Нарком Темирбек Жургенев. // История Казахстана: белые пятна 1991 г.
4. Жолдасбеков М. Қазақ руханиятының жарық жұлдызы// Ақтөбе,2011, 20 қыркүйек.3 б.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

5. Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттар жинағы), Алматы, 2012, Б.20-21.
6. Оразбақов А., Еңсепов Б., Ибраев У., Темірбек Жүргеновтың тәжік еліндегі қызметі. //Сыр бойы.–2014.–22 наурыз.

Түйіндеме

Т. Жүргенов және 1920-30 ж.ж. Қазақстандағы халық-ағарту ісінің дамуы
Мақалада Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен дамуы жөнінде баяндалады. Елдегі сол кезеңдегі реформалар, елді сауаттандыру ісінің жүргізілуі, мектептердің, оқулықтардың шығарылуы және алғашқы жоғары орындарының ашылуы жөнінде жан-жақты сипатталады. Ұлт қайраткері Т. Жүргеновтың халық-ағарту комиссары қызметін атқарған кезеңдегі білім беру жүйесінің дамуына қосқан үлесі, өмірі мен қызметі баяндалады.

Кілт сөздер: Т. Жүргенов, халық комиссары, Қазақстан, білім беру жүйесі

Summary

T. Zhurgenov and the development of public education in Kazakhstan in the 1920s and 30s

The article describes the formation and development of public education in Kazakhstan during the first years of Soviet rule. The reforms of that period in the country, the implementation of literacy work in the country, the production of schools, textbooks and the opening of the first higher education institutions are described in detail. National figure T. The contribution to the development of the education system, life and activities of Zhurgenov during his tenure as the Commissioner of Public Education are described.

Key words: T. Zhurgenov, national commissar, Kazakhstan, system education

Резюме

Т. Жургуенов и развитие народного просвещения в Казахстане в 1920-30 гг.

В статье рассказывается о становлении и развитии народного образования в Казахстане в первые годы советской власти. Подробно описаны реформы того периода в стране, осуществление в стране работы по ликвидации неграмотности, выпуск школ, учебников и открытие первых высших учебных заведений. Народный деятель Т. Описан вклад в развитие системы образования, жизнь и деятельность Жургуенова в период его пребывания на посту по комиссара народного просвещения.

Ключевые слова: Т. Жургуенов, народный комиссар, Казахстан, система образования

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ҒТАМР 11.15.81

Т.ЖҮРГЕНОВ -КЕҢЕСТІК ЖҮЙЕ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ

**Өтеубай Қожақұлы Қорқыт Ата атындағы университетінің профессоры, тарих
ғылымдарының докторы.**

Темірбек Жүргенов есімін 1930 жылдардағы Сталиндік репрессиямен байланыстырады. Себебі оның өмір сүрген уақыты осы қанды қырғын жылдары мен тұспа-тұс келген уақыт еді. 1924 жылы Жүргенов Орта Азия мен Қазақстан арасындағы ұлттық-мемлекеттік шекараны белгілеу мәселесі тақырыбында дипломдық жұмысын бастайды. 1926 жылы дипломын сәтті қорғап, еліміздің территориялық тұтастығының сақталуына зор үлес қосады. Айта кету керек, Темірбектің дипломдық жұмысы шыққанға дейін елдің партиялық элитасы Жетісу мен Сырдария жерлері Өзбекстанға өтуі керек деген пікірде болған, бірақ Жүргенов бұл жерлердің Қазақстанға тиесілі екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берген. Университетті тәмамдаған соң Темірбек Жүргенов 1929 жылға дейін Қазақ педагогика институтының ректоры болып жұмыс істеген. 1929 жылы Жүргенов Тәжік АССР-нің қаржы халық комиссары болып тағайындалады. Кейін 1930-1933 жылдар аралығында Өзбек АССР-нің халық ағарту комиссары болып қызмет етеді. Ташкенттегі жұмысы кезінде Жүргенов бірнеше театр ашып, елдің мектептері мен жоғары оқу орындарының дамуымен айналысады. Тәжікстандағы жұмысы кезінде ол тәжік ғалымы, академик Садриддин Айнимен танысып, олар Фирдоусидің Шахнамесін қазақ тіліне аудармақшы болып шешеді. Қазақстанға оралған соң ол өзінің ұстазы Тұрмағамбет Ізтілеуовты Алматыға шақырады, ол он айдың ішінде Фирдоусидің Шахнамесінің қырық мың жолын қазақшаға аударады.

Ол бар ғұмырын бай мен кедейсіз, барлық адам тең құқыққа ие жаңа өмір мен жаңа әлемді құруға арнады

Т.Жүргенов қызмет еткен кезінде біраз білім ошақтары ашылады. Атап айтқанда қазақ кен-металлургия институты (қазіргі Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті), ветеринарлық институт және С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) ашылады. Ағарту мәселелерімен қатар Темірбек Жүргенов мәдениет мәселелерімен де айналысады, ол Қазақ АССР-і Өнер ісі жөніндегі комитетті басқарады. Комитет төрағасы лауазымында ол дарынды жастарды мейлінше қолдап, кейбір партиялық функционерлердің орынсыз тиісулерінен қорғап жүрген. [1]

1937 жылы 3 тамызда «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10, 11-тармақтары бойынша ату жазасына кесілді.

Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында үлкен құрметке, зор беделге ие болды, ол кісінің ашқан қаншама білім ошақтарында қаншама түлек білім нәрімен сусындап өмірге қанат қағады. Ол барлық азап пен қорлыққа төтеп берді, ештеңені мойнына алған жоқ. Тіпті болмағасын НКВД қызметкерлері Қазақ мемлекеттік университетіндегі өрт туралы істі қолдан жасап, сол бойынша Қазақстанның мәдени жастарының көрнекті өкілі Шахзода Шонанованы іске

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

тартады. Жүргеновті көп тергеп, ҚазМУ-дегі өртке кінәлісің деп айыптайды. НКВД қызметкерлері ҚазМУ-ді өртеуді маған Т.Жүргенов тапсырды деп айт деп Шахзода Шонанованы мәжбүрлейді. Жүргенов пен Шонанова камерада өздері ғана қалған кезде: «Шахзода, қарындасым, мен бар кінәні өз мойныма аламын», - дейді. Келесі жолы НКВД қызметкерлері әдеттегідей камераға келген кезде Шахзода атып тұрып: «Ғимиаратты өртеген менмін» дейді. «Шахзода, сен не істеп жатырсың?», - деп аңырап қалады. Бірақ, Шахзода алған бетінен қайтпайды. Бар кінәні өз мойнына алып, репрессия жылдары атылған алғашқы қазақ қызы болады.

Темірбек Жүргенов 1938 жылдың 25 ақпанында Алматыда атылады.[1]

Жүргеновтердің арғы бабалары-Шөмекейдің Бозғұлынан тарайтын Сарғасқа руынан шыққан Жәрімбет би.Жәрімбет бидің есімі 1803,1805 жж Ресей құжаттарында жазылып,оның Шөмекей руының айтылуы 6 биінің бірі екені көрсетілген.Жәрімбет бүгінде ру атын алған.Жәрімбет биден туған Әлен,одан тараған Қуаң(ірі байлар болған),Қуаңнан Жүрген,Тұрған тағы басқа ұрпақтар өсіп-өнген.Жәрімбет бидің тікелей алтыншы ұрпағы болып табылатын Темірбек (Темірше) Қараұлы Жүргенов және Жүргеновтер әулетінен тараған ұрпақтардың кеңестік жүйеден көрген зорлық-зомбылықтары ауыр трагедиялық жайт.Әрине,оқырман қауым 1933-1937 жылдарда ҚазССР Жалық ағарту комиссары болып қызмет істеген Т.Жүргенов туралы ,оның 1938жылы атылғанын,кейіннен есімі толық ақталғанын білері сөзсіз.Алайда,оның бірге туған інілері,әкесі мен Тұрған ұрпақтарының басына түскен зобалаңды біле білмеуі әбден мүмкін.Ұжымдастыру кезінде мал-жанды бір орталыққа ұйыстыруға қарсы шыққандар арасында Жүргенұлы Қара,оның балалары Қосжан,Досжан,Жұдырық баласы Нұржан болған.Жүргеннен-Қазыбай,Қара,Жұдырық т.б. балалар өсіп-өнген.Осы ұрпақтың ішінде Қара есімі ерекше құрметпен аталады.Қара Жүргенұлы 1858 жылы Қазалы уезінде қарайтын Қаракөл-Қуандария болысында көшпелі отбасында өмірге келеді.Жоғарыда айтқанымыздай,Жәрімбет,Әлен,Қуаң да өз кезеңінің тұлғалы азаматтары болған.Есімі Сыр мен Арқаға бірдей таныс,Сыр сүлейлерінің ұстазы атанған Сарыбай Әзілкеш ақынның Болық қызбен айтысында:”...Ақ болық жіңішке мен жуан қандай?Сыймайды-ау камзолыңа сыбағандай!Мақтайсың оның несін,ей,ақ Болық,Қоздатқан сексен мыңды Қуаң қандай!” [2, 158 б]

Міне,сексен мың қой қоздатып,3мың жылқы өргізген Қуаңның бел балаларыЖүрген,Тұрған,Дәгір мырза.Байлығы демекші,ел аузындағы әңгімелерде ХІХ ғасырдың 40-50жылдарында Қарақұмда Дәгір мырза қайтыс болғанда көш 40 күн еру болып,Шатырларда күмбезді үй-там салайын десе,құмдақ жерде кесек құя алмайтын болады.Сонда Қуаң екі мың жылқының жалы мен құйрығын күзеп,күнде мың биені саудырып,құмды сүтке илеп,кірпіш бастырады.Осы әдіспен үй-там салғызып,ұсталардың тамағына 90 қысырақ байлатыпты.Сол үй-там сол кезден бері Дәгір тамы аталып келеді.Жәрімбеттен басталған билік,байлық Қара Жүргенұлы 1928 жылы ілінеді,ал оның үлкен балалары Қосжан мен Досжан тәркілеуден қашып,Қарақұмды паналаған.Мемлекеттік мұрағаттағы сарайған құжаттар арасында Қара Жүргенұлы,оның баласы Ысқақ пен немересі Минараздың іс-қағаздары кездесті.Бұрынғы Жаркөл болысының ауылында тұрушы Қ.Жүргеновті 1928 жылы 4 қаңтарда Қазы деген жерде малдарын алдын-ала есепке алып,оның жазда Мамытта,қыста Қазы мен Сырдария

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

бойында болатындығын және 100 ірі жылқысы,40 құлын-тай ,120 түйе мен ботасы,50 сиыры бар екенің,қой-ешкісінің 500 басты құрайтынын іске тігіпті.Сонымен қатар осы құжатта:саманнан салынған үйі,4 жалшы ұстайтыны,жеке күймесінің де барлығы тіркеліпті.Мұнда және оның жеке қыс қыстауы,жаз жайлауы,майса шабындағы оған бөтен ешкімнің малы жіберілмейтіні,1919-1920 жылдардағы қызметі,1926 жылы жеке қаражатымен мешіт салдырғаны да жазылған.Ақтөбе округтық комиссиясының 27-тамыз бен 4-қыркүйектегі қаулылары бойынша Қара Жүргенұлының мал-мүлкіні тәркілеп,осы жылдың 27 қарашасынан қалмай (9 жанымен бірге) Қарқаралы округіне барып тіркелуін міндеттелген.Ырғыз аудандық тәркілеу комиссиясының мәжілісінде (4қараша,1928ж.)N 27 санды шешімімен Ысқақ Қараұлының мал-мүлкін тәркіледі.Минараздың шаруашылықтары бөлек емес, Қ.Жүргенұлымен бірге деп қаулы шығарған.Бұған қарсы Ысқақ Қараев,Миназар Ноғайұлы “біздің еншіміз бөлек”десе,1928 жылдың 22-қарашасында А.Бейімбетов өз малдарының Досжан,Қосжан Қара балалары мен Қ.Жүргенов малдары ішінде кетіп отырғанын,тәркілеу комиссиясынан малдарын қайтаруды сұрап арызданған.Қаншама арызданса да,олардың еншілері(мал-мүлкі) Қарамен бірге деп ұйғарым жасалған.8-қараша 1928жылы Ырғыз ауданында өткен жалпы жиналыста салық төлемегені үшін:1)Жүргенұлының малын алуға. 2).Алты құлынды бие,2-бойдақ байтал,бір айғырын салуға ұйғарым да жасапты. [2, 159 б]

Құжаттар дерегін қарап отырсақ,жазбалар түрліше болып,тіпті бір-біріне қайшы тұстары кездеседі.Бұл кезеңнің (1928-1929 жылдары) нағыз аласапыран болып,байларды аяусыз қуғындағаны,тіптен олардың арасында кедейлер мен орташалардың да жапа шеккендері айқындала түсті.

Қ.Жүргеновтің 1928 жылдың 10-тамызында комиссиялардың есептеуіне 388 бас(ірі қараға шаққанда) малы болса,қазір 204,жасының 65-те екені құжатқа түскен.Тәркілеуге (ірі байларға)жатпайтынын айтып Қара Жүргенұлы Қазақ үкіметінің басшысы Елтай Ерназаров пен Бүкілодақ ақсақалы атанған М.Каллинге дейін арызданған.Алайда оның бұл арыздары қанағаттандырылмапты.Сондай-ақ ол арызында: “Мал шаруашылығымен айналысқаны,3 отбасында 14-жанның барлығын,мал бағудан басқа ешнарсе білмегенің, көрмегеннің,жазығының жоқ екенің айта отырып, Қ.Жүргенұлы ҚазақССР Жоғарғы тәркілеу комиссиясына тағы да арызданған. “...Мені актілегенде Ырғыз ауданында едім.27-тамызда байларды тәркілеу туралы шығарылған декреті бойынша ұстап отыр.Декреттегі заңға малым жетпейді.,малымның саны-66 ірілі-уақты жылқы,18түйе,65 қой,1 бұзаулы сиыр.Мені бай деп ұстап отыр.Тәркілеуге алдын-ала есептеген жоқ,қыстау,там да,қымбат мүлік те жоқ.Ырғызда ешбір жұмысқа араласқан емеспін.Болыс болғаным жоқ,қайта паташалық кезеңде 2 жыл Ырғызда абақтыда,түрмеде болдым.Ол туралы қолымда құжаттарым да бар.Алашорда кезінде кеңеске жақ болдым.Сол үшін Алашорда бастықтары А. Теміров,Қ.Сейдалин дегендер 300 түйе айып салып,малымды талады және өздері қашып кеткеннен кейін де менің басымды жауапкершіліктен шығармады.Кеңес кезінде жаман сөзге іліккен емеспін,жауапты болғаным жоқ.Жайыма көшіп жүрген шаруамын”.(Әкесі хат танымайтын болғандықтан,әкесі Қара үшін,растап қол қойған баласы Ысқақ.)Қара Жүргенов арызында жоғарыдай баяндаса,1928 жылдың 8-қарашасындағы Ырғыздағы N18ауыл адамдарының жалпы жиналысында Қара хақында былайша жазылыпты: “Қара Жүргенов Николай заманында 3 жыл болыс болған.Болыс

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

болып жүргенде өзінің хатшысы Зарқұм дегенмен қас болады.Сөйтіп айтысып жүргенде араға пара кіріп,Зарқұмды Сібірге айдатады.Ол да қарап қалмай Қара Жүргеновті 1902 жылы 24 айға түрмеге жапқызады.Сондай-ақ,Қараның кейбір озбырлықтарын тізбелеген”. [2, 160 б]

Жүргеновтер әулетінің өмір жолдарын 45 жылдан бері зерттеп жүргендіктен,сол кезеңдегі құжаттардан Қара жайлы жазбаларының (байлығы,іс-әрекеті,қызметі) кейбірінің шындыққа жансатынын аңғардық.Қ.Жүргеновтің жоғарыда үзінді келтірілген арызында болыс болғаным жоқ деуі өтірік те,2 жыл түрмеде болғаны шындық.Өйткені 1901 жылдың 25-наурызында Қара Жүргенұлы мен Қошпан Айтбаевтың үстінен қылмыстық іс қозғалып,N362 бап бойынша сотқа тартылып,ісі қаралған.Бұл жөнінде “Туркестанская ведомость” газетінде хабарлама да басылған.Қараның мәлімдеме арызында үш отбасының бірге екенің жазса,баласы Ысқақ пен немересі Миназар Ноғайұлы: “...1923 жылдан Қарадан еңшілерінің бөлек екенін,жеке малдарына салық төлеген түбіршіктерінің (квитанция) барлығын,Ысқақта 24 жылқы,13түйе,9сиыр,50 қой-ешкінің,Миназарда 14 жылқы,11 түйе,6 сиыр,30 майда малының Қ. Жүргеновтың малдарына қосылып есептелгенін айтып арызданған”.Жергілікті ұйымдар мен тәркілеу комиссиясынан басқа Қазақ үкіметінің басшысына арызданған.Е.Ерназаров 1928жылдың 30-қарашасында Ысқақ Қараұлы мен Ноғайев Миназарды тәркілеуден босатуды тапсырған.Бұл кезде Миназардың қарауында шешесі Сұлу,қарындасы Сымбат болса,Ысқақта екі жан ғана бар екен.Мұрағат деректері осылай дейді. Мұрағат құжаттарын қарап отырсаңыз әке мен баланы,іні мен аға арасын шатастырған,бір-біріне қарсы қойған деректер де бой көрсетіп қалады.Сондай деректің бірі Қараұлы Ысқақтың Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Ізмұқан Құрамысовқа жазған хатында: “Ізмұқан ағай!”

Ғапу ете көріңіз,аз ғана менің арызым бар. “Мақтаған кісідей,Шаққан өлтірет” деп нақақтан сорлап отырмын.Өзім екі бастан өткен заманда жас болдым,кеңес өкімет басында ауыздығын аузынан сүйіп аққан жасының бірі емеспін бе?Бір алжығаның қылмысына айырбастап,Нақақтан түсіп,жас басым көктей солып,қыршынан қиылып,кұқығынан айыратындай жаңа өкіметке не жазығым бар.Әділеттілік келеді ғой деп едім,олай болмады.Аяғында осындай болдым.Енді Ізмұқан аға,ұрсаңыз да сізден басқа жылайтын адам таба алмадым.Өз қолыңыздан өлтіріңіз.Жаңа заңға қарсылығым емес.Біреу үшін күйіп барамын.Баяғыда екі-үш күн болса да етігіңізді тартып, төсегіңізді салған, қосшылық ақынды екі дүниеде сұраймын?”,- дейді.[2, 161 б]. Әкесі мен баласын қарсы қойған кеңестік саясаттың нәтижесінде баласы бар кінәні әкесіне аударып оны”алжыған”,”біреу үшін” деген сөздерді еріксіз айттырып, жаздырып отыр.1928-1929 жылдар аралағында жүргізілген тәркілеудің көрінісі осы болса,1930 жылғы шаруалардың кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтерілісі осы тәркілеуден,ұжымдастыру кезеңінде басталған.Қара Жүргенұлының ең үлкен ұлы Ноғай тәркілеуге жетпей қайтыс болған, одан кейінгі үлкендері Қосжан, Досжан Қарақұмға қашып барып, сарбаздар жасақтар, бүгінде “Қарақұм көтерілісі” деген атпен белгілі көтеріліс басшыларының бірі болған. Алайда кеңес өкіметі басшыларының тарапынан кеңшілік болады деген сөзге сеніп, ақыры түрмеген қамалды. Қараев яқосжан, Досжан екеуі ОГПУ алқасының 1932 жылдың 19-қаңтардағы қаулысымен атылған. Ал Қара Жүргенұлының өзі 1929-1933 жылдары Қарқаралы округіне жер аударылып, ақыры 1933 жылы Жалағаштағы №16 ауылға келіп

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ашаршылықтан әуірім деп аман қалады. Кейін тыныш өмір сүріп жатқан Жүргеновтар әулеті басвна тағы да зобалаң түседі. Ең алдымен Қазақстан Халық ағарту комиссары қызметіндегі Темірбек Жүргенов 1937 жылдың 2-тамызында КСРО прокуроры Вышинскийдің сакциясымен усталып қамауға алынып ,РСФСР қылмыстық кодексінің 58-1а,58-6,58-7,58-8және 58-9 баптары бойынша айыпталған 1937 жылдың 6-қыркүйегінде тергеушілерге берген жауабында Т.Жүргенов:“Мен өзімді кінәлімін деп есептемеймін. Себебі ешқандай контрреволюциялық ұйымға мүге болғаным жоқ және ондай ұйымның бар-жоғы маған мүлде беогісіз” деген. Т.Жүргенов кейінгі жауаптарында тағылған айыптардың біразын мойындаған. Шын мәнінде оны зорлар мойындатқан. Сондай-ақ тергеушілердің ісіне республикалық басылымдардың жала жапқан мақалалары да көмектескен тәрізді. КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының көшпелі мәжілісінде я Темірбек Жүргеновтің қылмыстық ісі қаралып, ату жазасына кнсңлгкн 19комиссардың бірі болды. Үкім 1938 жылдың 25-ақпанында қазіргі Жаңалық ауылында орындалыпты. Алматыдағы Темірбектің ұсталуын күтіп отырғандай Қармақшы аудандық НКВД бөлімшесін басқарған сержант С.А.Пяткин Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасына қатынас жолдап, Қара Жүргеновті 1 котегориямен тұтқындауға рұқсат сұраған. Басшыларынан келісім алған Пяткин Қ. Жүргеновті 17-тамыздақамап , 16-қыркүйегіндегі Оңтүстік Қазақстан НКВД басқармасының “үштігінің” шешімімен атуға бұйрық шығарылып,ол үкім 1938 жылдың 25- қыркүйегінде Қызылорда қаласы маңында орындалған. Ал Темірбек Қарайұлы Жүргеновтің өзі 1957 жылдың 18- сәуіріндегі КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының шешімімен толық ақталды.Алайда Д. Ермеков, М. Байділдаев т.б азаматтардың ізденістері нәтижесінде алғаш рет Т.Жүргеновтің 70 жылдығы 1968 жылы аталды Міне,содан бері 80,90,100,110 жылдық мерейлі жылдвры аталып өтуде. Көптеген мектептептер мен мәдени орындарға, көшелерге Т. Жүргенов есімі берілді. Алматыдағы өнер академиясы Т. Жүргенов есімімен аталды. Жүргенов ұрпақтарының бірі Қосжанов Қиназар (1927-2000) ағайдың “Құдайға шүкір, біз бармыз” деген жазған мақаласв қамшылап отыр. 1937 жылы айы, күні көрсетілмеген қамаудағы Қ. Жүргенов туралы анкетада оның 1858 жылы Оңтүстік Қазақстан обылысы,Қазақстан обылысы, Қызылорда ауданында тұрғаны жазылып, отбасы мүшелері түзілген. Әйелі Кәмпит Демесінова 49 жаста ұлдары: Қосжан Қараев 29, Миназар Ноғаев17, Қараев Айназар 12, Зағипа Қараева5 жаста деп көрсетіліп айыптау құжатының №937 іс екенің де анық жазған. Міне осындадағы тізімде Ташкентте оқуда жүрген Биназар(Битай) Қуаңов есімі жоқ, ол 1920 жылы туылған. Қара Жүргеновті ұстар үйіне тінту жүргізгенде (1937 жылдың 17- тамызында) мынандай заттары тізімге алынған:

- 1.6250 сом ақшасы (1919 жылғы үлгідігі);
- 2.160 сомақга (бұл ақша қайтарылып берілген)
- 3.Қойын дәптері(қазақтың руы жазылған);
- 4.Ақшаны айырбастау туралы “Нарком Финге” жащған арызы;
- 5.Пенсияға шығуы туралы өтініш қағазы көрсетілген. [2, 162 б]

Қара Жүргенов КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының 1989 жылғы сүргіннің құрбандарының құқықтарын қалпына келтіру туралы” жарлығына сәйкес 1990 жылы 28 қарашада Жүргенов Қара ақталған. Осылайша әкелі-бала ақиалды. Ақталса да олдың үрім-бұтақтарының жүрегінбе орны толмас қайғы, ауыр жылдардың өксігі мен ащы запыраны

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

қалды. Бұл ойларды Қараның кенжесі -Загипа Смағұлова мен немересы Қиназар Қосжановпен сөйлескенде анық аңғаратын едім. Жүргенов Қарадан тікелей тараған ұрпақтары:Қосжан, Досжан, Темірбек, Ысқақ.Алматыдағв “Тау-Кен” институтының студенті Кәпназар,Айназар ОГПУ-НКВД құрығына түсіп, атылып кетсе, кіші баласы Биназар, немересі Миназар, Жұманазар соғысқа қатысып, майданнан Биназар (Битай) ғана аман оралды. Бір Қараның ұрпағынан (өзін қоса есептегенде) 7 адам атылса, Қарамен бірге туған Жұдырықтың баласы Нұржан (1893-1973) Влидивостокка 10 жылға жер аударылып, көп азап тартып еоге келді. Жүргенмен бірге туған Тұрған ұрпақтары Қарақұлдың (1848-жылы туған) алымды туған баласы Пірназар Қарақұлов (1902 жылы туылған ұазіргі “ Жаңаталап” ұжымының алғашқы басқырма төрағасы болған тұсында Қараның баласы Ысқақпен бірге 1937 жылғы 29 желтоқсан НКВД “үштүгінің” үімімен ұсталып, 1938 жылдың 17 қаңтарында сотсыз атылған. Сондай-ақ Қара Жүгіновтің немере інілері Жарасбай оның ұлдары Смахан мен Ысқақ та Қарақұм көтерілісінде опат болады. Жүргеновтердің кейінгі ұрпақтары да қабілет-қарымы мол, сауаты бола кеңестік кезеңдік зорлықтан құтыла алмады. Т.Жүргенов жайлы жазылған бір мақаланың соңында:”... Социолистік қоғамның-қатігез жүйенің қорлығы мен мазағына ұшыраған бір шаңырақтвң тұқым- теберігі осылай түгел құрап, біржола жоқ болды”- деп жазған-ды. Осыны оқыған Жүргеновтер әулиетінің бірі, ұстаз Қиназар Қосжанов “Жұлдыз” журналы мен “ Егемен Қазақстан” газеттерінде “Құдайға шүкір, біз бармыз” деп өзінің көкейінде дүрген ойларын ортаға салған-ды.Біз де 31 мамыр- саяст қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсанында бір әулеттен қаншама кісілердің кеңестің кесір саясаты нәтижесінде құрбан болғандығын нақты құжаттардағы деректермен сөз етуге ұмтылдық.

Еңбек ардагері Оспан Есжанов(№16 ауыл)

Мен 1929-30 жылдарда осы күнгі “Жаңаталап” ұжымын ұйымдастырушылардың бірі болдым. Кеңес өкіметінің сол кезлегі саясаттарына іштей қарсы да едім. Үстімнен біреулер әңгіме айтып, бірнеше ац абақтыда жаттым. Ағайындардан кепілмен босанып шыққасын Ташкент жаққа азғана ағайынбарыммен көшіп кнттік, Діні бір тілі бір жақын болғанмен басқа елдің аты басқа ел. Қышлаққа орналасып ауылшаруашылық жұмыстарында зоотехник болып істедім. Ұмытпас 1931 жылдың басы болу керек (бұл кезде Заминде тұратынбыз) өзбек ағайындардың кейбір әділетсіздіктері Темірбек ініме баруға итермеледі. Қабылдауына кіріп, өз жағдайым мен ағайын жағдайын айтып, ел жаңалығын сұрасып шұрқырып тапсырмалар беріп жатты. Темірбектің тікелец қолдауы мен Ұсынысв арқасында Өзбекстаннвң Самарканд обылысының Замин ауданында жылқы малын асыдандыруымен айналыстым, шаруашылыққа бас зоотнхник болып қызмет атқардым. Үкімет наградаларына ба ие болдым. Ағайынмен араласып бір қуаныштандым. Жауапты қызмеь атқаоып жүрген Теміршенің елге ықыласын тілегін қамқорлығын сонда көрген едім [2, 163 б].

Темірбек Жүргеновтің парталас досы Рахым Алшынбаев

1916 жыл. Перовск (Қызылорда) қаласында Сауранбай болысқа қарсы кедей шаруалар көтерілісі болды. Осы көтеріліс жасаушылардв жазалау үшін Перовск

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

қаласынан генералгубернатор Куропаткинның өзі келген. Осы кезеңде оқып жүрген жас Темірбек халық өкілі ретінде генералға өзі келген. Сөйтіп көрісшілер Темірбектің арқасында жазадан аман қалған еді. Темірбек пен 1908-11 жылдары қазіргі Қызылорда облысының Тереңөзек ауданына қарасты "Аламесек" қыстағында екі кластық орысша-қазақша мектепте білім алдық. Мұғалімдер оған 5-тік бағаның үстіне қоса белгісін қоса қойып отыратын, ол сондай зерек, алғыр болатын! [2, 163 б]

Немере ағасы Нұржан Жұдырықұлы

Ол тіке айтушы еді, жаңалыққа жаны құмар, ескіге үнемі қарсы тұратын. Онымен бірге туысқан болсақ та, бірге ойнап жүрсек те ол жасаған игі істерді біз жасай алмадық! Зорлық, зомбылық көрген жандар көзі ашық Темірбекке жиі келіп сөйлесетін. "Ерте кетті ғой, шырағым". [2, 164 б]

Інісі Маштай Әбдіқұлов

-Темірбекпен бірге ойнап, бірге өстік. Жас кезінде туған -туыстары, қатартеңі, біздер "Темірше" деп атайтынбыз. Жазда қыр елі Ырғызда жайлап, қыста Сыр бойына қоныс тебетінбіз. Дәлірек айтқанда Жалағаш ауданы, қазіргі "Жанаталап" совхозының төңірегіндегі "Іздібай" өзегінің бойында "Қараның қыстауы" деген жерде отыратын едік. Қай жылы екені есімде жоқ, бірде әкелеріміз бізді Қауынбай молданың алдына жиып беріп, "тіл" сындыртты. Көп ұзамай ауылға Турмағамбет ауыр (Ізтілеуов) келіп, біздерге дәріс берді. Оқуымыз бұрынғыдай емес, ұғынықты, көңілді бола бастады. Темірше бізден өзінің зерек, алғыр қасиетімен ерекшеленетін. Үлкендерден, ұстазымыздан естігендерін ұмытпайтын. Қайталап, тіпті қызықты етіп әңгімелеп те беретін. Содан да оны жанына жақын тартып, оған зор сенім артатын. Өзі жолаушылап не басқа шаруамен кетсе, оқуды жалғастыруды Теміршеге тапсыратын. Ал ол ешқандай қысылып-қымтырылмастан сабақтарды қайталап, тіпті өздігінен де оқытуға қабілеттілік танытатын. Өткірлік, өжеттік қасиеттері сол кездің өзінде-ақ қалыптаса бастаған екен-ау, деп ойлаймын бұл күнде. Турмағамбет ақын Теміршенің зеректігін әкесіне жиі - жиі қызыға әңгімелеп, оның Аламесекте (қазіргі "Ақарық" ауылы) барып оқуын жалғастыруына ықпал етті. Біз әртүрлі себептермен оқи алмадық. Темірше болса өзінің ерекше қабілетін қанат етіп, қырандай қалықтап кете берді. Оның қайда оқығаны, қандай қызметтер атқарғаны, мемлекет қайраткері ретінде қалай танылғаны бізге сол кездің өзінде белгілі болатын. Ауыл аймағымыздың қуанып, мақтан етіп жүретінбіз, тілеуін тілейтінбіз. Несін жасырайын, оқымай қалғанымызға өкінетінбіз. Сондықтан да біз оны әрдайым сол биіктерден көреміз, сол шындардан іздейміз. Жеңеміз Теміршенің зайыбы Дәмеш Әмірханқызы Ермекованың тағдыры да бізге мәлім. Темкеңнен соң көп ұзамай ол да "ұсталды". "Халық жауының әйелі" деген жаламен сегіз жылға сотталып, мерзімін өтеп қайтты. Асыра сілтеу кезеңінің "қолшоқпарлары" онымен де тынған жоқ, "жауыздың жақыны" деп Ысқақ, Кәпназар, Пірназар, Ысмақан, Ысқақ (Жарасбаев) деген інілерін де ұстап, қайтпас сапарға аттандырып жіберді. Осы кезде бізді Теміршенің бауырына басып тәрбиелеген баласы Жұбаназардың жағдайы көп алаңдатты. Дегенмен, ол жас та болса көп ұзамай елді, ағайын -туысты тауып, қуанышқа кенелтті. Бірақ, бала неме ғой, бірге ойнап, бірге жүретін ауыл балалары оны "жауыздың тұқымы" деп үнемі шеттетіп, намысына тие беретін болды. Бұған ызаланған ол "Отанға адал қызмет етіп, әке-

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

шешемді қалай да ақтап аламын.Олар ешқандай да жауыз емес" деп жасының толмағандығына қарамастан өзі сұранып майданға аттанды. Есіл ер содан оралмады. Кейіннен Темірбек те,Дәмеш жеңгей де ақталды.Жеңгей ағамыздың отын өшірмей, түтінін түтетті. Қызмет етті. Ол "Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері "-деген құрметті атақтың иесі болды. Темірбектің туысқандарымен тығыз араласып тұрды. [2, 164 б]

Еңбек ардагері Шахзада Жүсіпов

...Қызылорда ұйымдары тарихын еске алғанда , айрықша 1918жылы түседі. Қазіргі облыстық баспахана үйі бұрын Высшее начальное училище болатын. Мұндағы 200-ден аса шәкірттің төрттен бірі қазақ еді. Міне олар 1918жылы коммунистік жастар үйірмесін ашқан-ды. Булардын ішінде бүкіл Қазақстанғаәйгілі болған Садықбек Сапарбеков,Темірбек Жүргенов,И.Тәжиев, Ілияс Қабылов,Жүсіпбек Арыстанов,Сара Есовалар бар-ды. Міне солармен бір саптаболдым.1919жылдан РКСМ мүшесі болған едім.[2, 165 б]

Ақын Аскар Токмағамбетов

...Мұғалімдер даярлайтын қазақ институты жанындағы партия, кәсіподақ ұйымы арнайы комиссия құрып, оған Түркістан орталық партия комитетінің және басқа орындардан уәкілдер қатысып жиналыс болып, суретті жақсы салған,өлені жақсы шыққандардың бәйгесін ұйымдастырды.Комиссияда С.Ходжанов,Т.Жүргенов,М.Әуезов,Ғ.Жандарбековтер болды. [2, 165 б]

Еңбек ардагері Шәймерден Басарұлы(№16ауыл)

...Біздер Сыр бойынан ауа көшіп, Тәжікстанның Қорғантөбе маңындағы ауылда тұрақтадық. Көбіміз аш-жалаңаш. Тәжікстанда жағдай біздің жақтан тәуір болғанымен,бұларда да аштық бар екен. Сөйтіп,шықпа-жаным,шықпа,-деп жүріп жатқанымызда, Ташкенттік танысымыз, осында қазақ үлкен әкім келді. Ақмешіттен-дейді дегенді естіп бірнеше адам бардық.Сөйлеп тұрған адамды қарасам,жүзі таныс сияқты.Бір кезде батылым барып, сөйлестім-ау. Сөйтсем, √16 ауылдағы Қараның баласы Темірше екен. Жағдай сұрап,білгеннен кейін, қасындағы тәжік жігітіне тапсырма берді.Содан менің ғана емес, Қазақстаннан ауып келгендердің жағдайы дұрыстала бастады.

Т.Жүргеновтің "халық жауы"деп атылып кеткенінкейіннен естідім.Туған жерге 1960жылдардың ортасында Тәжікстаннан көшіп келдім. Ақталғанын естіп қуандым, Нұржекең ағаның үйіне барып, Теміршеге бағыштап құранымды оқыдым. [2, 165 б]

Пайдаланылған Әдебиеттер

- 1.<https://world-nan.kz/kz/blogs/tau-tulga-temirbek-zhurgenov>. Димаш Дүйсен "Тау тұлға - Темірбек Жүргенов"
2. Бауыржан Иманғалиев. "Темірбек Жүргенов" еңбегі. Тынышбек Дайрабай "Зобалаң құрбандары (Жүргеновтер әулетінің ақиқаты)".158-162 б.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

ҒТАМР 11.15.81; 17.01.45

Т.ЖҮРГЕНОВ – ӘДЕБИЕТ ЖАНАШЫРЫ

**Оразбақов Айтжан Жұмабайұлы т.ғ.к., Қызылорда университетінің
қауымдастырылған профессоры,
Дүйсенбекқызы Ұлман 212 мектеп-гимназиясының мұғалімі.**

Сырдың бойы қазақ руханиятын қалыптастырған қаншама талантты адамдардың шыққан жері. XX ғасырдың басында қазақ мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар Темірбек Қараұлы Жүргенов. Шығыс пен Батыстың мәдениетін тең игерген жаңа толқынның өкілі болды. Ол кезінде Ырғыз бен Сыр бойы аралығын жайлаған қалың елге белгілі болған, ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын аңғара көзіқарақты жан Қара Жүргенұлының белбаласы. Осындай дәулетті тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды. Сыр бойында дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді. Филолог ғалым Б.Иманғалиев Темірбек Қараұлы жас кезінде Сыр бойының белгілі ақыны Тұрмағамбет пен Досмұхаммед Букиннен 1904-1908 жылдар аралығында білім алғанын, оның шығыс тілдерін, әдебиеті мен мәдениетін атақты шайыр Тұрмағамбеттен үйренгені туралы жазады [1,1 б.].

Темірбек Жүргенов қызмет еткен жылдары діни бағытта Көкілташ медресесін тәмамдаған тарихи тұлғалар ақын Тұрмағамбет Ізтілеуов және тәжік халқының ұлы ақыны Садриддин Айнимен жақсы қарым-қатынаста болды. Оның дәлелі 30 жылдары қазақ мәдениетінің дамуына барлық күш жігерін аямаған Темірбек Жүргеновтың Тұрмағамбет ақынға Шығыстың әдебиет жауһары саналатын Фирдаусидің «Шаһнамасын» парсы тілінен қазақ тіліне аударуы еді.

Бұл туралы Мұхтар Әуезов өз естелігінде 1934 жылы жер жүзінің халықтары Фирдаусидің туғанына 1000 жыл толуын атап өтті. Міне, осы кезде «Шаһнаманы» қазақ тіліне аудару мәселесі көтерілді. Сол кездегі Қазақ КСР-і Оқу халық комиссары Темірбек Жүргенов жолдас тәжіктің классик жазушысы Садриддин Айнимен кез келіп, бір пікірлескенінде, бұған Тұрмағамбет ақынды қатыстыру туралы ұсыныс етеді. Осыдан кейін Тұрмағамбет Қазкрайком арқылы Қызылордадан Алматыға шақырылып алынды. Т.Жүргенов жолдас Тұрмағамбеттен:

- «Шаһнаманы» білесіз бе? Аудара алар ме едіңіз? – деп сұрағанында сол басқосуда мен де бар едім. Оған Тұрмағамбет былайша жауап қайырды: «Шаһнаманың түрікшесі мен шағатайшасын да, парсышасы мен арабшасын да оқыдым. Көптеген жерін жатқа да білемін. Оны аудармай несі бар?» – деді. [2,455,456 б.]

Темірбек Жүргеновтың ықпалымен Тұрмағамбетті Халық ағарту комиссариатына ғылыми қызметкер лауазымына бекітіп, 300 рубль зейнетақы тағайындайды да. Фирдоусидің мерейтойына орай аударма жасауды тапсырады. Тұрмағамбетке бір бөлме дайындап, Фирдоусидің 35 жыл жазған шығармасын оған он бір айдың ішінде аудару жүктеледі. Көрнекті қазақ жазушыларының пікірінше, Тұрмағамбет «Шаһнаманың» еркін аудармасын жасаған. Тұрмағамбет Ізтілеуов 120 мың жолдан тұратын поэманың тек үштен бірін ғана аударып үлгереді. [3,1 б.]

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

Шығыс әдебиетінің көркем шығармасы «Шаһнама» осылайша Темірбек Жүргеновтың ықпалымен алғаш рет қазақ тіліне аударылды. Аударманы қарап қабылдау жөнінде әдебиет, тіл тарих саласындағы маман адамдардан ғылыми комиссия құрылып, (олар жеті кісі – Т.Жүргенов (төраға) профессорлар – С.Асфендияров, Қ.Жұбанов, І.Қабылов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ғ.Тоғжанов) олар мұны сапалы деп бағалайды.

Сталиндік зұлмат жылдары Темірбек Жүргенов пен Тұрмағамбет Ізтілеуовті айналып өтпеді. Белгілі фольклортанушы Мардан Байділдаев айтуынша Темірбек Жүргенов сол тұста республиканың Халық комиссары, қазіргі қызметінде еді. Қазақ мәдениетінің төрт тірегінің бірі саналатын, ұлтымыздың білімі мен мәдениетін, әдебиеті мен өнерін өркендетуге ерекше үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов пен еліміздің бас прокуроры Сүлеймен Есқараев сол жолы араға түсіп, Тұрмағамбет ақынды түрмеден шығарып алады. [1,1 б.]

Темірбек Жүргеновтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі Шаһнамаға кіріспес бұрын ағартушы ғалым, қоғам қайраткері, 1912 жылы қазақтың тұңғыш әліппесін құрастырушы Қоңырқожа Қожықовты ел аралап «Шаһнаманың» аудармаларын тауып әкелуге жұмсайды. Қоңырқожа Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті, ғұлама, ойшыл Сүлеймен Бақырғанидің аудармасын тауып әкеледі. Оған қоса, Молда Ораздың аудармасын да қолына түсіреді.

Қоңырқожа тауып әкелген кітап сопылық ағымдағы әдеби ескерткіштердің XII ғасырдан сақталған аса құнды олжа еді. Бұл түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ туынды, оны жазған Сүлеймен Бақырғани – сопылық ағымның ірі өкілі. Ал Молда Ораз XIX ғасырдың шамамен отызыншы жылдарының ортасынан жетпісінші жылдарына дейін «Шаһнаманың» парсы, араб, шағатай тілдеріндегі нұсқаларынан үш тәржіма жасағанын Темірбек салыстыра отырып оқығанда анықталады.

Қоңырқожа тауып әкелген Сүлеймен Бақырғанидің қолжазбасын оқуға талай түндерін сарп етті. Анықтағаны, бұл қолжазба «Шаһнаманың» толық тәржімасы емес болып шықты. Мұны ол баяғы қадірменді ұстазы Тұрмағамбет ұғындырған дәрістердің өзіне тәжік елінде жүрген кезінде кәдеге асып біршама жетілдіргендей болған тілдік қоры арқасында, парсыша нұсқамен салыстыра отырып анықтады. Ораз молда мен Шәді төре аудармаларының көп сөздері түсініксіз еді. Өйткені бұл ақындар дастанды тек қазаққа ғана емес, барлық Орта Азия халықтарына тәндігін танытатындай етіп, сол кездегі әдеби ортақ тіл деп саналатын шағатайшаға бейімдеп аударғандығына көз жетті. Оны біздің қарапайым қазақтың түсіне қоюы қиын болатын. [4,1 б.]

Белгілі журналист, зерттеуші С.Аңсат Тұрмағамбет туралы мынадай деректер келтіреді. Алматыға келгенде Түрекең сыйлы інісінің үйінде отырғанда, «Ауыл жақтың хабарын айта отырыңыз» деген сауалға:

- Елімнің көлі кетіп, шөлі қалды,
Төренің төресі кетті де, төбеті қалды.
Адамның алымы кетті де, залымы қалды.
Мал дегенде есек қалды,
Үй дегенде кесек қалды.
Ерлі-зайыптылар екі айырылып,
Құр қаңырап төсек қалды,, –деп, Тұрмағамбет ақын әлі жарасы

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

жазылмаған алапат аштықтан кейінгі елдің жайын бейнелеген. «Қабырғаның да құлағы бар» дегендей, осы әңгіме чекистерге жетіп «қылмысы қоюлана» түскен. [4,1 б.] Кеңес өкіметіне қарсы өлең шығарды деген желеумен тағы да абақтыға қамалады. Осы тұста тағы да Т.Жүргенов пен С.Есқараев араласып, Тұрмағамбетті түрмеден шығарып алған. 1938 жылы Темірбек Жүргеновтың өзі «халық жауы» деп ұсталып, осы жылдың 25 ақпанында саяси-қуғын сүргін құрбаны болғаны тарихтан белгілі. Бұл «Шаһнама» дастанын аудармасының аяқталған кезі еді. Осы кезде Тұрмағамбет жары Рабиғаға өзінің барлық қолжазбаларын жинап, тығып қоюды тапсырады. Кейіннен Рабиға жарының жазбаларын бастапқыда киізге орап, кереге астына тығып сақтағанын, алайда тергеушілер қояр да қоймас болғасын. Тұрмағамбеттің туған ауылына апарып көміп тастағанын айтады. Тұрмағамбет ақын да қамауға алынып, түрме «дәмін» тағы татады. Бұл жолғы оған «Шаһнама» дастанын аударуды ұсыныс еткен Темірбек Жүргеновпен жерлес-туыстығы кінә болып тағылып, Қазалы уезінің абақтысына жабылады.

Темірбек Жүргенов Түркі халықтарының әдебиетін зерделеп, өсу, жаңару үдерістерін үнемі назарында ұстап отырды. 1928 жылы оның «Пролетариат дәуіріндегі татар әдебиеті» деген талдауы татар және орыс тілдерінде «Қызыл Татарстан», «Красная Татария» газеттеріне жарияланып, оған қоса «История татарской литературы», «Язык, письменность и литература в мире человечества» және «Татарская литература в эпоху пролетарской диктатуры» атты еңбектері 1930 жылы басылып шыққан.

Темірбек Жүргеновтың негізгі мамандығы заңгер. Тума талант болғаннан кейін араб, парсы, шағатай, өзбек, түркімен, татар, башқұрт тілдерін жетік меңгерген, тек қазақ әдебиеті ғана емес, әлем әдебиетінің жауһарларымен сусындап өскен, ұлан-асыр біліктілігімен танылған тұлға. Білім-біліктілігінің арқасында Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсіреповтердей қазақ әдебиеті алыптарының шығармаларына талдау жасап, оларға бағыт-бағдар беріп, әдеби пікірталастарда батыл ұстанымы болған. Ұлтжандылығының арқасында қазақ даласындай айқара ашылған кең құшағына Жамбыл Жабаев, Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Шара Жиенқұлова, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин, Ахмет Жұбановтардай талант иелерін сыйдырған.

1934 жылы Ахмет Байтұрсынұлы мерзімінен бұрын түрмеден босатылып, Алматыға оралып, тұрақты жұмысқа қабылданбай, қаржылық тапшылық көріп жүргенде Темірбек Жүргенов оған 300 рубль ақша бергізеді. [5,1 б.]

Қайраткер 30 жылдардың басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуға» рецензиясын атап айту жөн. Автордың пайымдауынша ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. «Өнер өнер үшін емес, өнер әлеуметтің мұң-мұқтажына, арман тілегіне қызмет көрсесуі тиіс!» - дейтін өзекті ой Темірбек Қараұлының қаламынан қорытылып шыққан мақаласында жалғасын тапты. 1928 жылы жазылғанымен содан бергі сахналауға рұқсат берілмей келген М.Әуезовтың «Хан Кене» пьесасын алғаш драма театры репетиуарына енгізген – Т.Жүргенов. «Хан Кенені» тірілткен Темірбек Қараұлы – өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндегі тарихи сабақтастық принципіне ұластырған сыншы

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Темірбек Жүргенов Пушкин шығармашылығына да баға берушілердің бірі. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевқа да берген бағасы жоғары. Темірбек қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Белгілі өнер майталманы Құрманбек Жандарбеков ол туралы: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз», - дейді. Ал академик А.Жұбанов: «Жүргеновтың кабинетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік», – деп, өнер басшысының қажыр-қайратын жоғары бағалайды. Жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жүргенов – тілді де тісті, жігерлі іскер адам», – деп, талантына ерекше ден қойып, ыстық ілтипатпен еске алады. «Біз қазақ мәдениетінің шырқау шырқандары үшін Темірбек рухының алдында қарыздармыз» – деген еді. Әбіш Кекілбаев. [5,1 б.]

Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның жазушылық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Қазіргі уақытта Ағарту комиссарының 7 кітап, 150-ден аса әдеби-публицистикалық мақала жазғаны белгілі болып отыр. Атап айтқанда «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Саяси экономия», «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» атты еңбектері бүгінгі ұрпақ үшін өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Темірбек Жүргенов 30 жылдардың өзінде қазақ мәдениетінің дамуына өзінің зор үлесін қосты. 30 жылдардың басында Голощекин лаңынан кейін тұралап жатқан ұлттық білім мен мәдениеттің тамырына қан жүгіртіп 400 мектеп салдырып, қазақтың «Луначарскийі» атанған ағарту комиссары еске түседі. 1936 жылы Мәскеудегі сәтті өткен қазақ өнер декадасы, «Шаһнаманың» тұңғыш қазақшаға аударылуы, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін өзі басқаратын мәдениет комитетінің қарауына алған ұлтжанды азамат ойға оралады. Осындай іргелі, игілікті істерді басқарып, ел үшін құрбан болған Темірбек Қараұлы Жүргеновтың есімі мәңгі тарих жадынан өшпейтіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Елубаев Д. Тұрмағамбеттің тағдыры. Oskan-onir.kz. 10 қыркүйек, 2018 ж.
2. Алматы А., Мырзабай Б. Темірбек Жүргенов. Астана, 2014. 573 б.
3. Әбден А. Тұрмағамбет жырау. E-history.kz. 17 қазан, 2019 ж.
4. Аңсат С. Темір Нарком. Turkystan.kz. 17 наурыз, 2023 ж.
5. Иманғалиев Б. Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың туғанына –120 жыл egemen.kz. 19 қазан, 2018 ж.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ГРНТИ 03.20

ДАНАБЕКОВА ДИНАРА ИБАДИЛЬДАЕВНА
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ- АСҚАН ДАРЫНДЫ КЕМЕҢГЕР, МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Мәдени революцияның жетістіктері шын мәнінде халықтың үлкен еңбегінің, күш-жігерінің, табанды және ұзақ күрестің арқасында қол жеткізілді. Мәдени революция жаңа мәдениет үшін күресте, қиғаш және зиянды дәстүрлерге, надандық пен мәдениетсіздікке қарсы бұқара мен зиялы қауымның ортақ күш-жігерін біріктіруге және бағыттауға арналған көптеген талантты ұйымдастырушыларды тарихи сахнаға шығарды. Оларға Темірбек Жүргенов тетиесілі екені даусыз.

Терең және кең білімі бар жоғары мәдениетті адам Темірбек Жүргенов өзінің сынында ешқашан командалық айқай мен өрескел келіспеушілікке жол бермеген. Ол жұмсақ әзілмен ерекшеленді: ол өзінің ескертулерін жиі әзіл-қалжың түрінде айтатын. Бірақ ол дұрыс емес ұғымдар мен көзқарастарға қарсы өткір ашық өз ойын білдіретін. Нәзір Төреқұлов «Темірбек жас та болса, алғыр, принципті жас жігіт болатын»- деп мәлімдеді.[1.263б]

Қазіргі уақытта оның жазу және жаңа қазақ әліпбиі мәселелері бойынша мақалалары, әсіресе оның тіл құрылысындағы консервативті ұлтшылдық тенденцияларын сынауы өзекті болып отыр. Соңғысы өзара әрекеттесу процесін және халықаралық терминдерді, шет тіліндегі сөздер мен ұғымдарды ұлттық тілдерге енгізу мүмкіндігін, шетелдік лексиканың озық прогрессивті дәстүрлерін органикалық қабылдауды және құрылымдық-грамматикалық құрылыстың тәжірибесінен көрінді.

Жүргенов қазақ тіліне шет тіліндегі сөздерді, ұғымдар мен терминдерді оғыл және ойланбастан енгізудің жақтаушысы болған жоқ. "Ана тілінде тиісті адекваттарды іздеу керек", - деп шақырды ол. Сонда ғана біз қазақ сөздерінің қорынан осы уақытқа дейін болмаған ұғымдарды толық білдіре алатын неғұрлым бейнелі сөздерді еркін таңдауға және жекелеген авторлардың сөздерді еркін және шебер таңдауы арқылы жаңа терминдер жасауға мүмкіндік береміз...»деген.

Т.Қ.Жүргеновтің 30-шы жылдардағы қазақ әдебиеті мен өнерінің өрлеуіндегі ерекше жемісті рөлі жалпыға бірдей танылды. Бұл туралы Қазақстанның көптеген көрнекті өнер қайраткерлері – Ғ.Мүсірепов, С. Мұқанов, А. Тәжібаев, Ж. Арыстанов, С. Қожамқұлов, Қ. Байсейітова, Е. Брусиловский, Қ. Жандарбеков, А. Жұбанов, М. Қаратаев, А. Қастеев және т. б. өз естеліктерінде, мақалалары мен монографияларында жазды. Олардың көпшілігін ерекше құзыреттілік, үлкен қызығушылық, партиялық принциптілік және идеялық мақсаттылығы таң қалдырды, ол әрқашан құнды бастаманы, маңызды бастаманы, кімнен шықса да қолдауға дайын болды.

Т.Қ.Жүргеновтің тікелей басқаруы-ұйымдастыруымен мемлекеттік қолдау аясында асыра жүзеге асыру барысында «рухани өмірдің бүкіл саласын» қамтыды. [2. 1т 26 б]

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Темірбек Жүргенов халық өнерінің үлкен білгірі болған, өзі өте дарынды тұлға болған; өлең жазған, домбырада шебер ойнаған. С. Қожамқұловтың сөйлеген сөздерінің репертуарына көп жылдар бойы Жүргеновтің өлеңдері енген, революцияға дейінгі шыққан өлеңінде пара алушының арам бейнесі шығарылған "бастық кезіндегі Аудармашы" сатиралық өлеңі ерекше табысқа ие болды

Жүргенов өткеннің көркемдік мұрасына қамқорлықпен қарады. Т.Қ. Жүргенов қазақ халық музыкалық өнерінің шығармаларын зерттеу және шығармашылық игеру ісінде көрнекті музыканттар мен хореографтар А. В. Затаевичтің, Әли Ардабустың, И. В. Коцықтың және басқалардың ізденіс еңбегін жоғары бағалады және жан-жақты қолдады. "Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін қазақ эпосы белгісіз болды, – деп жазды Жүргенов. Қазақ эпосы - халық шығармашылығының бай қазынасын білдіреді. Кеңес өкіметі кезінде азаматтық құқығын алған домбыра қазақ өнерінің шеберлерінің қолында виртуоздық музыкалық биіктерге көтерілді". А.В. Затаевичтің "қазақ халқының 1000 әні" кітабында ол "Сыр-Дария әндерінің негізін қалаушы" деп аталды. 1924 жылы ол өзінің үлкен кіріспе мақаласымен "Терме" ("жинақ") атты Қазақстан ақындарының әндер мен өлеңдер жинағын жасап шығарды. Толықтырылған және пысықталған мәтін жинақ 1936 жылы Мәскеудегі Қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші онкүндігінде орыс және қазақ тілдерінде қайта басылды.

Ол халық эпосының, фольклордың үздік дәстүрлерін шығармашылықпен пайдалануды және дамытуды жақтады, Мұхтар Әуезов пен республиканың музыкалық студиясының жас ұжымын "Айман-Шолпан" атты алғашқы қазақ музыкалық-драмалық пьесасының фольклорлық негізі бар жұмысында қызу қолдады. Ол Жамбыл мен Нұрпейіс Байғанинмен қатар бірқатар жаңа дарынды ақындарды, халық композиторлары мен аспапшыларды ашуға Қазақстанның жас театрларын талантты түйіршіктермен толықтыруға мүмкіндік берген I бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлерінің слетін (1934 ж.) ұйымдастырушы болды.

Жүргеновтің еңбектерінде Қазақстанның революцияға дейінгі мәдениеті тарихының проблемалары көрініс тапты. Оның еңбектерінде алғаш рет Мұхит, Ақан-сері, Біржан, Құрманғазы сияқты бірқатар халық ақындары мен композиторларының шығармашылығы дұрыс бағаланды. Ол XIV ғасырдағы аңызға айналған ақын - философ Асан-Қайғының "Жерұйық" ізденістерін поэтикалық түрде сипаттаған поэтикалық мұрасын өте жақсы көрді және бағалады.

Жүргенов әрдайым өнер мен ғылымдағы партиялылық пен шынайы ұлт үшін үнемі күрескен. Сонымен бірге, ол лениндік сөздерді қайталаудан жалықпады, біз өткен мәдениеттегі барлық жақсы дәстүрлерді мұра етеміз, тек оларды мұқият сақтаумен шектелмейміз. Оның досы Арбап Сарынов өзінің естеліктерінде Темірбектің өткен халық өнерінің тірі тасымалдаушыларын іздеудегі қажымастығын атап өтті, бұл көптеген замандастарды республиканың көптеген аудандарының салт-дәстүрлерінде, көркемдік дәстүрлерінде, тұрмыс ерекшеліктерінде, киімінде, музыкалық және тілдік нюанстарында әр түрлі жергілікті реңктердің қызығушылықтары мен білімдерін қамтудың тереңдігі мен ерекше кеңдігі таң қалдырды.

Халық комитеті мәдени байланыстар мен алмасу мәселелеріне, Мәскеу, Ленинград, Киев университеттерінде ұлттық өнерге жаңа кадрлар даярлауға көп көңіл бөлді. Ол

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Станиславский жүйесінің, орыс сахналық өнерінің, орыс кескіндемесінің ынталы насихаттаушысы болды. Ол Станиславскийдің ізбасарларының бірі-қазақ режиссері Жұмат Шанинге үлкен қолдау көрсетті. Жүргенов халықтық таланттарды іздеп, оларға барлық жағынан қолдау көрсетіп, оқу мен жұмыс істеу үшін қажетті жағдайлар жасады. Оның кеңесі бойынша қазақ суретшісі Әбілхан Қастеев Мәскеуге оқуға барды. Қазақ КСР-нің болашақ тұңғыш Халық суретшісі А.Қастеев оның ұсынысы бойынша ең көне этнограф-суретші Н.Г.Хлудовтың шеберханасына қабылданды.

Жүргенов өзінің талантымен қазақ ұлттық операсының (оның ішінде қазақ музыкалық театрының), кино өнерінің, қазақ драматургиясының зор дамуына ықпал етті. Ол халық өнері қайраткерлерінің І Бүкілқазақстандық слетін шақыруға белсенді қатысты (1934 жылғы маусым). 1936 жылы Жүргеновтың бастамасымен Алматыда Ұйғыр халқының мәдениет қызметкерлерінің конференциясы өтті. Онда Мәскеуде әдебиет пен өнердің бірінші онкүндігін дайындау және өткізу кезеңінде ұйымдастырушының таланты шынымен ашылды (мамыр, 1936). Онкүндік қорытындысы бойынша Т. Жүргенов, Қ. Байсейітова, С.Сейфуллин және Жамбыл Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды. "Онкүндік, - деп жазды Т. Жүргенов, - ең алдымен, халықаралық қарым-қатынастың, шығармашылық оқудың жаңа түрі болды". Ол көркем мәдениеттің одан әрі ілгерілеуін мәдени өзара іс-қимылдың, қазақ халқының КСРО-ның барлық халықтарымен халықаралық рухани қарым-қатынасының тереңдеуі мен қарқындылығынан көрді. Т. Қ. Жүргенова орыс және әлемдік мәдениеттің жетістіктерін кеңінен игеруді белсенді қолдады, республикада аударма ісін кеңейту және жақсарту мәселелерін іс жүзінде шешуге тырысты. Мысалы, ақын Т.Ізтілеуовке ұлы парсы-тәжік ақыны Фирдоусидің "Шах-наме"туындысын аудару бойынша жұмысында көмек көрсетті.

Қазақстандағы мәдени революцияның талантты ұйымдастырушыларының бірі, адал және қағидатты коммунист, Темірбек Қарайұлы Жүргенов соңғы күндерге дейін қалып келген үлкен сүйкімділік пен мейірімділік адамының көрінісі. Ол Қазақстанның еңбекшілері, коммунистері арасында жалпыға бірдей құрмет пен беделге ие болды, мұның көрінісі Қазақстан Компартиясының І съезінде ол Орталық комитеттің мүшесі болып сайланды, Қазақстан КП(б) орталық комитеттің бірінші ұйымдастырушылық пленумында - Орталық комитет бюросының мүшесі болды.

Темірбек Жүргеновтің жүзеге асырған ұлттық-мемлекеттік ұлы істері ұмтылмас нағыз асыл мұра болды. Ол сол 1924 жылдың өзінде-ақ қазір Қазақстан Республикасының жер аумағы- территориясы бойынша дние жүзінде тоғызыншы орындағы мемлекет болуына өз үлесін қосып кеткен озық қайраткер еді.

1926-1928 жылдарда тұңғыш Қазақ Жоғары педагогикалық институтының тұңғыш ректоры қызметінде оқу бітіргендер тек қана мамандық деңгейде емес, Қазақстанға өте қажет қоғамдық қызмет атқаруға дайындалған «педагогами-общественниками» болатын білім алуын озық ұйымдастырған ең бірінші ректор, дарынды Темірбек Жүргенов еді.

1929 жылы Темірбек Жүргенов Тәжікстан ОАК және Үкімет мүшесі, қаржы халық комиссары қызметтерінде республика қаржысының толығы мен жұмсалуын жүйелі ұйымдастырып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына еселі үлес қосты.

1933 жылға дейін 5-ақ жоғары оқу орындары болған республикада 10 институт, 1 университет аштыртып, жоғары оқу орындарын 16-ға көбейттіріп, халық ағарту

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

комиссариатын басқарған жылдары «республикадан тысқары университеттер мен институттардан 3000 адам мамандық» алуын ұйымдастыруы нәтижелерінде зияткерлік күштердің Қазақстанда тұңғыш рет көбірек дайындалуын ең бірінші жүзеге асыртқан дана басшы Темірбек Жүргенов болды. [3,224б].

Темірбек Қарайұлының өмірі мен қайғылы түрде аяқталды, ол өзінің қырық жылдығына да жете алмады. Т. Қ. Жүргенов 1937 жылы 2 тамызда қамауға алынды: ұлттық фашизмге жалған айып тағылды, "халықтың жауы" деп аталды. Ол 1938 жылы 3 қаңтарда Қазақ КСР-нің КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының сотына жататын адамдардың "Сталиндік тізімдеріне" енгізілді. 1938 жылы 25 ақпанда ең жоғары жазаға кесіліп, атылды.

Қазақ КСР КП (б) ОК бюросының 1938 жылғы 28 маусымдағы "дұшпандық әдебиетті алып қою туралы" шешіміне сәйкес қазақ, орыс тілдерінде 97 кітап, брошюралар тәркіленді. Негізінен авторлар: С.Асфендиаров, А.Әлібаев, о. Беков, А. Байдалдин, и. Жансүгіров, М. Жолдыбаев, Т. Жүргенов, А. Конратпаев, Н. Нұрмақов, Ө. Құлымбетов, и. Құрамысов, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, ж. Сарымұлдаев, С. Сейфуллин, Ж. Сыздықов, Ғ. Тоғжанов, Т. Шонанов. КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының шешімімен 1957 жылы 18 сәуірде Темірбек Қарайұлы Жүргенов қылмыс құрамының жоқтығынан толық ақталды. [4].

Т. Қ. Жүргенов Қазақстанның көптеген мәдениет және өнер қайраткерлерінің жан дүниесінде із қалдырды. КСРО Халық әртісі Күләш Байсейітова, композитор Ахмет Жұбанов пен Евгений Брусиловский өз мақалалары мен естеліктерінде Жүргеновтың Қазақстанның шығармашылық зиялылары арасында қолданған зор беделі мен құрметі туралы айтады. Ол бұл беделге өзінің жоғары және жан-жақты мәдениетімен, өнерді нәзік түсінуімен, оның дамуына шынайы қамқорлығымен лайық болды.

"Темірбек Жүргенов-ақылды және байсалды жас қазақ, сыр-Дария әндерінің негізін қалаушы, маған Хиуадан шыққан Қоңырат тектес әндердің өте құнды хабарламаларын берді. Өкінішке орай, менің барлық күш-жігеріме қарамастан, мен оның Отанының ескі ән шығармашылығында бұл адамның кең хабардарлығын толық пайдалана алмадым!» деп жазды Александр Затаевич.

Қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі, ҚазССР халық әртісі Қанабек Байсейітовтың естеліктері: "Қыз Жібек" операсын Брусиловскийге Қазақстанның ағарту халық комиссары Темірбек Жүргенов ұсынды. Ол оны ұзақ уақыт бойы өзіне шақырды, даладағы осы сүйікті аңыздың мазмұнын қызығушылықпен айтты. Содан кейін ол оны жаңадан құрылған Қазақ мемлекеттік музыкалық театрының редакторы етіп тағайындағанын және жоғары шығармашылық, жедел жұмысқа шақыратынын айтты. "Болашақ опера үшін Затаевич жинаған "қазақ халқының 1000 әні" жинағын пайдаланды. Сонымен қатар, бізде көптеген әншілер бар, олардың репертуарында 10-12 белгісіз әндер бар, олардың барлығын тыңдаған жөн. Сізге не қажет және таңдаңыз. Бізге тек жақсы опера жазыңыз!" - деп ол әңгімені аяқтап, телефонға келіп, театр режиссері Жұмат Шанинге қоңырау шалып, "Қыз Жібек" музыкасын Брусиловский жазатынын жариялады және үш күннен кейін оған орыс тілінде либретто дайындауды өтінді.» [5,2б].

Темірбек Қарайұлы Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (ҚазҰӨА) 1955 жылы ҚазКСР Халық әртісі А.Т. Тоқпанов атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының жанынан ашқан кезден бастап өз тарихын жүргізеді. Құрманғазы

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

театр факультеті. 1977 жылы оның базасында Алматы театр-көркемсурет институты құрылды. Театр және өнер факультеттеріне студенттерді алғашқы қабылдау 1978 жылы жүзеге асырылды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысы бойынша 1989 жылғы 28 қаңтарда Мемлекеттік театр көркемсурет институтына отандық мәдениет пен өнердің дамуына зор үлес қосқан Қазақстанның тұңғыш Халық ағарту комиссары Темірбек Қарайұлы Жүргеновтің есімі берілді. 1993 жылы Т.Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институты Қазақ мемлекеттік театр және кино институты болып қайта құрылды. Сол жылы "Кино және Теледидар" факультеті ұйымдастырылды. 1994 жылы 22 маусымда қазгитик жанындағы Жоғары хореография мектебі құрылды, кейіннен хореография факультетіне айналды. 2000 жылы Қазақ мемлекеттік театр және кино институтының бірігуі негізінде. Т. Жүргенов пен Қазақ Мемлекеттік өнер академиясы Т. Жүргенов атындағы Қазақ Мемлекеттік өнер академиясы болып қайта құрылды. ҚазҰӨА оларға ерекше мәртебе берді, ҚР Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі Жарлығымен. Оның еңбектері мен сөйлеген сөздері мемлекет пен жұмысшылардың мәдени құрылыс, халықтың рухани өмірін терең өзгерту саласындағы орасан зор жасампаз жұмысын шынайы және айқын көрсетеді. Ол 1930 жылдардағы Қазақстандағы мәдени революцияның қиын кезеңінің тамаша зерттеушісі және шежірешісі болды.

Түйіндеме. Бұл мақалада Темірбек Жүргенов туралы бұрынғы зерттеулерде көрсетілмеген көп нақты деректер қамтылған, солардың негізінде оның жасампаздығы мен жеңімпаздығы айқын көрсетілген.

Темірбек Жүргенов-асқан дарынды кемеңгер, мемлекет қайраткері.

Темирбек Жургенов-талантливый государственный деятель.

Temirbek Zhurgenov is a talented statesman.

Кілт сөздер. Мәдени революция, көркемдік мұра, сауаттандыру, өнер. Культурная революция, художественное наследие, просвещение, искусство. Cultural revolution, artistic heritage, enlightenment, art.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Ғ.Әнес, Е.Арын «Темірбек Жүргенов», таңдамалы. Алматы, 2001ж
2. «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясы» екі томы, Алматы, 1984, 1987ж
3. «Нәубәт», Алматы, 1990ж
4. Е.Арын. «Жүргенов нарком боп жүргенде..» «Егемен Қазақстан» газеті, 18.11.1998ж
5. Л.Варшавская, И.Самигулин газета «Известия-Казахстан». 11.11.2005ж

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ҒТАМР 12.21.41; 17.07.61; 18.07.23

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ҚАЗАҚ АУДАРМА ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

АБДИХОДЖАЕВА Н.Б., АЛТАЕВА З.Ж.

Қ. Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп- гимназиясы

Мәдениетіміз бен руханиятымыздың дамуына, өрістеуіне көз жіберсек оның бүгінгі жетістікке жетуіне қазақтың дара тұлғаларының ықпалы аз болмағандығын көреміз. Ұлт руханиятының кемелденуіне ерекше әсер еткен қоғам қайраткерінің бірі – Темірбек Қараұлы Жүргенов. Темірбек Жүргенов – қазақ мәдениеті мен өнері, әдебиетінің дамуы, білім беру ісінің өркендеуі секілді ауқымды істердің ұйытқысы болып, халық үшін сіңірген еңбегімен танылған талантты мемлекет қайраткері. Оның есімі тек қазаққа ғана емес, исі түркі жұртына мәлім. Ұлттық мәдениетке жан бітіріп, қазақ топырағында ұлттық опера өнерін дүниеге әкелген, қазақ мектептерін салдырып, жаппай сауаттандыру жұмыстарын жандандырған, мәдени өмірдің мұқалмас жанашыры бола білген Темірбек Жүргенов секілді дара тұлғалардың жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда орны ерекше. Жас ұрпақ тәрбиесінде тарихи тұлғалардың болмысы мен мол мұрасын жиі насихаттау туған елімізге деген сүйіспеншілікті арттыра түсері сөзсіз.

Темірбек Жүргеновтің азаматтық ажарының қалыптасуына ұстаздарының ықпалы зор болған. Ол ауыл мұғалімі Мұхамеджаннан білім алады, кейін танымал ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлынан сабақ алады. Шығыс поэзиясынан терең сусындаған ағартушы шәкірттерінің санасын кемелдендіре түседі. Бұл туралы Темірбек Жүргенов: «Тұрмағамбет ақын нәзік жанды, қайырымды адам болатын, оның бір қасиеті – күнделікті тұрмысқа байланысты мәселелерді шешкен кездегі тамаша әділеттілігі. Ол тәкаппарлықты, өзінің әл-ауқатымен, шыққан тегімен, мансабымен текке мақтанушылықты жек көретін, ал адамды бағалайтын басты қасиет оның ақыл-ойы, білімі, адамгершілігі, өнегелі ісі мен мінез-құлқы екендігін әрқашан баса көрсетіп отыратын», – дейді естеліктерінде [1.17]. Тұрмағамбет Ізтілеуұлынан алған білімі, тәжік, ескі өзбек тілдерін үйренуі Темірбек Жүргеновтің кейін Тәжікстан мен Өзбекстанда қызмет еткен кезде кәдеге асқаны анық.

Өнегелі тәрбие мектебінен өткен Темірбек Жүргенов өз қызмет жолында шұғыл түрде елді сауаттандыру, өнер мен әдебиетті өркендетуді қолға алады, мектеп жүйесін кеңейту, оқу кітаптарын молайту, оқытушы кадрлар даярлау жұмыстарына белсене кіріседі. Қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төгеді. Темірбек Жүргеновтің қайраткерлігі, іскерлігі, таланты талай марғасқаларды тәнті етеді. Домбыра тартып, әнді де жақсы салатын өнері болғандығын А.Затаевич: «Сырдария өлкесінің өлеңдерін өте көп білетін интеллигент, байсалды жас қазақ Темірбек Жүргенов маған Хиуадан шыққан қоңырат руының өлеңдерінен ерекше бағалы хабар берді...», – деп жазады [2.511].

Ол халық өнерін, ауыз әдебиетін жетік білген. Темірбек Жүргеновтің халық ауыз әдебиетін жинаушы әрі жинақ құрастырушы ретіндегі қабілетін этнограф Тынышбек Дайрабай «Тұғыры биік тұлға» атты кітабында кеңінен көрсетеді: «... ол Ташкент қаласынан шығып тұрған «Сана» журналына қосымша ретінде «Терме» жинағын

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

құрастырды. Жинақтың редакциясын басқарған Темірбек Жүргенов еді»[3.32]. Жинақ атынан көрінгендей әр жылдардан, әртүрлі мәселелер қамтылғандықтан «Терме» аталған. Бұл туралы жинақтың алғысөзінде берілген. Жинақ бес бөлімнен тұрады: 1. Тәрбие бөлімі. 2. Білім бөлімі. 3. Көркем әдебиет бөлімі. 4. Халық әдебиеті бөлімі. 5. Сын және аударма бөлімі. «Терме» жинағы – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылуымен аса құнды.

Темірбек Жүргеновтің қазақ әдебиетінің жанашыры ретінде атқарған еңбектерінің бірі әрі бірегейі қазақ аударма өнерінің дамуына үлес қосуы еді. Ол дүр ақын, парсы әдебиетінің көрнекті тұлғасы Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнама» дастанын қазақ тіліне тәржімалауға ерекше ықылас танытады.

«Шаһнаманы» қазақ тіліне аудару ісі XVIII ғасырдың соңғы ширегінен бастап қолға алынады. Әдебиет тарихын зерттеушілер пікірлеріне сүйенсек, оны алғаш қазақ тіліне аударушылардың бірі – Ораз молда. Ораз молда қазақ әдебиетіне шығыс сюжетін алғаш әкелушілердің бірі. Ол араб, парсы тілдерін жетік білген. Бұхара медресесінде білім алған ақын Фирдоуси, Низами, Навои, Физули шығармаларымен жақсы таныс болған. Ораз молда аудармасы туралы XX ғасыр басында және одан кейінгі жылдары әдебиетші-ғалымдар тарапынан пікірлер айтылды. Мәселен, Темірбек Жүргенов 1936 жылғы 17 мамырдағы «Известия» газетіндегі «Жерұйық» атты мақаласында: «Бұл түркі тілдеріндегі халықтар тіліне аударылған ең толық аударма», – деген пікір білдіреді [4].

«Шаһнаманы» аударушылар туралы айтқанда белгілі журналист-ақын Мұхаммеджан Сералин есімін айтамыз. Ол дастанның бір тарауы – «Рүстем – Зораб» поэмасын қазақ тіліне аударған. Бірақ түпнұсқадан емес, В.А. Жуковскийдің аударған орыс тіліндегі нұсқасын аударған.

Қазіргі күнге дейінгі Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнама» дастанының біздің қолымыздағы бар неғұрлым толық нұсқасы – Тұрмағамбет Ізтілеуұлының аудармасы. «Шаһнамамен» қазақ оқырмандарын таныстырған осы – «Рүстем – Дастан». 1934 жылы парсы әдебиетінің классигі Әбілқасым Фирдоусидің мың жылдық мерейтойы дүниежүзілік деңгейде тойланып өтеді. Ақынды әлемге танытқан шығармасы «Шаһнама» бірнеше тілге аударылып жатады. Осы кезде «Шаһнаманы» қазақ тілінде сөйлету мәселесі көтеріліп, шығыс тілдерін жетік білетін мамандар іздестіріледі. Ұлттық әдебиеттегі үлкен істі қолына алған Темірбек Жүргенов мұндай жауапкершілікті істі атқара алады-ау деген шығыс тілдері мен әдебиетін жетік меңгерген қазақ ақындары мен аудармашылары арасынан бір кездері өзі білім алған ұстазы Тұрмағамбет Ізтілеуұлына тоқтайды. Сол кезде Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының басшысы қызметін атқарған Тұрмағамбеттің шәкірті Темірбек Жүргенов өз ұстазының қарым-қабілетіне сеніп, атақты шығарманы аударуға ұсыныс жасайды. Ақын келісімін алған соң мемлекет басшысы Л.И. Мирзоянның рұқсатымен Тұрмағамбетті Алматыға алдырып, шығармашылықпен айналысуға жағдай жасайды. Бұл жайды Мардан Байділдаев былай жазады: «Тәжікстан мен Өзбекстанда біраз жылдар (1922-1933) республиканың басшысы қызметінде болып келген Темірбек Жүргенов «Шаһнаменің» қазақ тіліндегі ғана емес, туысқан Орта Азия халықтарының тілдеріндегі нұсқаларын да жинады. Жиналған бұл нұсқалардың бәрін толық меңгере отырып, оны қазақшаға аударуға қабілеті жететін маман адамдар республика көлемінен іздестірілген кезде, бұл жұмысқа Тұрмағамбетті қатыстыру жайында Оңтүстік Қазақстан

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

облысынан ұсыныстар жасалады. Бұл кездерде Жүргенов жолдас тәжіктің, өзбектің ақын-жазушыларымен де пікір алысқан»[5.20].

«Шаһнама» дастанын аудару ісі жөнінде Тұрмағамбет ақын:

О, баста оқығасын парсы, араб,
Жазушы ем романдар оған қарап.
Ұнатып оларымды оқығандар,
Ішкендей есіруші еді шарап.
Ондайша өнерімді есіткен соң,
Жүргенов шақырып ап шашын тарап.
Бұйырды «Шаһнаманы» сөз қылуға,
Ойласып Мирзоянмен ойға сарап.
Бедеудей «болады» деп басым шұлғып,
Күйіме күннен-күнге түстім жарап...
Өлеңмен он бір буын он ай жазып,
Бітірдім ойды оятып, қозғап миды.
Алдырып Алматыға ардақтады,
Оңаша өз алдына беріп үйді...– дейді.Сырдың қос перзенті әлемдік

деңгейде маңызды болып саналатын «Шаһнаме» аудармасына бел шеше кірісіп, осылай сәтті аяқтайды.

Белгілі қаламгер Ө.Тұрманжанов «Қызыл ту» газетінде «Шаһнама» дастаны жайында» деп аталатын мақала жариялайды. Мақалада Тұрмағамбет аудармасына байланысты пікірден гөрі ақынның «Шаһнаманы» аудару тарихына байланысты мәселелер көбірек сөз етіледі. Мақала авторы Т.Жүргенов пен Т.Ізтілеуұлы арасында «Шаһнаманы» аудару ісіне байланысты болған әңгімені: «Сол кездегі Қазақ ССР Оқу Халық Комиссары Т.Жүргенов жолдас тәжіктің классик жазушысы Садриддин Айнимен кез келіп, бір пікірлескенінде, бұған Тұрмағамбет ақынды қатыстыру туралы ұсыныс етеді. Осыдан кейін Тұрмағамбет Қазқрайком арқылы (ол кезде Мирзоян секретарь еді) Қызылордадан Алматыға шақырылып алынды. Т.Жүргенов жолдас Тұрмағамбеттен: – «Шаһнаманы» білесіз бе? Аударма алар ма едіңіз? –деп сұрағанында сол басқосуда мен де бар едім. Оған Тұрмағамбет былайша жауап қайырды:– «Шаһнаманың» түрікшесі мен шағатайшасын да, парсышасы мен арабшасын да оқыдым. Көптеген жерін жатқа білемін. Оны аудармай несі бар, – деді деп еске алады [6.33]. Сондай-ақ, аударманы жариялау үшін жеті адамнан тұратын комиссия құрылып, Тұрмағамбет аудармасын Ө.Тұрманжановтың редакциялағанын да осы мақаладан біле аламыз.

Тұрмағамбет «Шаһнаманы» 1936 жылы аударғанымен, ол сол кездегі идеологиялық саясатқа байланысты жарыққа шықпай қалады. Араға 24 жыл салып, 1961 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан «Рүстем – дастан» деген атпен басылып шығады. Ақын аудармасының жалпы редакциясын Әбділда Тәжібаев басқарса, редакциялаған арнаулы редактор Өтебай Тұрманжанов, ал баспаға әзірлеген Мардан Байділдаев. «Рүстем –Дастанға» алғысөз жазған Мұхтар Әуезов: «...Осы баспада оқушыға ұсынылып отырған «Рүстем–дастан» жыры Фердаусидің «Шаһнамасынан» жасалған аударма емес. Ол арғы-бергі (соның қатарында Фердаусидің де еңбегінен ауысқан) ауызша да, жазбаша да хикаялардың бәрінен құралып, қазақ халқы арасында ертегіше

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

тарап кеткен батыр жорықтарының жиынтық жыры. Өлеңмен жыр етуші Тұрмағамбет ақын бұл жөнінде XIX ғасырда қазақ ортасында көп жайылған Шығыс аңыздарының өлеңге айналатын дәстүрін қолданған.

... мынау еңбекті Фердаусидің «Шаһнамасынан» тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фердауси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз», – деп баға береді [7.7].

«Шаһнама» дастанын аудару жұмыстары жөнінде Сәби Аңсат өз мақалаларында мынадай пікір келтіреді: «Нарком Жүргенов Әбілқасым Фирдоусидің әлем әдебиетінің жауһары саналатын «Шаһнамені» өзінің ұстазы, Сыр сүлейі Тұрмағамбетке аудартуды ойластырған.

...Тұрмағамбет Ізтілеуовті Алматыға алдыртуының негізгі себебі Ә.Фирдоусидің 1000 жылдығына Қазақстан мемлекетінен «Шаһнамені» аудартып мерейтойға тарту жасау болса, екінші себебі, Мир-Араб, Көкілташ медреселерінде білім алғаны, өлеңдерінің соңына ауыз әдебиетінен қалыптасқан үрдіспен «Дамолла Тұрмағамбет қолым қойдым» деп жазатыны, діншіл, Құдайшыл ретінде танылып, сол жылдары Тұрмағамбет Қазалы мен Қармақшы түрмелеріне түсіп, қайта-қайта тергеліп, басына қатер төніп жүргенін білгендіктен ұстазын түрме азабынан құтқару мақсаты да болған[8]. Бұл пікірге сүйенсек, Темірбек Жүргенов қазақ әдебиетінің үлкен жанашыры ғана емес, қазақы құндылықты берік ұстанғанын көруімізге болады.

Темірбек Жүргеновтің тікелей бастамасымен тәржімаланған «Шаһнама» дастаны қазақ әдебиетін өлшеусіз байытты. Ал «Шаһнама» дастанының аудармасы жөніндегі алғашқы бірден-бір толымды мақала Т. Жүргеновтің авторлығымен 1935 жылы сәуірде орталық «Казахстанская правда» газетінде «Казахский перевод Шах-наме» деген атпен жарияланады. Осы мақала арқылы да ұлттық әдебиеттің зәру мәселелерін жан-жақты сөз етеді. «Шахнаме» аудармасы жөніндегі көлемді мақаласы осы салада атқарылар жұмысты айқындаумен қатар, жазба әдебиетіміздің бастау кезеңін нақтылау мәселесіне ой тастауымен құнды болды.

Қорыта келгенде, қазақ аударма өнерінің жауһары атанған «Рүстем-дастан» аудармасын қазіргі орта білім беру жүйесінің қазақ тілі мен әдебиеті пән бағдарламасына енгізу кезек күттірмес мәселе екенін ашық айтуымыз керек. «Шаһнама» дастанының аудармасын ғана емес, Темірбек Жүргеновтің әдебиетімізге жанашырлығы, мәдениетіміздің дамуына қосқан үлесі және Тұрмағамбеттің ақындық қарымы, әдеби мұрасы жөнінде де деректер молынан берілгенін құптар едік.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ҚАЗАҚ АУДАРМА ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Түйіндеме. Бұл мақалада мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің қазақ аударма өнерінің дамуына қосқан үлесі туралы айтылады. Парсы әдебиетінің көрнекті өкілі Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнама» дастанын қазақ тіліне тәржімелеуге зор ықылас танытады. «Шаһнама» дастанының аудармалары туралы мәліметтер жинақтайды. Көрнекті ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлына дастанды аудару үшін ұсыныс жасап, ақынның шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік жасайды. Темірбек Жүргеновтің

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

«Казакский перевод «Шахнаме» атты көлемді мақаласын қазақ аударма өнеріне қосылған құнды материал санаймыз.

Кілт сөздер: қоғам қайраткері, қазақ аударма өнері, «Шахнама» дастаны, көлемді мақала.

THE CONTRIBUTION OF TEMIRBEK DZHURGENOV TO THE KAZAKH TRANSLATION ART

Summary. This article tells about the contribution of the statesman Temirbek Zhurgenov to the development of the Kazakh translation art. A prominent representative of Persian literature, Abilkasym Firdousi, is very interested in translating the legend of Shahnameh into Kazakh. Collects information about the translations of the Shahnama legends. The outstanding poet Turmagambet Iztileuul offered to translate the legend and gave the poet an opportunity for creativity. We consider Temirbek Zhurgenov's voluminous article "Kazakh translation of Shahnameh" to be a valuable material that has replenished the art of Kazakh translation.

Key words: public figure, Kazakh translation art, Shahnameh legend, extensive article.

ВКЛАД ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА В КАЗАХСКОЕ ПЕРЕВОДЧЕСКОЕ ИСКУССТВО

Резюме. В этой статье рассказывается о вкладе государственного деятеля Темирбека Жургенова в развитие казахского переводческого искусства. Выдающийся представитель персидской литературы Абылкасым Фирдоуси проявил большое желание перевести дастан «Шахнама» на казахский язык. Обобщает сведения о переводах дастана "Шахнама". Выдающийся поэт Турмагамбет Изтилеуулы предлагает перевести сагу, чтобы поэт мог заниматься творчеством. Ценный материал, добавленный к казахскому переводческому искусству, мы считаем объемной статьей Темирбека Жургенова "Казакский перевод "Шахнаме".

Ключевые слова: общественный деятель, казахское искусство перевода, сага "Шахнама", объемная статья.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов. – Алматы, 2012.
2. Затаевич А. Қазақ халқының 1000 өлеңі. – 1963.
3. Дайрабаев Т. Тұғыры биік тұлға. – А. 1998.
4. Қазақ әдебиеті, 1936 жыл 10 шілде. Т. Жүргенов «Жерұйық» мақаласы.
5. Байділдаев М. Ақындар творчествосы. – А. 1959.
6. Изтилеуұлы Т. 4-том, Алматы: Жазушы, 2007, 300 б.
7. Изтилеуов Т. «Рүстем-дастан», 1961, Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы.
8. «Сыр бойы» газеті. 2014 жыл 18 қыркүйек. С. Аңсат «Ұлт рухын оятқан қайраткер» мақаласы.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ГРНТИ 03.20.00

Р.Б.СҮЛЕЙМЕНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ Т.Қ.ЖҮРГЕНЕВ ҚЫЗМЕТІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

МЫРЗАБАЕВА Б.М.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері, аты аңызға айналған мәдениет ұйымдастырушысы, өткен ғасырдың 30-жылдары «Темір-Нарком» атанған Темірбек Жүргеновтің туғанына 125 жыл толды. Ол – Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы оқу-ағарту, мәдениет және әдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Осы дата қарсаңында 2023 жыл Жүргенов жылы болып жарияланды. Мұндай шешімді түрк әлеміндегі ЮНЕСКО деп аталып жүрген Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы қабылдаған болатын[1].

Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату және нығайту жолындағы белсенді күрескер, көрнекті мемлекет қайраткері, республикадағы мәдени құрылыс тарихын алғашқы зерттеушілердің бірі – Темірбек Қараұлы Жүргеневтің өмірі жарқын да мазмұнды. Рамазан Бимашұлының көрнекті мемлекет қайраткері, республикадағы мәдени құрылыстың тарихын алғаш зерттеушілердің бірі Т.Қ.Жүргеневке арналған очеркі «Темірбек Жүргенев» деп аталды. Ол 1968 жылы орыс тілінде, 1969 жылы қазақ тілінде жарық көрді. Аталған еңбекте Т.Қ.Жүргеневтің көптеген мұрағат құжаттарын, қолжазбалары мен жарияланған еңбектеріне зерттеу, республиканың көрнекті партия, кеңес қызметкерлерінің, мәдениет және ағарту қайраткерлерінің естеліктері негізінде оның өміріне, мемлекеттік және ғылыми қызметіне шолу жасалынған. Сонымен бірге республиканың ұлттық өнері мен әдебиеті, ғылымы мен ағарту ісі, Қазақстан мәдениетінің даму мәселелері баяндалған көптеген мақалалары мен кітапшаларына тоқталып, олардың мәдениет тарихнамасындағы маңызы мен орнына көңіл аударылған. Бұл кітапша – тарихи тұлғатану саласы бойынша жазылған алғашқы еңбектердің бірі.

Автор аталған еңбегінде Темірбек Қараұлының туған жеріне тоқтала келе, 1917 жылы оның Уфадағы жер өлшеу училищесіне оқуға түскендігін айтады. Темірбек Жүргеневтің Уфадағы өмірі мен оқуы жайлы мәліметтер өте аз сақталынған. Тек оның бұл училищені бітіре алмағаны ғана белгілі. Училище 1918 жылы азамат соғысы кезіндегі қиыншылықтарға байланысты жабылып қалған. Уфа ол жылдары дауылды революциялық оқиғалар мен азамат соғысының дәл ортасында болды. Міне, сондықтан да Уфа Жүргеневтің тағдыры шешілетін, әлеуметтік бағдарын болжайтын жол айырығы болды. Темірбек Қараұлы кейін өзінің өмірбаянында көрсеткендей, ол «жер өлшеу училищесінен 1918 жылы бірден кеңес органдарына қызметке ауысады, сонымен бірге Қазақстанның кейбір жерлерінде Кеңес өкіметін орнатуға қатысқан» [2, 10-б.].

Ұлы Қазан идеясы, революциялық оқиғалар Жүргеневтің дүниеге көзқарасын қалыптастыруда шешуші роль атқарады. Рамазан Бимашұлы революция жылдары Темірбек Қараұлының азамат соғысының белсенді қайраткерлерінің бірі Әліби Жанкелдинмен таныс болғандығын, «Қазақ мұңы» газетінің редакторы болған аса

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

қабілетті, жан-жақты білімді Нәзір Төреқұловпен бірге редколлегия мүшелерінің бірі ретінде қызмет еткендігін баяндайды. Журналистикадан хабары жоқ, бірақ албырт жас қызметкер жаңа іске мейілінше жан сала кірісіп, бар күшін аямады. Ол газеттің нағыз қара жұмысынан да жиренбей, оны шығарудың барлық процесін үйренуге құштарланды, репортерлік әңгімемен материал жинаудан бастап, оны баспаханадан шығарғанға дейінгі бүкіл процесті үйреніп алуға тырысып бақты.

Темірбек Қараұлы газетте 1919 жылға жұмыс жасады. Қазақстандағы саяси жағдай қайтадан шиеленісе түсті. Нақ, осы ауыр жылдарда әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас Темірбек Жүргенев Қызыл Армияның тәжірибелі әскери қолбасшысы, Ырғыздың бірінші соғыс комиссары Иван Федорович Киселевпен, Қазан революциясының көрнекті ардагерлерінің бірі Бәймен Алмановпен жақсы жолдастық қатынаста болды. Ырғызды ақгвардияшылар мен алашордашылардан азат еткеннен кейін Жүргенев Кенжеқарада болыстық революциялық комитеттің төрағасы болып істеді және контрреволюцияның қалдықтарына қарсы күресіп, бай-кулак элементтердің жеке қарулы көтерілістерін басып-жаншуға қатысқан шағын милиция отрядына басшылық етті. 1920 жылы Ырғыз партия ұйымы Темірбек Жүргеневті Коммунистік партияның мүшелігіне қабылдады. Сол жылы-ақ ол Ырғыз уездік революциялық комитет төрағасының орынбасары, көп ұзамай оның төрағасы болып сайланды. Сонымен қатар бірезгілде ол 1921 жылға дейін жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттары Ырғыз уездік Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып істеді.

Т.Қ.Жүргенев өзінің өмірбаянында былай деп жазды: «Ырғыздан Ырғыз уезі таратылған бойда 1921 жылы оқуға кеттім» [2, 19-б.]. Осындай қысқа ғана айтылған пайымдаудың сыртында білім алу жолындағы қажымас еңбек пен шын мәнісінде табанды күрес жолдары тұр, өйткені білім оңайлықпен берілмеді, ол үшін талай ауыр жағдайларды бастан өткізуге, шаршап-шалдығуды ұмытып, кейде тамақ тапшылығы мен тұрмыс қиыншылығына төзімділік көрсетуге тура келді. Ол Орынбордағы жұмысшылар факультетінің студенті болды. Бұл кезең азамат соғысынан жаңа ғана бас көтерген елдің әлі де бұліншілік зардабынан арылмай жатып аштық пен ауруға душар болған шағы еді. Тамақ тапшылығымен қатар қабілетті әрі білімді педагогтар, әсіресе қазақ мұғалімдері жетіспеді, оқулықтар мен оқу-жазу құралдары болмады, сабақ мектепке деп бейімделмеген қарпайым үйлерде өткізілді, ал электр жарығы ол кезде атымен болмады. Бірақ соған қарамастан Т.Жүргенев өзінің басқа да көптеген серіктері сияқты жақсы оқыды және сонымен бірге оқушы жастардың ұйымдастырушы ұйытқысы болды.

Екі жылдан кейін жұмысшылар факультетін ойдағыдай бітіріп, Ташкенттегі В.И.Ленин атындағы Орта Азия университетіне жолдама алды. 1923 жылы ол Орта Азия мемлекеттік университеті заң факультетінің студенті болды. Университетте білім алған жылдары оқуынан қол үзбей жауапты қызметке – Қазақ АССР-ның Түркістан республикасындағы толық құқылы өкілі болып тағайындалды. Еліміздің жоғары оқу орындарының көптеген білім алушылары сияқты Темірбек Жүргенев те Қазақ және Түркістан республикаларының қайнаған қоғамдық өміріне белсене араласып кетті. Ол Қазақстан мен Түркістан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды, облыстық, өлкелік және республикалық партия ұйымдарының конференциялары мен пленумдарына делегат болып қатынасты. Оқуды мемлекеттік және қоғамдық үлкен

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

қызметпен қосақабат жүргізу болашақ заң қызметкерінің оқудағы табыстарын төмендетпей, қайта оның тарих, құқық, саяси экономия және басқа да ғылымдарды тереңірек үйрене түсуіне көмектесті.

Темірбек Жүргенев өзінің бүкіл тәжірибелік қызметінде Коммунистік партияның бағытын дәйектілікпен іске асырып отырды. 1924 жылы Жүргенев өзінің «Орта Азия республикаларында тұратын қазақтардың хал-жайы» атты тарихи-этнографиялық очерктерін жариялады. Ол очерктердің мақсаты Орта Азиядағы қазақтардың таралуы мен орналасуы, экономикалық жағдайы, тұрмыс-күйі мен мәдениеті мәселелерін анықтау болатын. «Қазақтардың саны және олардың жалпы жағдайы» атты алғашқы очеркінде автор байсалды демографиялық талдау негізінде Түркістанда тұратын қазақтардың санын едәуір кемітіп көрсеткен кейбір қате пайымдауларды сынады. Жүргенев өзінің алғашқы очеркін Түркістан АССР-інде тұратын қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мәдениет дәрежесіне жалпы сипаттама берумен аяқтайды. Онда көшпелі шаруашылық үстем болып отырғандығы, патриархалды-феодалдық қоғамның қалдықтары едәуір сақталып, сауатты адамдардың мүлдем дерлік болмауы атап көрсетілген.

Автор Темірбек Қараұлының келесі үш очеркінде – «Кәсіп түрі», «Шаруашылық және әлеуметтік өзгерістер», «Кезектегі міндеттер» - Түркістан республикасының көшпелі халқына отырықшы халықтың тұрмыс салтының прогресшіл ықпалы Ұлы Қазан жеңісінен бұрын-ақ басталғанын, оның әсерінен қазақтардың едәуір бөлігі отырықшылыққа бейімделіп, мал шаруашылығынан егіншілік кәсібіне, соның ішінде мақта өсіруге көшкенін атап көрсетеді. Автор соңғы очеркінде партияның ұлт мәселесі жөніндегі шешімдері негізінде Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ұлттық-мемлекеттік өзара қарым-қатынасы саласында патша өкіметінің отаршылдық мұрасын жою міндеттері туралы әңгімелейді.

XX ғ. 30-жылдары Қазақстанда мәдени революцияның орасан жеңіске жеткен кезеңі ретінде тарихқа енді. Темірбек Қараұлы Жүргенев өзінің бүкіл күш-жігерін, мол саяси тәжірибесін және терең де жан-жақты білімін сарқа пайдалана отырып, мәдениет саласындағы көптеген нақты міндеттерді шешуге табандылықпен кірісті. 1933-1937 жылдары республика халық ағарту комиссары Т.Қ.Жүргенев көркемөнерді дамытуға, мәдени мұраларды игеруге ерекше көңіл бөліп, нәтижелі істер тындырды. Сол кезеңде жаппай сауатсыздықтың беті қайтты, жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру жүзеге асырылды, алғашқы қазақ орта мектептері дүниеге келді. Сондай-ақ 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнерінің тұңғыш онкүндігінің ойдағыдай өтуіне үлкен еңбек сіңірді.

«Оның өмірбаянының ақырғы кезеңіне тұстас келген сол бір үш-төрт жылда ол көп нәрсе істеді, Қазақстан мәдениетін өркендету ісінде терең із қалдырды. Қазақстанның 30-жылдардағы мәдениет құрылысы тарихын зерттеушілердің бірде-біреуі Жүргеневтің аса бай материалдарға толы сол жылдардағы көптеген кітаптарын, кітапшаларын, мақалаларын, рецензияларын, баяндамаларын, есептерін, әңгімелері мен лекцияларын шет қалдырмауға тиіс, өйткені олардың көпшілігінде айтылған бірсыпыра қорытындылар мен тұжырымдардың маңызы әлі де жойылған жоқ», - деп жазды Рамазан Бимашұлы [2, 58-59-бб.].

Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру мәселесі Қазақстан алдында да мәдени революцияның ең басты және кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі ретінде

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

қойылды. Темірбек Қараұлы өзінің Халық ағарту комиссариатында істеген алғашқы күнінен бастап барлық назарын осы артта қалушылықты жою мәселесіне аударды.

Т.Жүргенов 1935 жылы жарияланған бірқатар сөздері мен еңбектерінде мәдениет майданындағы жағдайға, атап айтқанда республикада халыққа білім беру ісінің өркендету жайына талдау жасайды. Өлкелік партия комитетінің бастамасымен өткізілген мәдени құрылыс қайраткерлерінің I съезден кейін «Қазақстандағы мәдени революция» деген атпен жеке кітапша болып шыққан баяндамасында мәдени құрылыстың мәселелері, қазақ халқының рухани жағынан қайта туу процесінің заңдылығы мен ерекшеліктері пролетарлық революция мен социализм құрылысы негізінде оның бұрынғы артта қалушылығының жойылуы көрсетіледі. Жүргенов мәдениет мұраларын пайдалану мәселесіне, ұлттық мәдениет құрылыс мәселелеріндегі реакциялық көзқарастар мен теорияларды сынауға, «мәдениет» деген ұғымды дәлдеп анықтауға және оның аса маңызды компоненттеріне талдау жасауға көп көңіл бөлді.

Т.Жүргенов Қазақстанда жоғары мектепті ұйымдастыруға қатысты, Қазақ педагогтік жоғары оқу орнының тұңғыш ректоры болды. Ташкентте жүргенде-ақ өз мақалаларында көп жазып, сөйлеген сөзінде көп әңгіме етіп, ұйымдастырылуы қажет деп жүрген сол университет 1934 жылы Алматыда ашылып, ол дегеніне жетті. Республикада жоғары және орта арнаулы білім беруді өрістетуге, мамандар мәселесіне, жаңа интеллигенцияны қалыптастыруға Темірбек Қараұлы өзінің тәжірибелік қызметінде және сөйлеген сөздерінде көп көңіл бөліп отырды.

Сонымен қатар Рамазан Бимашұлы өз еңбегінде қазақ тілін терең біліп, оны жоғары бағалайтын, стилистиканы үздік білетін, өзінің жазба жұмыстарында әдеби және публицистикалық тілді жақсы білетіндігін көрсете алған Темірбек Қараұлының қызмет бабы бойынша да, жеке басының талғамы бойынша да Қазақстанның сол кезеңдегі тіл саласындағы кемшіліктер мен сорақылыққа немқұрайлы қарап қала алмағандығын жазады.

Қазақ тілінің орфографиясы мен терминологиясы жөнінде жаңадан комиссиялар мен комитеттер құрылып, бұрынғылары нығайтылды. Бұлардың жұмысына ірі ғалымдар, техника мен өндірістің әр саласындағы мамандар, жазушылар, өнер қайраткерлері, мұғалімдер тартылды. Бұл бағыттағы жұмыс, әсіресе мәдени құрылыс қайраткерлерінің I съезі қарсаңында мықтап жандана түсті.

Темірбек Қараұлы тіл мәселесін талқылауға тікелей өзі де белсене қатысып отырды. Оның «Қазақстандағы мәдениет революциясы» атты еңбегінің екі үлкен тарауы да осы тіл мәселесіне арналды, онда ол тіл процесіндегі «имманенттік теорияны» жақтаушыларды елеулі ғылыми сынға алды, сөйтіп сөз құрау бөтен тіл терминдерін енгізу, әр түрлі басқа тілдердің сөздері мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аудару тәжірибесіндегі «жаңа» және ескі көзқарастар мен тұжырымдардың тарихи тамырларын бір-бірімен байланыстылығын анық та түсінікті түрде көрсетіп берді [2, 87-б.].

Темірбек Қараұлы қазақ орфографиясы мен терминология мәселесіндегі бұрмалаушылықтар мен қателіктер социализм құрылысы ісіне, оның мәдениетіне қандай елеулі зиян келтіргендігін айқын дәлелдеп берді. Мәдени құрылыс қайраткерлерінің I съезінен кейін Т.Жүргенов қазақ тілінің мәселелеріне бірнеше рет қайта-қайта оралып, газеттер мен журнал беттерінде көлемді айтыс мақалалар жазып отырды. Бұған дәлел –

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

«Казахстанская правда», «Большевик Казахстана» басылымдарында жарияланған «Қазақ әдеби тіліндегі жат құбылыстар», «Қазақ тілінің терминология мәселелері» мақалалары.

Бұл мақалалардың негізгі мағынасы – қазақ тілін бірқалыпты дамытуға, оған басқа тілдерден сөздер мен терминдердің енгізілуінің прогрестік үрдісіне, грамматика құрылысына қандай да болсын бір өзгерістер енгізуге, сөздік қордың ұдайы толықтырылуына қарсы айтылған сол жылдардағы тіл құрылысындағы нағыз басты және қауіпті консервативтік тенденцияны сынау болды. Жүргенов қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін бұлай абсолюттендіру қайда апарып соқтыратыныннанымды да нақтылы фактілермен дәлелдеп көрсетті.

Еңбекті қорытындылай келе, Рамазан Бимашұлы «социализмнің ұлы ісі үшін күрескерлердің бірі болған Темірбек Жүргенов моральдық жағынан кіршіксіз таза, мұқалмас қайратты, жоғары саналы, коммунизм идеяларына кәміл берілген қайраткер» [2, 112-б.] деген баға береді.

Күрделі кезеңде өмір сүріп, ел бақыты үшін соңғы демі қалғанша күресіп өткен, есімі тек қазаққа ғана емес, исі түркі жұртына мәлім, Орталық Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі Темірбек Қараұлы Жүргеновтей асыл азаматын туған халқы мәңгі есте сақтары сөзсіз.

Түйіндеме: Мақала академик Р.Б.Сүлейменов еңбектеріндегі мемлекет және қоғам қайраткері Т.Қ.Жүргеновтің қызметі мен шығармашылығының зерттелу мәселелеріне арналған. Автордың «Темірбек Жүргенов» атты очеркі негізінде Темірбек Қараұлының оқу-ағарту, мәдениет саласындағы қызметтеріне талдау жасалған. Халық ағарту комиссариатындағы қызметі туралы сөз болған. Қайраткердің қаламгерлігі, әдеби-сыншылығы, ана тілге деген жанашырлығы жайында кеңінен баяндалған.

Р.Б.Сүлейменов еңбектерінде Т.Қ.Жүргенов қызметі мен шығармашылығының зерттелуі /Изучение деятельности и творчества Т.К.Жургенова в трудах Р.Б.Сулейменова / The study of the activities and creativity of T. K. Zhurgenev in the works of R. B. Suleimenov

Кілт сөздер: «Темір-Нарком», мемлекет және қоғам қайраткері, мәдени революцияның белсенді қатысушысы, мәдениет ұйымдастырушысы, сыншы-көсемсөзші.

Ключевые слова: «Железный нарком», государственный и общественный деятель, активный участник культурной революции, организатор культуры, критик-публицист.

Keywords: «Iron Commissar», statesman and public figure, active participant in the cultural revolution, cultural organizer, publicist-critic.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тәуелсіздік жалаугері /Егемен Қазақстан. – 21 ақпан, 2023 ж.
2. Сүлейменов Р.Б. Темірбек Жүргенов. – Алматы: «Қазақстан», 1969. – 112 б.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ГРНТИ 62.01.112

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

АПЕНОВ БОЛАТ МЕЙРАМУҰЛЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

ХХ ғасырдың басында Қазақстанның тарихи өмірінде елеулі өзгерістерге толы, аса бір алмағайып оқиғалар болған еді. Атап айтқанда, бұл кезеңде қазақ елінің барлық территориясы Ресей империясының ішкі отарына айналып, өзінің саяси-экономикалық дербестігінен айрылған, орыс мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде танылды. Бірнеше ғасыр бойы ұлы далада қалыптасқан көшпелі өркениеттің рухани, мәдени, саяси құқықтық жүйелері дағдарыс шырғауына маталып, қазақ қоғамында бұрын мүлдем болмаған құбылыстардың орын тебе бастағанына Ресей ықпалы тигендігі анық еді. Атап айтқанда, орыс, шетел капиталдарының енуі мен өнеркәсіп ошақтарының пайда болуы, жұмысшы тобының қалыптаса бастауы, қалалар мен поселкелердің көбеюі және т.б. құбылыстар қазақ даласына буржуазиялық қатынастардың алғашқы нышандарын таныта бастағанды. Ресей капитализмнің кеңістік шеңберде өсуі – Қазақстанда тауар айналымының күшеюіне тікелей жағдай туғызып, қазақ қоғамында да капиталистік қатынастардың дамуына ықпалын тигізді. Әлбетте, бұл прогресстің озық ықпалы да болды. Жалпы алып қарағанда, Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясаты, негізінен, үш бағытпен жүзеге асырылды:

- біріншіден, қазақ жерінің шекараларына әскери стратегиялық маңызы бар бекіністер салу және оларға Орталық Ресей мен Сібір аймағын мекен еткен казактарды шоғырландыру;

- екіншіден, саяси-құқықтық реформа жасау арқылы қазақ халқын өзін-өзі басқару, билік жүргізу процесінен айырып, патша өкіметінің отарлық саясатын тиімді түрде жүзеге асыратын басқаруды енгізу;

- үшіншіден, экономикалық саясатпен, яғни салық салу жүйесі арқылы жергілікті қанау.

«Қазақ топырағына Ресей капиталының енуі сауда және өсімқор капиталдың кең өріс жоюы арқылы іс жүзіне асырылды. Орыс көпестері мен капиталистері қазақтардан малдың терісін, жүнін арзан бағамен алып, және басқа өнеркәсіп орындарының өте төмен сападағы тауарларын жоғары бағаға сатуды дағдыға айналдырып, баюдың қайнар көзі ретінде таныды» [1, 94 б.]. Ресейдің отаршылдық іс-әрекеттері Қазақстанды тек қана шикізат өндіретін аймақ ретінде қабылдады, сондықтан жергілікті өнеркәсіптің дамуына ешқандай жағдайлар жасалмады. Негізінде, қазақ жерінде, техникалық жағынан әлсіз әрі тек ауыл шаруашылығы өнімдері мен пайдалы қазбаларды ғана өңдейтін, жыл мезгілімен ғана жұмыс істейтін шағын жұмысшылары бар кәсіпорындар құрылды. Патша өкіметі көшпелі қазақ халқының тұрмыстық жағдайларын салық салу арқылы одан ары ауырлата түсті. Орыс империясы саясатының қазақ жерінде кең қанат жаюы, негізінде, Орталық Ресей мен Сібір аймағындағы казактар мен орыс шаруаларын қазақ жеріне көшіріп, қоныстандырумен күшейтілді. Мұндай тәсіл басқа халыққа қарсы отарлау саясатын

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

жүргізетін мемлекеттердің басты, заңды әрекеттерінің бірі болып табылатыны ақиқат. Себебі, империя орталығынан шалғай, қашық жатқан кең даланы отарлық саясаттың шеңберінде ұстап тұру оңай шаруа емес. Осы мәселелерге терең, көрегенділікпен үніле білген патша үкіметі қазақ жеріне орыстарды қоныстандыруды мемлекеттік маңызы бар іс ретінде таныды. Соның нәтижесінде қазақ жері жергілікті халықтың пайдалануынан тартып алынып, ақ патшаға жан-тәнімен беріліп қызмет істеген, отарлық саясатты жүргізуде берік тірегі саналған казактардың атамандарына, патша офицерлеріне ашық қолмен үлестірілді. Ұлттық езгіні күшейткен патша өкіметінің отарлық саясаты қазақ қоғамын, оның шаруашылық жағдайларын күрт төмен түсіріп, әлеуметтік және экономикалық дағдарысқа ұшыратты. Осындай жағымсыз көріністермен қатар, Қазақстанда осы аралық кезеңде, Ресейдің Европалық мәдениеті мен озық ойлы идеяларының таралуына да тікелей мүмкіндіктер туды. Себебі, қазақ елінің орыс мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде дамуы саяси-идеялық ахуалға да үлкен ықпалын тигізгені даусыз. Ресей империясының орталық қалаларында болып жатқан саяси-идеялық жағдайлар: «халықтар түрмесі» аталған монархиялық тәртіпке қарсы бағытталған жалпы наразылықтар, революциялық қозғалыстар, университет студенттерінің толқулары сияқты ақпарат, хабарлар сирек болса да Қазақстанға жетіп жатты, тіпті олардың тікелей әсерінен революциялық үндеулермен қатар жалпы ағартушылық идеялары таралып, ұлттық сана-сезім бәсең болса да ояна бастап, реформациялық жаңару, әлеуметтік өзгеріс қажеттілігі секілді түсінік, ұғымдарды қабылдай бастады. Бірақ ХХ ғасырдың басында Қазақстанда қалыптасқан саяси-идеялық жағдайдың өзіне тән біршама ерекшеліктері болғанын атап айтқан жөн болар. Өйткені, сол факторлар жиынтығының мәні мен мазмұндық көріністері саяси процесстермен дами бастаған қазақ халқының да идеялық ағымдарға тартылуына тікелей әсерлерін тигізді. Біріншіден, қазақ қоғамындағы ұлттық ояну мен саясатқа тартылу жағдайы Европа мемлекеттеріндегідей феодалдық қатынастардың ыдырауы барысында көрініс берген жалпы халықтық белсенділікті танытқан жоқ. Себебі, ХХ ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық зиялылары бастаған реформаторлық, антиколониалдық әрі ұлттық ояну мен саяси-құқықтық прогресске шақырған іс-әрекеттер әлі қауымдық, патриархалдық өмір мен салт-санадан кіндігін үзбеген, сол шырмауығына маталған микроортада қанатын кең жая алмаған, толық мағынадағы субъективтік және объективтік жағдайлары жоқ халде еді [2, 94 б.]. Аталмыш идеяларды қабылдау, әлеуметтік тәжірибеде іс-жүзіне асыру жаңа қалыптасып келе жатқан, саны жағынан аз ғана қоғамдық элитаның парызы танылды. Ал, негізгі халық енжарлық пен надандықтың салдарынан көшпелі өмірлерін, оның тыныс тіршілігін, саяси құқықтық қатынастарын мәңгілік өзгеріске ұшырамайтындай көрген ұғым-нанымның жетегінде болды. Екіншіден, Ресей империясының отарлық саясатының тікелей әрекеті салдарынан қазақ жерінің оның пайдалануынан тартылып алынуы көшпелі қоғамның барлық қатынастарын шиеленіске ұшыратты, жергілікті халықтың монархиялық режимге деген наразылығын күшейте түсті. Жердің тартылуын және одан туындайтын зардаптарды жан-тәнімен сезіне білген қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы ұран көтеріп, саяси-идеялық жағдайды ұлттық мүдденің саяси мақсаттарымен ұштастыруды өзінің тарихи борышы деп санады. Әрине, жаңа қалыптасып, саяси сахнаға жаңа көтеріліп келе жатқан қазақ зиялыларының саяси-құқықтық, аграрлық мәселелердегі шиеленістерді шешудегі идеялық бағыттарында

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

біржақты, бірыңғай көзқарастар қалыптасты деп айту қиын. Ұлт мүддесін, қазақ жерін отарлық езгіден қорғау мақсатында қазақ халқының әлеуметтік өмірімен, көшпелі салтты тұрмыс тіршілігімен санаспауы да мүмкін емес еді. Міне, осыған байланысты қазақтың ұлттық зиялылары ұран етіп көтерген республикалық, демократиялық, отаршылдыққа қарсы идеялар енжар да көшпелі патриархалдық өмірдің кіндігінен ажырамаған қазақ халқының қоғамдық санасында жаппай қабылдау тапқан үлкен құбылыс дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Үшіншіден, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси-идеялық жағдайына ислам дінінің әсер еткенін жоққа шығаруға болмайды. Ресей мемлекетінің отарлық қыспағындағы орыстандыру саясатын дер кезінде байқаған қазақ зиялылары әлі шаманизм көзқарасынан ажырамаған қазақ халқын ислам дініне жаппай тартып, жаңа үлгідегі мектеп, медреселер арқылы дін насихатын күшейтуді, сөйтіп, енжар, көшпелі халықты бір ту астына біріктіруді өздерінің патриоттық борышы деп таныды. Орыс чиновниктерімен ауыз жаласқан молдалар мен дін өкілдерінің исламды бұрмалаған, дүмшелікке айналдырған жағымсыз әрекеттері қоғамдық, саяси-құқықтық ой-пікірлер аясында қатаң сынға ұшырады. Европалық білім ордаларынан сусындаған қазақ зиялылары барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, дінді саясат пен ағартушылыққа және құқықтық жүйені өзгертуге ұштастыру арқылы ұлттық прогресске көтерілуді – саяси міндеттерінің ең өзекті, көкейтесті санатына жатқызды. Кеңес дәуірі кезеңінде жарық көрген ғылыми зерттеулерде саяси-идеялық жағдайдың қалыптасуына әсер еткен, жоғарыда көрсетілген факторлардың рөл, ықпалдары марксистік-лениндік көзқараспен бағаланып, төмендетілген сипатпен баяндалды. Керісінше, қазақтың кең даласында андасанда көрініс берген большевиктік идеологияның таралу заңдылығы дәйекті қажеттіліктен туды деген тұжырым, қағидалар ғылыми зерттеулерде аксиома ретінде дәлелденді. Ал, қазақ қайраткерлері қоғамды күшпен құлатып, дәстүрлі саяси-құқықтық мәдени дамуды ұлт санасына жат институттармен алмастыруға үзілді-кесілді қарсы болды. Көпке танымал философ А. Қасабектің көрсетуі бойынша «XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, М. Шоқай және басқалары өмірдің объективті жағдайларын өзгертуді күшпен емес, сананы сол процесске енгізу арқылы өзгерту керек деп уағыздады. Олардың негізгі идеялары – бостандық, тәуелсіздік, отаршылдық езгіден құтылу жолдары және қазақ халқын жалпы адамзаттық құндылыққа жақындастыру болды» [3, 18 б.].

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-идеялық жағдайдың қалыптасуына әр мағынадағы қағидалар мен теориялардың ықпал еткені ақиқат болып қала бермек. Сонымен, қазақ зиялыларының саяси құқықтық, реформаторлық көзқарастары негізінде ұлттық прогресс, саяси бостандық, отарлық езгінің құрсауынан құтылу және тәуелсіз ұлттық, демократиялық мемлекет құру идеялары жатты. Себебі, қазақ қоғамының даму процесі, ішкі шиеленістері осы идеялардың іс жүзіне асуына нақты жағдайлар туғызған еді.

20-ғасырдың алғашқы ширегі қазақ қоғамы үшін дағдарысы мен қайшылығы көп кезең болды. бір жағынан, орыс отаршылдығынан құтылып, тәуелсіз ел болу жағдай болса, екінші жағынан, қоғамды шарпыған төңкеріс пен қантөгістен аман қалу өзекті болды. осындай жағдайда, қазақ қоғамында егемен ел болуды көздеген, сол жолда аянбай

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

еңбек еткен көптеген қоғам қайраткерлері шықты. Әр заманның өзіндік болмысына сай тұлғалары болатыны белгілі.

Осындай тұлғалардың бірі - Сыр бойының тумасы Темірбек Жүргенов еді. Т. Жүргенов орыс және шығыс тілдерін еркін меңгерген, білімді де зиялы, қоғамдық-саяси қызметте мол тәжірибиесі болған қоғам қайраткер еді. Сол кездегі алмағайып заманда мұндай қайраткерлерге артылар жүк пен жауапкершілік те ауыр еді. Себебі ел тағдырын, болашағын айқындайтын заман туған еді. Сол кездегі ең бір өзекті мәселелердің бірі қазақ халқының сауатын, білімін ғана көтеріп қана қоймай, сол арқылы саяси сауатты жетілдіріп, саяси тәуелсіздікке қол жеткізу болатын. Бұл орындалу қиын ауыр мақсат болатын. Өйткені сол кездегі қазақ мектептерінде сабақ беретін мұғалімдердің өзі жартылай сауатты еді. Осы тұрғыда Т. Жүргеновтің еңбегін, қызметін атап өтпеу мүмкін емес. Өз мақалаларында осындай мәселелердің орын алып отырғанын әрдайым көтере отырып, оларды шешу жолында аянбай қызмет етті. Қоғам қайраткері 1933-1937 жылдары халық ағарту комиссары болып қызмет атқарды. Осы жылдары Қазақстандағы білім беру саласының жетілуіне баса мән беріп, ұлттық мамандар даярлау, қазақ мектептерін санын көбейтіп, сапасын арттыру, жоғары оқу орындарын ашу және олардың тек қазақ тілінде жұмыс жасауы мәселелеріне баса назар аударады. Осы тұрғыда Т. Жүргеновтің қазақ тілінің көлеңкеде қалмай, оқу-ағарту, ғылым, өнер тілі ретінде болуын қалаған жанашыры болғанын атап өту қажет. Қазақ тілінің жалпы Қазақстандық қоғамда өзіне тиісті мәртебесін алуы әлі де өзекті болып отырған жағдайда қоғам қайраткерінің ұстанымы мен ой-пікірлері өз құндылығын жоймаған дүние деп санауға болады. Әрине, Сыр бойының ғана емес, бүкіл қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі – Темірбек Жүргеновтің қазақ қоғамы үшін сіңірген еңбегі, ой-толғамдары толық ашылды деуге келмейді. Сондықтан бұл мәселені толық зерттеп-ашу қазіргі және кейінгі ұрпақ үшін орындауы қажет болып қала беретін дүние деп ойлаймын.

Түйіндеме

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамында орын алған мәселелер көтерілген. Сонымен бірге, аталған мәселелерді шешуге өмірін арнаған тұлғалар қызметі аталған. Олардың қатарында Темірбек Жүргеновтің саяси-әлеуметтік ойлары мен қызметіне талдау жасалынған. Сондай-ақ сол ойлардың қазіргі Қазақстан қоғамы үшін маңыздылығы айқындалған.

Резюме

В статье подняты проблемы, возникшие в казахском обществе в начале 20 века. При этом упоминаются заслуги лиц, посвятивших свою жизнь решению названных проблем. Среди них были проанализированы политические и общественные мысли и деятельность Темирбека Жургенова. Также определена значимость этих мыслей для современного общества Казахстана.

Resume

In the article, the problems that occurred in the Kazakh society at the beginning of the 20th century were raised. At the same time, the services of persons who devoted their lives to solving the mentioned problems are mentioned. Among them, the political and social thoughts and

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

activities of Temirbek Zhurgenov were analyzed. Also, the importance of those thoughts for the modern society of Kazakhstan was determined.

Кілт сөздер

Сауаттылық. Тәуелсіздік. Мемлекеттілік. Тіл. Өнер.

Ключевые слова

Грамотность. Независимость. Государственность. Язык. Искусство.

Keywords

Literacy. Independence. Statehood. Language. Art.

Әдебиеттер тізімі.

1. Зиманов С.З. В.И. Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. – Алматы: Наука, 1970. – 303 с.
2. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 192 б.
3. Қасабек А. Қазақ философиясы тарихын қалай зерттейміз // Ақиқат. -1984. – №5. – 15-19 б.
4. Жүргенов Т. Мектептің түрі, тілі туралы. //Еңбекші қазақ. – 1927. – 7-наурыз.
5. Жүргенов Т. Мектептердегі оқу-ағарту жұмысы жайлы.//Ауыл мұғалімі. – 1937.- №1.2

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ГРНТИ 03.20: 1

Т.ЖҮРГЕНОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КАДР ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Нурпейсова Нурсулу Рахимжановна
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Философия және әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасы

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ішіндегі ұлттық мәдениет пен халық ағарту ісін көтеру, ұлттық мектептерді ұйымдастыру, кадрлар даярлау, ұлт тілі мен әдебиетті, театрды, қазақ баспасөзін, ғылыми-зерттеу мекемелерін дамытуда қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің орны айрықша.

Т.Жүргеновтың мемлекеттік қызметке араласуы 1929 жылы Тәжік республикасында Қаржы Халық Комиссары қызметіне тағайындалуынан басталды.

1929 жыл кеңестік Тәжікстанның бұрынғы экономикалық және мәдени артта қалушылығын жою мәселесін шешуде де бетбұрыс болды. Т.Жүргенев Тәжік КСР халық шаруашылығын дамытудың алғашқы бес жылдық жоспарын жасауға белсенді қатысты. Оның бұл елдегі жұмыс кезеңі жұмысшылардың өміріндегі көрнекті оқиғалармен тұспа-тұс келді. Тәжік АССР 1929 жылы қазанда одақтас республикаға айналды, ал 1930 жылы маусымда Тәжікстан Коммунистік партиясы құрылды.

Республикада индустрияландыру сәтті өтті: мақта тазалау зауыттарын қайта құру және салу, Душанбеде жібек-мақта фабрикасын, Ходжент Жібек комбинатын және тамақ өнеркәсібінің бірқатар кәсіпорындарын салу; тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту басталды; Варзобск ГЭС бірінші кезегінің құрылысы басталды; автожол және теміржол құрылысы жүріп жатты.

Жаңа қоғамның саяси, экономикалық және мәдени салаларында мыңдаған білімді кадрлар қажет болды. Бірақ, олардың Орта Азия мен Қазақстанда өте аз болғаны белгілі. Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-аумақтық бөлінуі нәтижесінде құрылған Жас Тәжік Автономиялық Кеңес Республикасы осындай шараларға өте мұқтаж болды.

Саяси қызметінің алғашқы жылдарында-ақ қазақ, орыс, өзбек, тәжік тілдерін еркін меңгерген Т.Жүргенев барлық салаларда білікті мамандар даярлау жұмыстарына көп үлес қосты.

Мәселен, ол қаржы басқаруында бола отырып, республиканың экономикасы мен мәдениетін дамытуға, Тәжік халқының материалдық әл-ауқатын көтеруге жан-жақты жәрдемдесуге тырысты.

Мұның жарқын мысалын мына құжат үзіндісінен көруге болады: «Учитывая крайнюю необходимость и потребность в финансовых работников из коренной национальности и иметь возможность вести планомерную работу по подготовке кадров НКФ ТаджССР просят разрешения взять в Комбанке 40.000 руб. на постройку спецзадания для курсов и общежития для курсантов, которые будут покрыты за счет смет НКФ.» [1, 148 б.]. Яғни, республикада жергілікті ұлт өкілдерінен қаржы саласының мамандарын дайындауға аса мән берді.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

1933 жылы Т.Жүргенов Қазақстанға жұмысқа шақырылды, 1937 жылға дейін республиканың Халық ағарту комиссариатын басқарды. Оның сол жылдардағы басты мақсаты өзі айтқандай және жазғандай, оқыту сапасын, оқу және тәрбие жұмысын жан-жақты жақсарту, мұғалімдерді даярлау және қайта даярлау мәселелері болды.

«Мұнан кейінгі үлкен мәселе – мектеп қызметшілері туралы. Оқытушылардың 72 процентінің орта дәрежелі білімі жоқ. Бұлардың білімін арттыру жөнінде жергілікті атқару комитеттері және оқу бөлімдеріне жәрдемдесу керек. Онсыз мектеп жайы оналмайды» - деп өзі атап көрсеткендей республикадағы жоғары және орта арнаулы білім беруді дамытуға, мамандар дайындауға, жаңа зиялы қауымының қалыптасуына ол көп көңіл бөлді [2, 232 б.].

БКП(б) қазкрайком Бюросының отырысының «Бұрынғы мұғалімдерді жұмысқа қайтару» туралы қаулысында «Принять к сведению сообщение Культпропа и Наркомпроса, что из числа подлежащих мобилизации на педработу, по решению Крайкома, 1050 учителей, фактически мобилизовано 800 чел. Поручить т. Жургенову по своей линии проверить, действительно ли мобилизованные учителя приступили к работе» - деп көрсеткендей Қазақстанның білім беру жүйесі жоғары білімі бар 800 оқытушымен толықтырылды [1, 96 б.].

Т.Жүргенов «Қазақстандағы мәдениет революциясы» атты еңбегінде маман даярлау мәселесіне қатысты: «Мұғалімдер - кадр даярлаушы кадрлар. Мұғалімдер жаңа өспірім, шикі, жас балаларға тәрбие беретін, өнер-білім үйрететін кісілер. Мұғалімнің мойнындағы міндет отан алдында аса жауапты, ауыр міндет» - деп жазады.

Сонымен қатар: «біріншіден жоғарғы дәрежелі оқу орындары (ВУЗ) уақытымен ашылмай, кенжелеп жарыққа шықты. Сондықтан дер кезде шаруа жұмысына керегінше кісі өзірлеп, жеткізіп бере алмады. Екінші жоғарғы оқу орнын ашып, оған оқытушыны қайдан тауып алу мәселесін шешпеген. Сондықтан Қазақстан жоғарғы оқу орындарына жарамды әзірлігі бар оқушы тауып алу соңғы күндерге дейін үлкен проблемаға айналды» - деген пікірлерімен кадр даярлаудағы қателіктердің де себептерін ашып көрсете білді [3].

Өз білімін, өз оқуын молайтпаған мұғалім, халық көзінде білімімен, іске шеберлігімен абырой ала алмаған мұғалім совет мұғалімі бола алмайды, заманның қазіргі мәдениет майданында қойып отырған мәселелерінің, біреуін де шеше алмайды – деп кадр мәселесінің маңыздылығына аса мән берген Т.Жүргеновтың бастамасымен жоғары білімді қазақ зиялыларының жаңа толқыны қалыптаса бастады. Осы мақсатта қазақ жастары Мәскеу, Ленинград және басқа да Ресей қалаларының жоғары оқу орындарына жіберілді. Бұл комиссариаттың 20.10.1933 жылғы №91 шешімінен айқын көрінеді. «Для подготовки высококвалифицированных научных кадров по дисциплинам: физике, математике и химии командировать 10 чел. в аспирантуру Московского и Ленинградского университетов. При наборе иметь в виду лиц, окончивших университеты из казахов, ныне работающих в качестве доцентов и ассистентов в различных ВУЗах Казахстана, обеспечит их материальными условиями учебы и персональными стипендиями» [1, 93 б.]. Яғни, 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау үшін он адамды жіберу туралы мәселе көтерілген кезде Т.Жүргенов бірінші кезекте қазақ ұлтының өкілдерін жіберу туралы ұсыныс енгізді.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Бұдан бөлек Т.Жүргенов «Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру туралы» баяндамасында «Біздің республикамыздағы мәдени прогрестің негізгі факторларының бірі жоғары оқу орнын құру болып табылады. Қазақ жоғары оқу орнының міндеті артта қалған, бұрын тастап кеткен елді ғылыми білім сәулесімен жарықтандырады.

Өлкенің табиғи байлығы өз зерттеушілерін жергілікті халықтың өз ортасынан күтеді.

Халықты физикалық сауықтыру міндеті де ауыл халқының қалың бұқарасына қызмет көрсете алатын қазақтардан келген маман-дәрігерлердің жеткілікті кадрын талап етеді.

Қазақстандық ЖОО бір мезгілде ғылым мен техниканың түрлі салалары бойынша жоғары білікті қызметкерлерді даярлау үшін ғылыми-зерттеу және оқу-практикалық орталық болуға тиіс, басқаша айтқанда, Қазақстанға әртүрлі факультеттері бар университет қажет» - деп атап өтеді [3].

Т.Жүргенов балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін де көп жұмыстар атқарды. Әсіресе, оның ерекше көңіл аударған бағыттарының бірі ұлттық – өнер кадрларын даярлау жұмысы болды. Өзінің «О языке, школе и борьбе за кадры работников культуры» атты баяндамасында: «22 театр құрылды, оның ішінде 597 мемлекеттік актерлерді тәрбиелеп, дайындады, Қазақ ұлттық оркестрі ұйымдастырылды, қазақ хореографиялық өнері дамуда» - дей отырып, осы саладағы кадр мәселесінің шешілуі жайында қосымша төмендегідей ақпараттар береді.

Республиканың балалар үйлерінде 40 мыңнан астам бұрынғы көше балалары тәрбиеленуде, олар да жақын болашақта жоғары оқу орындарында білім алады. Балалар үйінде білікті кадрлары дайындалуда, мысалы, Ақтөбе облысының Тамда деткоммунасы. Мұнда бұрынғы көше балаларынан осы уақыт ішінде 18 киномеханик, 13 тәрбиеші, 5 фотограф, 16 тракторист, 2 жүргізуші, 11 музыкант, 4 суретші, 2 мұғалім және т.б. дайындалды [3].

Халық комиссарының осы бағыттағы бұйрығына сәйкес Алматы облысы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының балалар үйінің тәрбиеленушілерінен 130 адам Муздрамтехникумға, ал 50 адам Алматы Хореографиялық мектепке жіберілді. [1, 53 б.].

Сонымен қатар Т.Жүргеновтің басшылығымен жасалған, кадр даярлау шараларын бейнелеу өнері, кино, әдебиет, денсаулық салаларынан да көруге болады. Өзінің қысқа ғұмырында күрделі кезеңде өмір сүрген саясаткер Т.Жүргеновтың ұлт санасын дамытуда және ұлттық мамандарды қалыптастыруда еңбегі ерекше. Ұлт қайраткері бұл міндетті үлкен жауапкершілікпен адал атқарғаны анық.

Түйіндеме

Мақалада Темірбек Жүргеновтің қоғамдық-саяси қызметі мен барлық салаларда білікті мамандар даярлау жұмыстарына сіңірген еңбегі қарастырылады. Мемлекет қайраткерінің басты мақсаты оқыту сапасын, оқу және тәрбие жұмысын жан-жақты жақсарту, мұғалімдерді даярлау және қайта даярлау мәселелері болды.

Кілт сөздер: Халық ағарту, білікті мамандар, кадр саясаты, ұлттық мәдениет

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Резюме

В статье рассматриваются заслуги Темирбека Жургенова в общественно-политической деятельности и подготовке квалифицированных специалистов во всех сферах. Главной целью государственного деятеля были вопросы всестороннего улучшения качества обучения, учебно-воспитательной работы, подготовки и переподготовки учителей.

Ключевые слова: Народное просвещение, квалифицированные специалисты, кадровая политика, национальная культура

Summary

The article examines the merits of Temirbek Zhurgenov in socio-political activities and training of qualified specialists in all spheres. The main goal of the statesman was the issues of comprehensive improvement of the quality of education, educational work, training and retraining of teachers.

Keywords: Public education, qualified specialists, personnel policy, national culture,

Әдебиеттер:

1. Оразбақов А.Ж. Темірбек Жүргенов – мұрағат құжаттарында. Құжаттар жинағы / А.Ж.Оразбақов, У.С. Ибраев, Б.Б. Бисенов. – Астана: Фолиант, 2014. – 160 б.
2. Базарбаева Г. Қазақстан: тарих пен тағдыр: Мақалалар / Г.Базарбаева, Х.Әбжанов. – Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС., 2003. – 296 б.
3. <https://textarchive.ru/c-1596577.html>

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ГРНТИ

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Камитбекова Жанат Убайдуллаевна

Т. Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицей директоры, тарих пәні мұғалімі

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі оқығаны мен түйгені көп ат төбеліндей ғана елжанды азаматтар төңкерісшіл ғасыр сыйға тартқан мүмкіндікті қолдан бермеуге тырысып бар шығармашылық әлеуетін, біліктілігін, қажыр-қайратын қоғамға қызмет етуге арнады. Көп тіл біліп, бірнеше мамандықты бірдей меңгерді. Өз өмірлері мен білімін, біліктілігін ұлт болашағы жолына арнады. Қоғамның даму дәрежесін, дәстүрлер мен тұрмыс салтын ескерудің қажеттігі, тегін білім алу мен бастауыш мектепте ана тілінде оқу, қазақтардың өзінің орта және жоғары оқу орындары, университеттері, өнер ордалары болуы тиіс деген мәселе көтерді.

Осындай қазақ елінің маңдайына біткен, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушылардың бірі - Темірбек Қараұлы ЖүргеновҚызылорда облысы, Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылында дүниеге келген.

1933-1937 жылдары Қазақ АССР-нің Халық Ағарту комиссары қызметтерін атқарып жүрген жылдары республиканың мәдени – рухани бейнесін түбегейлі өзгертті, халықтың білімі әлеуеті нығайды, мәдени – ағарту мекемелерінің кең жүйесін қалыптастырды. Мыңдаған адамдар сауатын ашып, мәдени құндылықтарды белсенді түрде игеретін дәрежеге көтерілді. Жаппай сауатсыздықпен күреске, жаңадан оқу орындарын ашуға, мәдени – ағарту мекендердің жүйесін кеңейтуге зор мән берілді. Бастауыш, жеті жылдық және орта мектептердің тұтас жүйесін құру арқылы сауатсыздар қатарын жыл сайын толықтырып отырған толқынды тоқтата алды.

Елімізде жоғары білімді мамандар даярлау кезек күттірмес міндеттердің бірі екендігін ғылыми тұжырымдап, осы тақырыпта бірнеше мақала жазып, баяндамалар жасады: Солардың бірі - «Педагогикалық жоғары оқу орындарының міндеттері туралы»мақаласы/1926 жыл/, «Қазақ ССР-інде жоғары оқу орындарын ұйымдастырудың нәтижесі мен болашағы» деген баяндамасы /1927 жыл/«Советская Степь» газетінде жарияланды. Ол жылдары жоғары оқу орындарында оқуға қабілеті бар орта білімді жергілікті жастар жоқтың қасы еді. Сондықтан мектеп ісін дамытуды шұғыл қолға алды.

Бұл жылдары қазақ мектептеріне тән ерекшелік – ауыл мектептерінің 1-2-3 жылдық болып келуі. Бұл құрылым көшпелі аудандарда кеңес мектептерінің алғашқы ұйымдастырылу кезеңінде қалыптасқан жағдайға сәйкес құрылып, оқу, жазуды, арифметиканың төрт амалын үйретуді ғана көздеген мектептер еді. Сонымен қатар ауыл мектептерінің шағын комплектілі болуына байланысты кластардың толықтығы төменгі деңгейде болды. Қазақ бастауыш мектептерінің дамуындағы осы бір кереғарлықтар орталау мектептердің дамуына да кедергі туғызды. Егер өлкедегі бастауыш мектептердің негізгі салмағы ауылдардың үлесіне тиетінін ескерсек, қазақ ауылдарындағы білім беру

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ісінің деңгейін байқау қиын емес. Қазалы ауданындағы 51 мектептің 48-і бастауыш, екеуі орталау, біреуі орта мектеп болды. Мектеп жасындағы 6 465 баланың 5 947-і, яғни 91,9 пайызы мектепте білім алды. 3 073 қазақ баласының 93 пайызы оқумен қамтылғанымен, олар тек бастауыш біліммен шектелуге мәжбүр болды. Өйткені аудандағы барлық қазақ мектептерінің саны 48 болса, оның ішінде қазақ орта мектептері мүлде жоқ еді [1]. Байқағанымыздай аудандағы жалғыз орта мектеп орыс тілді балаларға арналған мектеп. Қазақ балалары орта білім алғысы келсе, орыс мектебіне баруға мәжбүр болды. Яғни, кеңес өкіметі алғашқы кезекте орыс тілді мамандар даярлауға мән бергендіктен, қазақ орта мектептерін ашу ісін қаржы, маман тапшылығына тіреп, кейінге қалдыра берді. Алайда уақыт талабы, жүргізіліп жатқан кешенді шаруашылық реформалары жергілікті қазақ ұлтынан шыққан мамандарды қажет етті. Ол үшін елдегі мектептер жұмысын жүйелі жүргізіп, орта білімге көңіл аудару қажет болды.

Қашан болсын нақты, қысқа және батыл сөйлейтін Т.Жүргенов қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып қалуы үшін де аянбай тер төкті. «Бастауыш, орта, жоғары оқу орындары өз тілімізде болуы керек. Осындай жағдайда ғана жер жүзінің өнер-біліміне қазақтың қолы жетеді», - деп өркениет биігіне ана тілін сақтай отырып халқының көтерілетініне сенім білдіреді «Мектептің түрі, тілі туралы» деген мақаласында [2,70]. Т.Жүргенов көтерген ұлттық тіл мәртебесі бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, қажеттілігі мен маңыздылығы артпаса кемімей отырған тақырыптардың бірі.

Бас аяғы үш – төрт жыл ішінде республика мәдениеті тамаша нәтижелерге жетті. Жаппай сауатсыздықтың беті қайтты, жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру жүзеге асты, қазақ мемлекеттік университеті шаңырақ көтерді, алғашқы қазақ орта мектептері дүниеге келді. Жаңа наркомның бастамасымен әрі қолдауымен «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Айман – Шолпан», «Шұға» опералары мен пьесалары сахнаға шықты, халық өнері қайраткерлерінің бүкілқазақстандық слеті (1934), екпінді мұғалімдердің бірінші съезі (1934), мәдени құрылыс қызметкерлерінің бірінші съезі (1935) шақырылды. Темірбек Қараулының көркем өнерге деген ықыласы 1936 жылы Москвада өткен онкүндікті даярлау барысында ерекше көзге түсті. Әрбір репетиция, әрбір концерттік номер наркомның күн сайын қатысуымен өтті. Онкүндіктің үлкен табыспен өткені белгілі оның қорытындысы бойынша Т.Қ. Жүргенов «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталды.

Темірбек Жүргеновтің қазақ мәдениетіне тағы бір қосқан үлесі араб – парсы тілдерінің білгірі – ұстазы Т.Ізтілеуовке мемлекет тарапынан жағдай жасатып, аз уақыт ішінде Қ.Фердаусидің атакты «Шахнама» поэмасын қазақша тәржімалатып, баспадан шығартты.

Т.Қ.Жүргенов осыншама күрделі де жауапты істерді атқарып жүріп 1937 жылы тұтқындалғанда жасы әлі 40 – қа да толмаған екен.

Шын мәнісінде мәдени құрылыстың сондайлық табыстарға қол жеткізуіне аянбай атсалысып, еңбектеніп жүрген қазақ ұлттық зиялыларының маңдай алды өкілдері осылайша жазықсыз репрессияның, заңсыздықтың құрбаны болды. Олардың соған дейінгі жасаған құнды шығармаларына тыйым салынып, әлде де ұлттық мәдениетке қосар жаңалықтарын түншықтырғанның зардабынан халқымыз орны толмас

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

шығынға ұшырады, ұрпақтардың сабақтастығы үзіліп, ұлттық мәдениет тоқырауға шалдықты.

Биыл қазақ мәдениеті мен өнерінің көрнекті қайраткері, еліміздің оқу-ағарту саласында өшпес ізін қалдырған Темірбек Қараұлы Жүргеновтің туғанына 125 жыл толып отыр.

Темірбек атамыздың ерен тұлғасы тек республика көлемінде ғана емес, барлық түркі әлеміне ортақ. Осыған орай биылғы 2023 жыл Түркі әлемі бойынша «Жүргенов жылы» деп танылып, кең көлемде аталып өтуде.

«Жақсыдан сөз қалады, жасампаздан іс қалады» деген даналық сөз бар. Темірбек Жүргеновтің атын иеленген мектебіміз оның бізге аманат етіп қалдырған игі істерін жалғастыру жолында көптеген табысты істер атқаруда.

Бүгінгі күні мектепте 65 сыныпта және 3 даярлық топта 1729 оқушы білім алуда, 162 мұғалім оқушыларға білім беруде

Түлектер 3 алтын медаль, 10 күміс медаль, 24 «Алтын белгі» иеленген. 2022-2023 оқу жылында 11-сыныпты 51 оқушы бітіргелі отыр. Алтын белгіге 1, үздік аттестатқа 5 оқушы үміткер. Қаңтар айындағы ҰБТ-дан орташа 85,7 балды құрады.

Мектеп-лицейдің мақтанышы ретінде шахматтан әлемнің 3 дүркін чемпионы, ФИДЕ шебері, гроссмейстер Серікбай Әселді айрықша атап өте аламыз. Ш. Есенов атындағы шахмат кабинет ұтып алып, осы жоба аясында 2019 жылдан бастап кезең-кезеңімен 1-4 сынып оқушыларына шахмат сабағы өткізілуде.

Біршама жұмыстар атқарылып мектепте заманауи кабинеттер жабдықталды /Каоркинг орталығы, Стем, Еңбек ұл-қыздар, шахмат, математика, инклюзия, география, домбыра, робототехника/. Сынып бөлмелеріне 22 интерактивті тақталар орнатылып, 2 ауысымда 44 сыныпта сабақтар Интернет мүмкіндіктерін қолдана отырып, ұстаздардың түрлі бағдарламалармен жұмыс жасап отыруына қол жеткізіп отырмыз.

Мектепке спорт алаңы салынып, оқушылар үшін 15 спорт үйірмесі үздіксіз жүргізілуде. Оқушылардың 70%-ы қосымша біліммен қамтылған. Жасалып жатқан жұмыстар қазіргі заман талабына сәйкес оқушылардың белсенділігі мен креативтілігін дамытуға бағытталуда. Мұғалімдердің сапалық құрамын көтеру, жаңа оқыту технологиясын меңгеру, бірізді ұстанымдар мен құндылықтарды дамыту жұмыстары үздіксіз жүргізілуде.

Мектеп ұжымы мен оқушылары Темірбек Жүргеновтің тұлғалық қасиеттері мен ұшан-теңіз еңбегін елге танытуды өз миссиясының бірі ретінде қарайды. Сондықтан жыл сайын түрлі форматтағы жұмыстарды іске асырып келеді.

Мектепте ашық музей ұйымдастырылған, Кіре берісінен бастап қабырғалар «Жүргенов туралы сөйлеп» тұр.

Қала, облыс, республика көлемінде 2018, 2019, 2022, 2023 жылдары семинар, конференциялар өткізіліп, оқушылар мен ұстаздардың ізденісі тәжірибе болып таратылуда. Ол іс-шараларға жан-жақтан түрлі салалардан Жүргеновтанушылар тартылды:

- «Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қор» төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Аңсатов Сәпен Әбдіқадірұлы

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

- Қорқыт ата университетінің оқытушылары, профессор Оразбахов Айтжан Жұмабайұлы, тарих ғылымы кандидаттары Сағат Тайманұлы мен Алмагүл Абдразақовалар

-Н. Бекежанов атындағыҚызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры директоры, айтыскер ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Ниязов Мұхтар Мәуленұлы

- Мектеп түлегі, Темірбек Жүргенов бауырларының ұрпағы Жағыпарқызы Айпара

- Темірбек Жүргенов есімі берілген шығармашылық орталықтары мен білім беру ұйымдары ұжымдары

- Музей, Архив қызметкерлері

Мектеп-лицейде оқушылардың білім, спорт, өнер, танымдық зерттеу қабілеттерін дамыту, Темірбек Жүргеновтің өмірі мен еңбектерін кеңірек насихаттау мақсатында 5 кезеңнен тұратын өзін өзі дамыту бағытталған «Жүргенов төсбелгісі» Жобасы 2022 жылдан бастап іске асырылуда. Былтырғы оқу жылында 7 жеңімпаз анықталып, олар бір реттік сыйақымен марапатталды. Ағымдағы оқу жылында қатысушылар кезеңдер бойынша жұмыс жасауда. Сондай-ақ Жобаның ауқымын кеңейті шаралары қарастырылуда.

«Атым адам болған соң, қайтіп надан болайын», деп хакім Абай атамыз айтқандай Түркі әлемінің тұлғасы Жүргенов Темірбек Қараұлы есімін абыроймен алып жүру - біздің мектеп ұжымына зор міндет жүктейді. Алдағы уақытта да еліміздегі білім саласының ілгерілеуіне үлес қосып, халқына адал қызмет еткен Темірбек Қараұлы Жүргеновтің жарқын бейнесін жас ұрпақтың жадында қалдыру мақсатыда жүйелі жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚРОММ, 81-қор, 3-тізбе, 563-іс, 65-п.
2. Тарихи тұлға тағылымы. Зәмзәгүл Ибрагимқызы. Қызылорда, 2011 жыл. 170 бет, 5 б.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ГРНТИ

Т. ЖҮРГЕНОВ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ МӘСЕЛЕСІ

А.У. Абдразакова

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, п.ғ.м, аға оқытушы
(Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы)**

Жалағаш өңірінен шығып республика, одақ деңгейінде қызмет атқарған мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар, т.б жетерлік. Солардың ішінде қазақ кеңес мәдениетінің қалыптасуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған, сөйте тұра жазықсыз сталиндік террорлық құрбаны болған қайталанбас тұлға - Т.Қ. Жүргенов болды. Жүргенов Темірбек Қараұлы -Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, Қазақстандағы мәдениет, әдебиет пен өнер саласын, ғылым-білімін дамытуға тер төккен республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. 1929 жылы Тәжік АССР-нің қаржы наркомы, 1930-1933 жж. Өзбек АССР-нің, 1933-1937 жылдары Қазақ АССР-нің Халық Ағарту комиссары қызметтерін абыроймен атқарды. Осы жылдары республиканың мәдени – рухани бейнесін түбегейлі өзгертті, халықтың білімі әлеуеті нығайды, мәдени – ағарту мекемелерінің кең жүйесін қалыптастырды.

Әсіресе, халыққа білім беру ісінің нәтижелі болуы республика тұрғындарының жазу мен оқуды меңгеруіне де байланысты екенін атап көрсетеді. Оның үстіне оқу білімге құштар қазақ еңбекшілері кеңестік биліктің негізгі декреттерінің бірі –сауатсыздықты жою мәселесіне қызу қолдау көрсетеді. «Қазақстанда сауатсыздықты жою жұмысы туралы» мақаласында Қазақстан халқының революцияға дейінгі және 20-жылдардағы сауаттылық деңгейіне талдау жасай отырып, нәтиженің көңіл қуанта қоймайтынын алға тартады. Яғни, 1897 жылмен 1920 жылдың арасында 23 жылдың ішінде халықтың сауаттылығы 6.6-ақ процентке көтерілген [1]. Жағдай 30-жылдары ғана өзгеріп, хат танитын қазақстандықтар санының арта бастағаны белгілі. Бұл жөнінде жоғарыда аталған мақаласында мынадай мәліметтер келтіреді: Қазақстан автономиялы совет республикасы болғаннан бергі 15 жылдың беделінде сауатты халықтың саны 46 пайызға өсіп отыр. Содан бергі жерде бүкіл Советтер Союзындағы сауатты халықтың саны 59 пайызға өсті [1,149].

Жалпы саяси билікті қолына алысымен қалыптасқан жаңа жағдайда мемлекет алдындағы негізгі міндеттердің бірі - жаппай сауатсыздыққа қарсы күрес болды. Сауатсыздықты жою ісіне мемлекеттік деңгейде осылайша мән берілуі бұқараның назарын аударған мәселелердің бірі болды.

Сол жылдарда сауатсыздар мен шала сауаттыларды оқуға тартудың мына түрлері қолданылды:

- а) оқу мерзімі 3 айлық сауаттану орындары;
- ә) аудан орталықтарында жыл бойы жұмыс істейтін сауат ашу орындары;
- б) 6-10 айлық сауат ашу мектептері;
- в) шала сауаттыларға арналған бір – екі жылдық мектептері;

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

г) тұрақты мектептер [2]

Бірақ, республиканың түкпір – түкпірінде түрліше аталған мәдени – ағарту мекемелері – қызыл керуен, қызыл отау, оқу үйлері, оңтүстік өңіріне тән қызыл шайхана, диханшы үйі, түрлі курстардың әсіресе, ауыл – село халқының арасында жүргізген саяси – тәрбие, үгіт – насихат жұмыстарынсыз ересек адамдардың сауатсыздығын жою табысты орындалмаған болар еді.

Әлбетте, қоғам өмірін партиялық және таптық принциптерге сүйене отырып, қайта құруды жоспарлаған кеңес өкіметінің қатаң тәртібі сауатсыздықты жою мәселесінде де міндетті түрде белең алды. Оның бір көрінісі - хат танытуда алдыңғы кезекте коммунистер, комсомолдар, жұмысшылар сауатын ашу тұрды. Егер еңбекші қазаққа арналған сауат ашу мектептері жертөледе, киіз үйлерде, тіпті ашық аспан астында, жергілікті тұрғындар қаржысына жабдықталса, жұмысшылар мектебін мемлекеттік бюджет өз қамқорлығына алып, астанадан арнайы мұғалім кадрлары жіберіліп отырды. Сырдария губерниялық сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссияның 1926 жылдың 2,3-і тоқсандарына арналған жоспарында да ВКП(б) мүшелері мен комсомолдар арасында сауатсыздықты жою бірінше кезекте жүргізілсін делінген [3].

1933-1934 оқу жылындағы өлкедегі сауатсыздықты жою жоспарының 33,5 пайызы ғана орындалып, сауатсыздардың тек 58 пайызы оқумен қамтылды. Барлық күшті сауатсыздықты жоюға жұмылдыру туралы қаншама құжат қабылданғанымен, сауатсыздықты жою мәселесі тек, халыққа білім беру орындарының міндеті деген көзқарас ұзақ сақталды. Облыстық комсомол комитеттері, кәсіподақ ұйымдары сауатсыздықты жоюшыларды ұйымдастыру мәселесіне өз дәрежесінде мән бермеді. Бұл сауат ашу ісінде әрине қиындықтар туғызып отырды. Өйткені істі алға бастыратын мамандар жетіспеді, қарапайым оқу құралдары – дәптер мен қаламдар тапшы болды. 1933 – 1934 оқу жылында өлкеде 714 сауатсыздық жоюшы, 877 мәдениет әскері жұмыс істеп, 42 080 адам сауатын ашып шықты [4]. Жыл сайын сауатсыздықты жою мектебін бірнеше мыңдаған адам бітіріп жатқанымен, жаңа оқу жылында есепке алынған сауатсыздар саны кемімеді. Өйткені әліппені ғана меңгеріп, оқуды аяқтамай тастап кеткен ересектер жаңа оқу жылына дейін білгенін ұмытып, сауатсыздар қатарына қайтадан ілігіп жатты. Жылма - жыл оқумен қамтылған және оқуды меңгергендерді есепке алып, істі жоспарлы жүргізу үшін әр айдың 1-15 аралығында аудандық білім беру бөлімінің меңгерушілері сауатсыздықты жою мекемелерінің жұмысы туралы мәлімет беріп тұруы міндеттелді. Сауатсыздықты жою орындарын уақытынан бұрын тастап кетпеу үшін оқу бітгендерге сыйлық беру ісін де қарастырылып отырды. Осындай деректер Т. Жүргеновтің қалдырған мәліметтерінен де белгілі болып отыр. Мысалы, Алматы облысы Қастек ауданының «Үлгілі» колхозының мүшесі Қарымсақ келіні 53 жасында оқуын нәтижелі аяқтап 40 сом сыйлық алған екен. Діқанбай ұлы дейтін 56 жастағы кісі осындай нәтиже үшін бір қой иемденген. Бұндай әрекеттер әрине халықтың оқуды аяқтауына ынталы етіп отырды.

Осындай кең көлемдегі ауқымды жұмыстарды атқара жүріп Т. Жүргенов хат танып шыққан ересектер сұранысы бойынша ересектерге арнап мектептер ашумен ғана шектелмей, жоғары оқу орнына түсуге де мүмкіндік беруді қолға алады. Дегенмен, елде мектептер мен сауатсыздықты ашу орындарына мұғалімдер жетіспеушілігі кедергі бола берді.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Сондықтан, маман тапшылығына байланысты жоғары класс оқушылары жазғы демалысқа шығарда арнайы курстардан өтіп, жаз мезгілінде сауатсыздықты жою ісіне өз үлестерін қосып отырды. Қалыптасқан жағдайда оңтүстік облыстардағы сауаттылық пайызы, әсіресе жергілікті тұрғындар арасында төмен болды. Бұған бірнеше себеп бар: жоспар жергілікті жердің мүмкіншіліктерін ескермей жасалды, жылма – жыл жоспардың орындалмай отырғанына қарамастан оқуға тартылуға тиісті сауатсыз ересектер саны ұдайы өсіп отырды, оқыту сапасына мән берілмей сауатсыздықты жою орындарының жұмысына жол берілді. Тіпті оқу орындарының, оқу – құралдарының, мұғалімдердің жетіспеушілігі, даярлығының төмендігі ескерілмеді. Оның үстіне оқу курстарының мерзімі де өте қысқа болды. Осылайша оқулығы жоқ, шала сауатты мәдениет әскері жұмыс істейтін үш айлық курста оқушы көп нәрсені игере алмайтындығы айдан анық еді. Оқу бітіргендер тексеруден өткізілмеді, әліпбиді әрең игерген адам сауаттылар қатарына қосылды. Жоспардағы көрсеткіштерге жеткіземіз деп жалаң мәліметтер де беріліп жатты.

1936 жылы бірінші шілдеде облыстағы сауатсыздар мен шала сауаттылар саны шамамен 180 мың адам болды. Үкімет тарапынан, өлкедегі қаржы мөлшері мен адам күшін ескере отырып, 90 мың сауатсызды, 20 мың шала сауаттыларды оқумен қамту жоспары белгіленді. Көрсетілген құрамды оқыту үшін қазақ тілінде – 183 800, өзбек тілінде – 28 200, орыс тілінде 28 650 оқулыққа сұраныс берілді [5].

Аудандық білім беру бөлімдерінің мәліметіне қарағанда жана 1936 оқу жылында 3 461 мектеп ұйымдастырылып, 85 370 сауатсыз, 25 462 шала сауаттылар оқумен қамтылды. Бірақ, көктемгі егіс кезінде мектептер саны мен онда оқитын оқушылар саны күрт төмендеп кетті. Мысалы, Қызылорда аудандық білім беру бөлімі оқу жылының басында 9 019 – сауатсыз, 2 133 – шала сауаттылар оқумен қамтылды деп мәлімет өткізген. Ал іс – жүзінде 10 705 адам ғана оқыды [5,101-102]. Аудандағы 24 ұжымшар мен 7 ауылсоветке қызмет көрсететін 37 мектепте 2 606 оқушы тіркелсе, оныншы тамызда оқушылар саны 662-дей адам болған. Яғни, оқушылардың басым көпшілігі шаруашылыққа байланысты оқудан қол үзуге мәжбүр болды. Ал аудан өз ақпарын беріп жатты.1936 жылы облыстаға ересектерді оқытуда 7 537 000 сом бөлініп, тоғыз айда 248 800 сомы ғана жұмсалды [5,126].

Келер жылы да осы үрдіс қайталанды. Нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан облысы 1937 жылы тұрғындар арасындағы сауатсыздықты жоюды 12,2 пайызға ғана орындады, 112 300 оқушының 13 732-сі ғана оқуды аяқтап шықты [6].

Большевиктер партиясының сауатсыздықты жоюға бағытталған мемлекеттік деңгейдегі іс-шараларының нәтижесінде халықтың оқу – білімге деген құштарлығы өз жемісін беріп, өлкеде сауаттылық пайызы жылдан жылға жоғарылай берді. Оны төмендегі сандық көрсеткіштерден көруге болады. 1926 жылы оңтүстік өлкедегі 9-49 жас аралығындағы халықтың сауатты бөлігінің арасалмағы 14,4 пайыздан 1939 жылы 79,1 пайызға дейін көтеріледі. Ерлер арасында сауаттылық пайызы 1926 жылы 20,1 болса, әйелдер арасында 8,1 ғана болады [7]. Ал, 1939 жылы сәйкесінше 87,3 және 69,1 пайызды құрайды [8]. Сауатсыздықты жою міндеттерін шешуге мектеп жасындағы балаларды жаппай оқуға тарту да оң әсерін тигізді. Осылайша 8-11 және 11-15 жас аралығындағы балаларға жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруді енгізу арқылы хат танымайтын адамдар қатарын жылма – жыл толықтырып отырғандар - жеткіншектер пайызын

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

төмендету мүмкіншілігі туды. Бірақ бір өкініштісі 1937 жылы басталған жаппай саяси кұғын-сүргін науқаны қыруар игі істердің басы-қасында жүрген Т.Жүргеновті де өзінің шеңгеліне іле кетті. Ешкім ештеңе түсінбеді: адал әрі ұқыпты Темірбек несімен жақпай қалды? Бар мәселе мынада, бастапқыда революцияны бар жанымен қабылдаған Жүргенов қоғамда болып жатқан өзгерістерге қуанышты еді. Ол қарапайым халықтың білім алуға қолы жеткендігіне, өзі үшін жаңа әлемді ашқанына риза еді. Бірақ, ұжымдастыру, аштық басталып, совет үкіметі мешіттері жауып, қирата бастағанда, Жүргенов реформаға қарсы шыққандарды қолдады. Темірбек Жүргеновке «халық жауы, ұлтшыл, Кеңеске қарсы терроршы-көтерілісші, шпиондық-диверсанттық ұйымдарға басшылық еткен, жұмыстарына белсене араласқан» деген сияқты бірнеше айып тағып, кейін сот оны ату жазасына кесті. Үкім 1938 жылы 25 ақпанда Алматының іргесіндегі Қандысай деген жерде орындалған. Қайраткердің зайыбы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Дәмеш Ермекова Темірбек Қараұлы атылған күні абақтыға жабылған, 18 жыл ғұмырын АЛЖИР-де өткізген. Күйеуінің де, өзінің де жазықсыз жазаланғандығы жөніндегі ақтау қағазын алғаннан бері 30 жылдан астам уақыт бойы ол бар күш жігерін игілікті іске - Темірбек Қараұлының халқына сіңірген еңбегін кейінгі ұрпаққа жеткізу ісіне сарп етумен келді. Айнымас адал жарының қажырлы ізденістері нәтижесінде Жүргеновтің екінші, мәңгілік өмірі басталды. 1957 жылы КСРО Жоғары сотының әскери коллегиясы Т.Жүргеновті толық ақтайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жүргенов Т. Таңдамалы.Избранное.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2001.-275 бет, 149 б.
2. Жаппай сауатсыздықтан оқу – білім шыңына, 46-б.
3. ҚРОММ, 81-қор, 1-тізбе, 1001-іс, 75-п.
4. ҚРОММ, 81-қор, 3-тізбе, 563-іс, 62-п.
5. ҚРОММ, 81-қор, 1-тізбе, 1013-іс, 99-п.
6. ҚРОММ, 1642-қор, 1-тізбе, 57-іс, 1-4 п.п.
7. Всесоюзная перепись населения 1926 года. Каз. АССР. Отд. I, т. VIII. М., 1928, 193с. 192с.
8. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года. Каз ССР. Госстатиздат. М., 1962. 60-61 с.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

УДК 3;32.019.52

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Ильясова Элмира Умирзаковна

elmira_ilyasova_2018@mail.ru

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
«Философия және әлеуметтік гуманитарлық пәндер»
кафедрасы, әлеуметтік ғылымдарының магистрі
Қызылорда қаласы, Қазақстан**

Адам өз өміріндегі барлық қажеттіліктерін алған әлеуметтік ортада, өсіп – өніп, ұрпағын жалғастырып, қоғамға қызмет етіп, өзінің өмірлік тәжірибиелерін жинақтайды, сол арқылы біршама білімді игерген жеке адам ретінде басқаларға да білгенімен бөлісіп, қолұшын бере алуда үлкен шыдамдылықты, тәрбиелікті, көргенділікті, сауаттылықты білдіреді. Бұлардың барлығы әрбір адамның өмірлік ұстаздары ата-анамен қатар ұстаздарының, тәрбиешілерінің көмегімен болары анық. Абай Құнанбаевтың шығармаларында жеке адамның, оның құрылымы және маңыздылығы сипатталады. Нәресте дүниеге келгеннен кейін оның келешек жетілу дәрежесі үш себепке байланысты, - дейді. Олар баланың ата тегі, дүниеге келу ортасы және келешек тәрбиесі. Әлеуметтену процесінің ондылығын сол жақсы орта деп білді: Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады-деген болатын. Олай болса ұстаздың мәртебесі мен еңбегінің шындалып, онды нәтижесін осы ұрпақтың өнегелі тәрбиесінен көруге болады. Осындай өзінің өмірінде өнегелі ісімен, алған білімімен қатар өзінің қабілетін халқына пайдалана білген, барлық күшін сарқа пайдаланған қоғам қайраткері Т. Жүргеновтің ағартушылық саласындағы еңбектеріне тоқталып өткім келіп отыр. Т. Жүргеновтің өмірі туралы таныса отырып мынадай мәліметтер алынды.

Кеңес үкіметінің, яғни қазақ халқының да көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Т. Жүргенов және тағы басқалары Кеңес үкіметінің саясатына қалтқысыз сеніп, халқына адал қызмет еткен үлкен тұлғалар еді [1].

Халықтың сол кезеңдегі бай, кедей болып бөлініп, үкімет кедей байғұсты шапқа түртіп, байға айтақтау салдарынан ырду-дырду заман басталып, елдің берекесі кетіп тұрған сол бір бұлғақ кезеңде Темірбек Жүргеновтің әкесі Қара да тәркілеуге ілініп, жер аударылып, соңынан 1937 жылы атылып кеткен еді. Өйткені Қара қатардағы ортанқол шаруа емес, мың-мыңдап жылқы айдаған атақты шонжар. Соған қарамастан оның дарынды ұлы Темірбек Жүргенов Кеңес үкіметінің көрнекті мемлекет қайраткері болып қалыптасты[1].

Қазақта «әке – балаға сыншы» демей ме. Жас Темірбектің зерек болып өсіп келе жатқанын әкесі ертерек байқаған сияқты.

Егер тегін адамға мал бітпейтінін ескерсек, Қара Жүргенұлының да қара жаяудың бірі емес екені аңғарылады. Демек, заман желінің қай жақтан есетінін көкірегі ояу әке әу бастан-ақ бажайлаған сыңайлы. Осы есеппен ол алғыр да өткір ұлы Темірбекті ауыл

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

мектебінде сауат ашумен шектемей, қолынан жетелеп, сол тұста білім берудің әжептәуір орталығы деп саналатын Аламесектегі бастауыш орыс-қазақ мектебіне, одан кейін Перовскідегі Суханский атындағы училищеде орысшаға жетілдіре түседі.

Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды: дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді, ұлттық психологияны, сөз бен саз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні - Сыр бойының белгілі ағартушы-ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мен Аламесек орыс-қазақ мектебінде сабақ берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айту жөн. Алғашқы ұстазының шарапатты әсерімен жас бала бірнеше шығыс тілін меңгеріп, шығыс мәдениетінің жауһарларымен жастай танысса, соңғы ұстазының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық революцияшыл идеяларды терең игерді. Сөйтіп, Т.Жүргеновтың дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты. Қайраткер-қаламгердің көзқарас эволюциясындағы осы ерекшелік соңыра оның мәдени құрылысқа, ағарту саласына байланысты мәселелер түйінін әрі тез, әрі дұрыс тарқатып отыруына көп көмегін тигізді. Екіншіден, Т.Жүргенов - 20-30 жылдардағы үркердей қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі. Оның ат жалын тартып мінген азаматтық өмірі бірден ұлттық ояну, көтерілу, серпілу және ұлттық-саяси тәуелсіздік жолында күресу кезеңіне тұспа-тұс келді. Т.Жүргенов Нәзір Төреқұлов, Әліби Жангелдин тәрізді қайраткерлермен бірге иық тіресіп, ең алдымен өзі өкілі болып саналатын қазақ халқының мүддесіне қызмет етті [2].

Адам өмірге бірдей болып келеді, бірақ та өсе бара олардың тағдыры әртүрлі болып қалыптасады. Адамның құдіреті санасында, сондықтанда әрбір адам саналы өмір сүрсе және бәрін ақылға салып, ойлап істесе, оның алдына қойған мақсатына да, байлыққа да, бақытқа да қол жеткізуге болады. Адамзат баласының осы кезге дейін құрған қоғамы, жасаған рухани және материалдық байлығы, осының бәрі сананың жемісі. Сана арқылы адамның дүниетанымы, өмірге көзқарасы, рухани мәдениеті қалыптасады.

Рухани саулыққа көңіл қойылған жағдайда адам елмен сыйласады, ойлау қабілеті жоғары шама шарқын білетін, ақылмен іс істейтін өте сезімтал, ұстамды да байсалды, қоғамдағы өз орнын білетін, жауапкершілігіне ұқыптылықпен қарайтын, адамдармен тез тіл табыса алатын, табиғатты сүйетін, қоршаған ортадан хабардар, бақыт дегеннің не екенін түсінетін жан болады. Осындай рухани өмірдің артықшылығын білген бүгінгі тақырыбымызға негіз болған Т. Жүргеновтің өмірбаянын оқи отырып жас та болса да, өмірінде өшпестей із қалдырған, өзінің халқы үшін аянбай тер төккен, артындағы болашаққа үлкен үміт арта отырып, қалай халқы үшін еңбек ету керек екенін түсіндіріп, ісімен көрсете білген, рухани мықтылықтың адам өміріндегі ерекшелігін таныта білгендігін көріп отырмыз. Оның өзінің жас өмірінде жасаған еңбектері, тәрбиенің де, бойындағы қанның да, білімнің де, ортаның да, мықты ұстаздардың да орынын көрсетіп отыр. Олай болса осындай қоғам қайраткерлерінің оңды істерін көрсетер жүріп өткен жолдарын жас ұрпаққа жеткізу дұрыс қадам екені белгілі. Осы мақсатта өз жерлесіміз, қоғам қайраткері Т. Жүргеновтің қоғамдағы еңбектерімен танысып, баяндау өте

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

орынды.Баспасөз мәліметтерінен оның ағартушылыққа қосқан ұшан-теңіз еңбектерін, қызметтерін көріп отырмыз.

Ахмет Байтұрсынов, Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков бұлар халқымыздың рухани-мәдени, оқу-білім саласын әр қилы замандар мен саяси жүйе жағдайында өрге сүйреген Қайраткерлер. “Елім”, “жұртым” деп жан айқайымен жанын оққа да, отқа да қарсы тосқан Күрескерлер. Жоқты бар қылған, барды зор қылған Жасампаздар. Сол жасампаздық, туындыгерлік еңбектерімен есімдері ел есінде мәңгі қалған арыс Тұлғалар! Тарих оларға, белгілі ақынның образды сөзімен айтқанда, “бір мезгілде әрі ағартушы, әрі жарық түсіруші” міндетін жүктеді[2].

Өзінің жастығына қарамастан Т. Жүргеновтің оқу мен жұмысты қатар алып жүругендігін көреміз. 1921-1923 жылдары ол Орынборда ашылған жұмысшы факультетінде оқиды. Сонда оқып жүрген жерінен 1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне білімін жетілдіруге жіберіледі. Білімін жетілдіруге жіберілді деген аты болмаса, ол мұнда да оқу мен жұмысты ұштастыра жүргізуді тастаған жоқ. Білімін жетілдіре жүріп, Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі қызметін қоса атқарды. Сонымен бірге Қазақ АКСР-і мен Түркістан Республикасы Орталық Атқару комиттерінің мүшелігіне саланды, өлкелік және республикалық партия ұйымдарының конференциялары мен пленумдарына қатысып, республикалар өміріне қатысты күрделі мәселелерді үнемі назарда ұстады. Соның бірі – шетін мәселелер қатарынан саналатын республикалар аумағының межеленуі төңірегінде «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттеріне мақалалар жариялады.

Жалпы, қазақтың қаймағы бұзылмаған ортасында өсіп-өнген Т. Жүргеновтің бойында халықтық тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мәселелер тоғысып жататынын аңғару қиын емес. Мәселен, ол Ташкентте қызмет еткен жылдарында қыруар жұмысбастылығына қарамастан, бір мезгіл қазақтың рухани өміріне де назар аударып отыруды ұмытпайды. Осы орайда «Терме» деген жинақ құрастырып, оған Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, т.б. қазақ қайраткерлерінің, көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау, т.б. қазақ ақындары мен батырлары тураы құнды мәліметтер жариялайды.

Мәліметтерде Т. Жүргеновтің тыным таппай еңбектенумен қатар, үнемі басшы қызметтерде болғандығы да айтылады.Мысалы, 1926 жылы Ташкентте Қазақ педагогикалық институты құрылған тұста ол осы институттың директоры болып тағайындалады. Мұнда да басшылық, ұйымдастырушылық қызметті шығармашылықпен қатар жүргізеді. Айталық, институтқа академик В.В. Бартольд, профессор С.Е. Малов тәрізді атақты ғалымдарды шақыртып, институт жұмысын жанжардыруға саяси экономия және құқықтану пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударады. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға атсалысады[1].

Темірбек Жүргенов – сонымен қатар мықты публицист болғандығын аңғаруда қиын емес.

Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметін атқарған 1933-1937 жылдар – Т. Жүргенов харизмасының бұрынғыдан да биік деңгейге көтерілген тұсы. Осынау жазықсыз атылуына санаулы жылдар қалғандығы тынымсыз, аса зор ұйымдастырушылық еңбегі, жарқ-жұрқ еткен жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері жұртшылық жүрегінде мәңгілік

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

қалып қойды. Республиканың мәдени, ағарту өміріне ең бір шоқтықты, тарихи кезең ретінде енген айтулы оқиғалар Т. Жүргенов республиканың оқу-ағарту саласына басшылық жасаған кезде атқарылды. С. Аспандияров, Қ. Жұбанов, Ғ. Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Т. Жүргеновтің тікелей басшылығымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ ортамектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептері санының артуына негіз қаланды[1].

Т. Жүргенов қазақтың төл мәдениетінің асқан білгірі болатын. Жалаң сөзден гөрі қашанда іске бейім тұратын әдетімен ол бұл бағытта да өзгелерге үлгі-өнеге көрсете білді, атап айтқанда «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздық жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» т.б. мемлекетшіл тақырыптағы очерктері мен мақалалары бүгінгі ұрпақ үшін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Жүргенов қоғам қайраткері ретіндегі қызметін партиялық функционерліктен емес, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, қаламын қару етіп бастағанын атап айтқан жөн. 20-жылдар басында Т.Жүргенов республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатыру ісіне шығармашылық, ұйымдастырушылық қажырымен атсалысты[2].

Ол туралы қазақ мәдениетінің көрнекті өкілдері былай тебіренеді: Жазушы Ғ. Мүсірепов: «Жүргенов – тілді де тісті, жігерлі де іскер адам».

«Біз қазақ мәдениетінің шырқау шындары үшін Темірбек рухының алдында қарыздармыз» - деген еді Әбіш Кекілбаев.

1937-жылы басталған жаппай саяси қуғын-сүргін науқаны қыруар игі істердің басы-қасында жүрген Т.Жүргеновті де өзінің шеңгеліне іле кетті. Оған «халық жауы, ұлтшыл, Кеңеске қарсы терроршы-көтерілісші, шпиондық-диверсанттық ұйымдарға басшылық еткен, жұмыстарына белсене араласқан» деген сияқты бірнеше айыптар тағып, кейін сот оны ату жазасына кесті. Үкім 1938-жылы 25-ақпанда Алматының іргесіндегі Қандысай деген жерде орындалған. Бұл кезде есіл ердің жасы небәрі 39-да еді[2].

Өзі өткенмен оның ісі, атқарған қызметі, халқы үшін қалтқысыз еткен еңбегі, атап айтқанда қалдырған мұралары әдеби-мәдени, оқу-ағартудағы құнды дүниелері жоғары бағаланып, бүгінгі күні барлық салада өз қызметін атқаруда. Бұл оның өнегелі өмірі мен еліне деген сүйіспеншілігін көрсететін бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болатын құнды мұралар.

1993 жылы Алматыдағы Қазақ ұлттық өнер академиясына Т.Жүргеновтің есімі берілді. Алматы, Қызылорда қалаларында, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы мен Қызылорда облысының Жалағаш аудандарында Т.Жүргенов есімімен аталатын мектептер мен көшелер бар. 1998 жылы Жүргеновтің 100 жылдығы республика көлемінде аталып өтті. Туған жері Жалағаш кентінде ескерткіш орнатылды[3].

Түйіндеме:Рухани өмірдің артықшылығын білген бүгінгі тақырыбымызға негіз болған Т. Жүргеновтің өмірбаянын оқи отырып жас та болса да, өмірінде өшпестей із қалдырған, өзінің халқы үшін аянбай тер төккен, артындағы болашаққа үлкен үміт арта отырып, қалай халқы үшін еңбек ету керек екенін түсіндіріп, ісімен көрсете білген, рухани мықтылықтың адам өміріндегі ерекшелігін таныта білгендігін көріп отырмыз. Оның өзінің

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

жас өмірінде жасаған еңбектері, тәрбиенің де, қанның да, білімнің де, ортаның да, мықты ұстаздардың да орынын көрсетіп отыр. Олай болса осындай қоғам қайраткерлерінің онды істерін көрсетер жүріп өткен жолдарын жас ұрпаққа жеткізу дұрыс қадам екені белгілі.

Резюме: Читая биографию Т. Жүргенова, которая послужила основой для нашей сегодняшней темы, познавшей преимущества духовной жизни, мы видим, что молодой человек, оставивший неизгладимый след в своей жизни, неустанно потел за своим народом, возлагая большие надежды на будущее за ним, объяснял, как трудиться за своим народом, проявлял свою уникальность в жизни человека, проявляя свою духовную силу. Работы, которые он проделал в своей юной жизни, показывают место и воспитания, и крови, и образования, и среды, и сильных учителей. Так что, как известно, это правильный шаг-донести до молодого поколения пути, отражающие позитивные поступки таких общественных деятелей.

Resume: Reading the biography of T. Zhurgenov, which served as the basis for our today's topic, which learned the advantages of spiritual life, we see that a young man who left an indelible mark in his life, tirelessly sweated for his people, pinning great hopes on the future for him, explained how to work for his people, showed his uniqueness in human life by manifesting his spiritual power. The works that he did in his young life show the place of upbringing, blood, education, environment, and strong teachers. So, as you know, it is the right step to convey to the younger generation the ways that reflect the positive actions of such public figures.

Кілт сөздер: Т. Жүргенов, рухани сана, білім, ғылым, өмір жолы, жастар, ұлттық жанашыр, қоғам, ұстаз.

Ключевые слова: Т. Жүргенов, духовное сознание, образование, наука, жизненный путь, молодежь, народное сострадание, общество, учитель.

Keywords: T. Zhurgenov, spiritual consciousness, education, science, life path, youth, people's compassion, society, teacher.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өмірзақ Озғанбай Тарихи тұлғалар тағылымы. Астана 2016.
2. Бауыржан Иманғалиев. 19 қазан. 2018. [Egemen.kz>article/176440-memleket-dgane...temirbek...](https://egemen.kz/article/176440-memleket-dgane...temirbek...)
3. Әлімбекұлы Толымбек. 18 наурыз 2023. Әдебиет порталы. [Adebiportal.kz > Авторлар>view/2271](https://adebiportal.kz/Авторлар/view/2271)

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Т.ЖҮРГЕНОВ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Каскабаева Мадина Серикбаевна

Т.Жүргенов атындағы № 136 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі

Посттоталитарлық даму кезеңіндегі қоғам өмірі салаларының жаңаруы мен жаңғыруының күрделі процесі туындатып отырған проблема аз емес. Солардың ішінен қазақ халқының тарихи өткенін және сол өткен заманның айнасы іспетті рухани мұраны саралау ісін бөліп айтқан жөн. Бұл орайда, әсіресе бүгінгі күннің түйінді мәселесі бастау алып жатқан 20-30 жылдар кезеңінің орны айрықша. Аталмыш кезеңде маңдайы жарқырап шыққан тұлғалы жандар да, олар атқарған істе орасан көп. Олар жиырмамыншы ғасыр басындағы рухани мұра жасаушылардың бірегейлері болып табылады. Сол азаматтардың бірі - қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов.

Есімі тек қана қазаққа ғана тән емес, ісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақ еліне ортақ тұлға аса көрнекті, қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы, көсемсөз иесі саналған Темірбек Қараұлы Жүргеновтің әулеті жайлы сөз қозғамақпын.

Қазіргі уақытта, Егемендігімізді алып, ел болып, тәуелсіздік туын көкке көтерген шағымызда, ата-бабамыздың рухын жоғары көтеріп, еліміздің тарихын зерттеп, ащы шындықты жария ететін күн туды.

Темірбек Қараұлы Жүргеновтің есімі тек қана қазаққа ғана емес, ісі түркі жұртына мәлім, қазақ интеллигенциясының шоқтығы ерекше жарқыраған жұлдыздардың үркері. Ол Тәжік АССР-інің қаржы наркомы, Өзбек АССР-інің Халық Ағарту комиссары, Қазақ АССР-інің Халық Ағарту комиссары қызметін абыроймен атқарған азамат. Т.Жүргеновтің қазақ мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен білімін дамытуға, олардың аса қиын кезеңде қалыптасуына қосқан үлесі зор. Ол қазақ өнерінің дамуы мен қазақ тілінің республикада негізгі қолданыс тілі болуын арман етті және сол үшін күресті.

Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің төрт тірегінің тек бірегейі қайраткер-қаламгер Т.Жүргеновтің әдеби мұрасының орны ерекше. Оның жазушылық және публицистикалық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама зерттелсе де, Т.Жүргеновтің қаламгерлік қарымы назардан тыс қалып келеді. Себебі, оның қаламгерлік қабілеті мемлекеттік қызметінің тасасында қалды. Дегенмен де Темірбектей тұлғаның өмірінің өзі жас ұрпаққа тағылымы мол өнеге!

Қайраткердің қаламгер ретінде қалыптасуына бірнеше себептер бар. Алдымен Темірбек Жүргенов Шығыс пен Батыстың мәдениетін тең игерген жаңа толқынның өкілі. Ол кезінде Ырғыз бен Сыр бойы аралығын жайлаған қалың елге белгілі болған, ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын аңғара білген көзі қарақты жан Қара Жүргенұлының бел баласы. Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды, дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді, ұлттық психологияны, саз бен сөз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні - Сыр бойының белгілі ағартушысы, ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мен Аламесек орыс-қазақ мектебінде сабақ берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша және қазақша-

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

орысша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айтқан жөн. Алғашқы ұстазының шарапаты әсерімен жас Темірбек бірнеше Шығыс тілін меңгеріп, шығыс мәдениетінің жауһарларымен жастай танысса, соңғы ұстазының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық төңкерісшіл идеяларды терең игерді. Сөйтіп, Т.Жүргеновтің дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты.

Темірбек Қараұлы өмірбаянында Қазалы уезінде туғанын жазыпты. Темірбек басқа да ауыл балалары сияқты әуелде ауыл балалары сияқты әуелде ауыл молдасы Шөмекей руының Өтеген-Матай аталығының Мұқатай ахуннан сабақ алады. Кейіннен шығыстілінің білгірі, танымал ақын болған Тұрмағанбет Ізтілеуовтің алдын көруі, оны шығыс әдебиеті классиктерінің шығармаларынан аздап та болса хабардар етеді. Он жасында әкесі Қара баласына орысша хат танытуды мақсат етіп «Жаңабазар» деген ірі сауда орталығындағы орысша-қазақша екі сыныптық «Аламесек» мектебіне оқуға түсіреді. Бұл кезде Аламесек үлкен орталық болып есептеледі. Мұнда ол демократиялық көзқарастағы мұғалім, туысы Омар Самаевтан білім алады. Бастауыш мектепті үздік бағамен бітірген Темірбек Перовскідегі (Қызылорда) орыс тілінде оқытатын училищеге түседі. Осы кезден, яғни, 1913 жылдан бастап жас шәкірт Крылов, Некрасов шығармаларын қазақ тіліне аударуды да қолға алады. Анда-санда ауылына салт атпен барып тұратын. Қара ауылы жаз жайлауы Жабасақ, Жантай, Тышқанбай саласы, Сулыкөл болса, қыс қыстауы Қарақұмда, Сыр бойында отыратын. Әкесі «осы оқуың жетеді» дегеніне қарамастан Темірбек оқу іздеп сапарға шығады. 1917 жылы Уфа қаласындағы жер өлшеушілер училищесіне түскенімен, революция дүрбелеңінен оны аяқтай алмайды. Өзінің 1937 жылдың сәуірінде жазған өмірбаянында жер өлшеушілер училищесінен кейін 1918 жылдан тікелей Кеңес органында істей бастағанын мәлімдейді. Темірбектің өз өмірбаянында жазғанындай, ірі бай отбасынан шыққан.

Қуаң Әленұлы атамыз өте бай болған, бір басында алты мыңдай жылқы, қырық мыңдай қой біткен кісі болыпты. Қуаң атамыздың бала кезінде әжесі Әленнің үйіне (Әлен атануы да көп қой біткен, осы дәуірге дейін шешелеріміз, жеңгелеріміз «қойы көп» деп атайды. Әленнен тараған ұрпақтарды Жәрімбет сарғасқаның ішінде) Орта жүздің қыпшақ руының арасында елге танымал белгілі кісісі бар, бір топ жолаушысы түстеніпті. Қонақтар жайланып, ет әкелініп, бұрынғы ғұрып бойынша тамақ асатар кезінде ауыл балалары есік аузына келіп тұрады. Қуаң атамыздың бойы бәкенелеу болса керек, балалардың соңында тұрып қалыпты. Сол кезде жолаушылардың басшысы әрі ақсақалы қолындағы жамбасты алдыңғы қатардағы балаларға асатпай, соңында тұрған Қуаңға асатыпты. Ол кезде қонақтарды келесі ауыл тұсына дейін шығарып салу үрдіс болған. Жолаушылардың бірі өз ақсақалдарына былай деп сауал тастайды: «Алдында біраз бала тұрса да, сіз қолыңыздағы жамбасты соңғы жақта тұрған баланы шақырып алып бердіңіз. Осының бір мәні бар-ау», - депті. Сонда ақсақал: Е, жігіттер, сіздер қайдан білесіздер, бұл бала Кіші жүздің белгілі бір байы болайын деп тұр ғой, - деген екен. Арада біраз жыл өткен соң тағы бір сапарында сол жолаушылардың бірен-сараны ішінде абызы бар, Қуаң атамыздың ауылына келеді. Атамыз ауылда жоқ екен, Айым әжеміз қонақтарды жібермей қысырдың тайын сойып, қонақтарды қондырады. Қуаң атамыз түнделетіп келсе керек, таңертең қонақтарды шығарып салуға жіберетін жігітке «қонақтарды шығарып сал»

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

деп тапсырма береді. Біршама уақыттан кейін қонақтардың біреуі абыз кісіге: «Сіздің айтқаныңыз келіпті. Қуаң бүкіл қазаққа белгілі бай болыпты», - депті. Сонда ақсақал былай деген екен: «Рас, Қуаң бай болыпты, бірақ Қуаңның ырысы өзінде емес, әйелінде екен», - депті. Сонда Қуаң атам жанындағы кісілерге қарап мырс күліп: сыншы жаңылды, осындай ырысты әйелді алғаннан, менің ырыссыз болғаным ба? - деген екен. [1]

Қара Жүргенов (1858-1938)

Қара (шын аты Сырлыбай) Жүргенұлы 1858 жылы Сырдария облысының Қаракөл болысында сол дәуірдегі аса бай Қуаңұлы Жүргеннің отбасында дүниеге келген. Қуаң бай еліне беделді кісі болса керек. Ол туралы атақты ақын Әзілкеш өзінің Қыз-Болықпен айтысында елін жерін, ел адамдарын мақтай келіп:

Ақболық жіңішке мен жуан қандай
Сыймайды-ау қамзолына сыбанғандай
Мақтайсың оның несін ей Ақболық,
Қоздатқан сексен мыңды Қуаң қандай

- депті. Сол сексен мың қой қоздатқан Қуаң бай Қараның атасы еді. Ал Қуаңның әкесі Әлен, оның әкесі Жәрімбет елге белгілі болған тұлға, би әрі әулие болған бабамыз бір рудың атын алған адам. Қазір Сыр бойында оның ұрпақтары өздерін Жәрімбет Сарқасқамыз деп атайды. Темірбек Жүргенов Қара ұлы кіші жүздің текті тұқымынан шыққан. Темірбектің әкесі Қара үш әйел алған. Одан он балалы болған. Олар: Ноғай, Бидаш, Қосжан, Досжан, Темірбек, Ысқақ, Беназар, Кәпназар, Айназар, Зағипа. Қара Жүрген ұлының ауылы қыста сыр бойындағы қыстауында қыстап (Жалағаш ауданы, Жаңаталап ауылына Іздібай өзегі бойында, Қаракұмда Қараның қыстауы бар). Жазда Жабасақ, Жантай, Тышқанбай саласы, Сулықөл деген жерлерді жайлаған. Мықтырған мал өсіріп, соның жәйімен көшпелі өмір кешкен. Кей жылдары Ырғызды қыстап қалатын еді. Бірнеше рет болыс болып ел басқарған халқына қайырымды Қара Жүргенұлы 1928 жылғы орталық комитеттің ірі байларды конфискелеу туралы қаулысына сай мал-мүлкі тәркіленеді. Оны үш жылға «Қарқаралы» уезіне жер аударады. Үш жылдық мерзімін өтеп елге оралып №16 ауылға (Қазіргі Жаңаталапқа) келеді. Кеңестік төңкеріске дейін Қарада 2000 жылқы, 150-түйесі, 180-сиыры, 3000-дай қой, ешкісі болған. 1937 жылы 80 жастағы Қара ақсақалды Нарком Жүргеновтің әкесін тұтқындап 1-категориялы халық жауы деген тізіммен ату жазасына кесуге НКВД басшысы С.А.Пяткин Шымкенттегі басшылығынан рұқсат алады. НКВД-өкіліне берген жауабында: Мен ешқандай контрреволюциялық ұйымда болғаным жоқ. Бай болғаным, болыс болғаным рас. 1928 жылы кеңес өкіметі мал-мүлкімді тәркілеп, қарқаралық уезіне жер аударды - деп жауап береді. НКВД-тергеушісі 1937 жылы 15 қыркүйекте ату жазасына кеседі. Үкім 25 қыркүйекте Қызылорда қаласында жүзеге асырылды. Қызылорданың жанына құпия жерленеді.

Жүргенов Қара үш әйел алған. Бірінші әйелі Сұлу әжеміден → Ноғай, Бидаш апам.

Екінші әжеміз **Жәніштен** → Қосжан, Досжан, **Темірбек**, Ысқақ.

Үшінші әжеміз Кәмпиттен → Кәпназар, Айназар, Беназар (Бетай Қуанов), Зағипа.

Темірбек атамның анасын көп деректерде Кәмпит әжеміз деп айтатын. Туған анасы Жәніш әжеміз ертеректе қайтыс болып, Кәмпит әжеміздің қолында туған

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

баласындай болып өседі. Сұлу әжеміздің руы есімде қалмапты, Жәніш әжеміз он екі ата Байұлы тана руының қызы. Кәмпит әжеміз шөмекей, тоқсейіт сарғасқаның қызы.

Қара Жүргеновтің жеті ұлы, бір қызы қалған. Ұлдары Қосжан мен Досжан Қараевтар отызыншы жылдардың бас кезінде малдары конфескеленіп, өздері жер аударылған, кейіннен екеуі де жазықсыз репрессияға ұшырап атылып кетті. Олар «Қарақұм көтерілісіне» қатысып, Қосжан көтеріліс басшысы, Досжан уағыздаушысы болады. «Қателерін мойындап, Кеңес үкіметіне берілсе, кешірім жасалады» деген хабарға сеніп, айыбын мойындауға келген Қосжан мен Қараның тағы бір ұлы Ысқақ атылыпты. 1937 жылы Ысқақ НКВД қолынан қаза тапты. Ысқақты да заңсыз қылмысты жауапқа тартқан сол қиянатшыл Пяткин еді. 1937 жылы 19 желтоқсанда оны қамауға алып «Кеңестік үгітті әкеңмен бірге жүргіздің», - деп айыптаған. Ысқақ Жүргенов 1938 жылы 27 қарашада соттан тыс үштіктің шешімімен ол Қызылорда қаласында атылған. Соңында Ысқақтың зайыбы Ақшебер және жалғыз ұлы қалған екен. Сол ұлы кейінгі соғыста қаза тауыпты. Архивтік тергеу ісінде ол кісінің облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасына жазған хаты сақталған.

...«1937 жыл ішінде Алматыда Темірше ұсталысымен оның әкесі Қараны, Қара баласы Ысқақты, Қарақұл баласы Пірназарды, Жарасбай балалары Смақан мен Сқақты да ұстап алып кетеді. Жүрген тұқымын 1928 жылғы ашаршылық, ең соңғысы 1937 жылғы зобалаң-зорлық жер бетінен құртамын десе де құрта алмады. Қара көкемнің Беназары мен Айназары аман қалды. Беназар фамилиясын өзгертіп, қуғындаудан құтылды». Т.Қ.Жүргенов-1938 жылдың ақпан айында қаза болды. Қырыққа толар-толмас жасаған өмірінің ішінде келер ұрпақ үшін өшпес із қалдырды. Біз оның қазақ халқының мәдениетіне сіңірген игі еңбегін ұмыта алмаймыз.

Т.Жүргеновке мынандай сандырақ айыптар тағылған:

1. Жүргенов ұлтшыл, терроршыл көтерілісші, шпидондық-диверсиялық ұйымның құралған кезінен (1926-1927 жж.) бастап оған басшылық еткен, жұмыстарына белсене қатысқан.

2. Контрреволюциялық ұйымға жаңа мүшелер қабылдаған.

3. 1930 жылы кеңес үкіметіне қарсы Қарақұм көтерілісінің ұйымдастырушыларының бірі болған

4. Қазақстандағы контрреволюциялық ұйым жетекшілерінің бірі, шетел мемлекеттерінің Кеңес одағына қарсы соғыс жариялануына туралап көтеріліс әзірлеген.

5. Контрреволюциялық терроршыл жұмыстары жайында хабардар болған және кадрларды сол мақсатқа дайындаған. Ұйым басшыларының тапсырмасы бойынша Орталық ВКП(б) Саяси бюро мүшелеріне террорлық акт әзірлеген..

6. Қазақстанда өнеркәсіп және ауыл шаруашылығындағы жүргізіліп жатқан диверсиялық әрекеттерді білген. Басшылардың директивасы бойынша жеке өзі де диверсиялық топ құрды. 1936 жылы Алматы қаласындағы баспахананы өртеуге дайындық жүргізген және ұйым мүшелеріне Темір жолда диверсиялық әрекеттерді жүргізуге тапсырма алған.

7. Халық Ағартудың барлық саласында зиянкестік жұмыс жүргізген және бұл іске өзі де басшылық еткен. Яғни РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-1 «а», 58-7, 58-8 және 58-9 баптарына қараған қылмыстар жасаған.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Осы айыптау бойынша КСРО жоғарғы сотының әскери коллегиясының көшпелі мәжілісінде (1938 жылы 25 ақпан) Т.Жүргеновтың «қылмыстық ісін» қысқа мерзімде, небәрі 20 минут ішінде қарап, оны ату жазасына кескен. Үкім сот мәжілісі аяқталысымен-ақ сол кезде жүзеге асырылды.

Кешікпей зайыбы Ермекова Дәмеш «халық жауының әйелі» атанып, бас бостандығынан айырылып сотталады. Жазасын НКВД-ның арнайы лагерінде өтеген. Содан кейінде бірнеше рет жер аударылған. Тек 1957 жылы ақталды. Алматыға оралған соң Дәмеш апай күйеуінің ақталуына көп күш салды. Жоғарғы инстанцияларға хаттар жазған.

Осы өтініштің негізінде 1957 жылы 16 көкекте ССРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен Темірбек Жүргенов заң жүзінде толық ақталды. КСРО кезеңінде орталық НКВД басқармасы қазақтың қоғам қайраткері, біртуар азаматы Темірбек Жүргеновті «Халық жауы», -деп қамауға алғанда, Жүргеновтер әулеті түгелдей құртып жіберуді басты назарда ұстайды. Себебі, Жүргеновтер әулеті сол кезеңде қоғамға қауіпті отбасы деп саналды.

Қиназар Қосжанов: Жүргеновтер әулеті туралы

1994 жылы қыркүйек айында Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінде Темірбек Жүргенов жайлы мақала жарияланған еді. Сол мақаланың соңында былай деген: «Әрине, 1957 жылы көкекте КСРО Жоғарғы Сотының әскери коллегиясы Жүргеновті заң жүзінде толық ақтады. Бірақ социалистік қоғамның қатыгез системасының қорлығы мен мазағына ұшырады. Бір шаңырақтың тұқымы осылай түгел құрып, бір жола жоқ болды.»

Кешікпей облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетіне Жалағаш қыстағының тұрғыны Қиназар Қосжанов келіп: Жүргеновтердің үрім бұтағы түгел құрып кеткен жоқ. «Күдайға шүкір, біз бармыз»-деп жарты ғасыр бойы айтылмай келген қайғылы оқиғаны баяндап берді: «Менің көкем Қара Жүргенов және оның балалары Досжан, Қосжан, Ысқақ, Темірбек, Көпназар және Айназарлардың ОГПУ, НКВД қолдарынан жазықсыз қаза тапқандары рас,- деді Қ.Қосжанов. Тек сол кездері Ташкент қаласында оқып жүрген балалары Бекназар мен Жұманазар аман қалды, кейіннен бұл екеуі өз еріктерімен соғысқа кетіп, елге Бақназар ғана оралды. Ол ұзақ жылдар ағарту саласында еңбек етіп 1991 жылы дүние салды. Соңында үш ұл, төрт қыз қалды. Өзімнің екі ұлым екі қызым бар. Менен екі жас үлкен Урзалипа апамның да балалары бар. Кешегі қарғыс атқан соғыспен сталиндік репрессия болмағанда қаншама отбасы ұрпақ жаятын едік. Қараев Қосжан ұсталғанда, мен үш жаста екенмін. ОГПУ қызметкерлерінің үйге келе жатқанын көріп, үй ішіндегілерге менің үстіме үлкен тайқазанды аудара сапты. Сөйтіп екеумізде аман қалыппыз. Бірақ Халық жауының балалары»- атанып соның азабы мен қорлығын көп көрдік.Әлі есімде, сол кездері мен төртінші класта оқитын едім, бір күні түске жақын мұғалімдердің бірі оқушы балаларды екі қатардан сапқа тұрғызып, қолынан ұстап тұрған газетін оқи бастады: «Есқараев, Құлымбетов, Сырғабеков, Жүргенов... барлығы 19 адам халық жауы болғандықтан атылды». Осыдан кейін мұғалім бізге сілтеді анау тұрған Қосжан Қиназар тізімдегі Темірбек Жүргеновтың туған інісі. Ол Кеңес үкіметіне қарсы оқ атқаны үшін жазаланған. Сондықтан бұлар жауыздың балалары, пионер болуға лайықты емес мойнымыздағы қызыл галстуктерімізді шешіп алды. Қасымызда тұрған балалар бізді барынша жек көріп тұрды. Төмен қарадық, сапқа тұрған балаларды таратқан соң класқа

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

келіп кітаптарымызды алып, содан өлердей қорланып үйге қайттық. Жолай бізбен бірге қайтатын балалар соңымыздан қуып жетіп, «халық жауының балалары, жауыздар, сендер басқа жолмен жүріңдер»- деп бізді кесекпен шөкелеп әбден қорлады. Олардан қорғанып жүріп, апам қолтығына қысып келе жатқан кітаптары мен дәптерлерін жерге шашып алды. Соларды жинап, маңдайына түскен шашын жөндеп, бір қолмен көзінің жасын сүртіп, қашып бара жатқаны қазірге дейін көз алдымда. Апамды аяғаным соншалық, жолдың ортасына тұрып алып, бізді мазақ етіп соңдарымыздан еріп келе жатқан балаларға қарай жерден құм алып, шаша бердім, шаша бердім.

Ертеңіне класқа келсек бізбен бірге партада ешкім отырғысы келмеді. Олар сендер «Халық жауының» баласысындар, қасымызға отырмайсындар-деп шынтақтарымен бізді итермелеп партаға отырғызбады. Оқушылар бізбен ойнауды, тіпті сөйлесуді қойды. Мұғалімдердің де көзқарастары өзгеріп, тіпті қол көтерсекте сабақ сұрамады. Біз Урзалипа екеуміз келіп, мұғалімдердің айтқан ұсыныстарын шешемізге жылап отырып айтып бердік. Қайран шеше... Бізді үнсіз тындап, екеумізді бауырына басып: Бұл құдайға не жаздым? Жиырма тоғыз жасымда жесір қалып едім.

Бірақ сонда да болса әкелерінің ақ төсегін арамдатпаймын, соңынан қалған қос тұяғын ешкімге көз түрткі етпеймін,- деп, күйеуге тимеген едім. Енді не істеймін?»- деп қатты қиналды.

Сол жылы ауылға Темірбек Жүргеновтың он екі жасар Жұманазар деген жалғыз баласы келді. Көкем Темірбек атылып, жеңгем Дәмеш сегіз жылға сотталған соң бір таныстарына Жұманазарды ертіп жіберген екен. Ол кісі «Халық жауының» баласын алып келді деген атқа қаламын деп, Жұманазарды Қаракеткен станциясынан түсіріп, Жаланащ қыстағына бара жатқан біреудің шанасына салып жіберіпті. Ол кісіде Жұманазарды тікелей біздің үйге ертіп келуден қорқып оған қашықтан үйді көрсетіп, бір өзін жіберіпті. Мен ол кезде 9-10 жаста едім, әлі есімде, үйдің сыртында 5-6 бала ойнап жүр едік. Жанымызға орысша киінген бір бала келді. Қолында шағын чемоданы бар. Үлкен көзімен бізге алаңдап қарай берді. Біздің таңдана қарағанымызды байқап: «Я-Жүргенов бала. Я-Жүргенов бала»- деп кеудесін бірнеше рет ұрды. Мен үйге кіріп Жүргенов деген бір бала келіп тұр дедім. Үлкен кісілер дереу оны үйге кіргізіп, сұрай бастады, қайдан келдің? Жұманазар өзінің атын айтып: Я Жүргенов бала. Папа, мама ту!- деп қолымен шығыс жақты көрсетіп жылап жіберді. Оның мүлдем қазақша білмейтінін сол кезде сездік. Бұл Темірбектің баласы ғой,- деп үйдің іші у-шу болды.

Жұманазар көпке дейін күн батар алдында шығысқа қарап «мама,папа!»- деп жылап жүрді. Онымен қосыла бізде жылайтынбыз. Кейін ол ауыл өміріне үйрене бастады. Бірге мектепке барып жүрдік. Ол бізді орыс тіліне үйретті, ал біз оны қазақ тіліне үйреттік. Өзі батыл болатын. Бірде мұғалімдер балаларды сапқа тұрғызып, Жұманазардың тағып жүрген мойнындағы қызыл галстугін шешіп алғысы келді. Бірақ ол мұғалімнің қолын қағып жіберіп мектептен қашып кетті. Содан кейін бір жыл сабаққа қатыса алмады. Кейін бізбен бірге оқуын жалғастырды. Ол өте жақсы оқитын. Мектепті бітірген соң өзіне кейінгілер орыс тілінен сабақ берді. 1941 жылы соғыс басталған соң Жұманазар өзінен бір-екі жас қосып 16-17 жасында майданға аттанып кетті. Содан қайтып елге оралмады, жау қолынан қаза тапты. Ол ауылда жүргенде «мамам мен папамды ақтап алам, олар халық жауы емес»- деп жиі айтатын. Жұманазардың сол арманы кеште болса да орындалды. Мен

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

1946 жылы КазГУ-дың бірінші курсына оқып жүрген едім. Дәмеш жеңгемнің ақталғанын естіп, үйіне бардым. Мені көріп ол өз баласын көргендей қатты қуанды. Әңгіме үстінде Жұманазар туралы қайта-қайта сұрады. Қандай болып өсті? Қалай оқыды? Қандай адам болды?- дей берді. Дәмеш жеңгеме болған жағдайлардың бәрін түгелдей айтып бердім...[2]

Қиназар ағамыздың осы әңгімесінен зұлмат жылдарда «халық жауларының» балаларының да тағдырының қиын болғандығын көреміз.

Әулет шежіресі

Темірбек атамның туыстарын іздестіру барысында мектебімізде оқитын Жағышар Айпара есімді қызды тауып, әулет шежіресін зерттей бастадық. әулет үлкендерінің аузынан әулет шежіресін құрастырып жасадық.

Әулет үлкендерінің айтуынша: Аталарымыз мал біткеннен кейін Ақтөбе облысы Ырғыз ауданында Басықара қопасы, Тышқанбай саласы, Жантай, Жабасақ, Сулыкөл деген жерлерді жайлау етіп, Қаракұмды, Сыр бойын қыстау еткен екен.Шежіре бойынша тарқатсақ,Кіші жүздің:

Шөмекейінен→ Тоқа, Көнек, Аспан, **Бозғыл**.

Бозғылдан→Қаратамыр, Сарыбай, Торыбай, **Келдібай**,Қайқы.

Келдібайдан→Сүйін, Қожагелді, **Келмембет**.

*[2] «Сыр бойы» Қызылорда облыстық газеті.1994 жыл қыркүйек айы

Келмембет → **Әлдеберлі**.

Әлдеберліден→ Есбол, Метей, **Өтебай**, Құдайқұл.

Өтебайдан→Өстемір, Жанғабыл, Құба, Тойқожа, **Сұлтан**, Адамбай.

Сұлтаннан→ Есіркеп,Тілеубай, **Жәрімбет**.

Жәрімбеттен→Қайырлап, Жолай, Мүсіреп, **Әлен**, Бұрқыт, Үсен, Бүркіт, Жолдас, Сексен, Қыстау, Нұртау, Дәуіт, Пәрменбай, Серкеш, Көкі,Сырбай, Сазбай.

Әленнен→Байсал, Рай, Сүйін, **Қуан**, Мұрынбай, Жұрынбай, Сары, Кәлі.

Қуаннан→**Жүрген**, Тұрған, Дәгір.

Жүргеннен→**Жұдырық** (Ақсақал), **Сырлыбай(Қара)**, Қазыбай, Дүйсебай, Еңсебай.

Ақсақалдың бойы шағын болғасын, халық- Жұдырық атап кеткен. Сырлыбайды бір сыншы кісі адамның ақ-қара бастысы екен, мұны қорқытпайтыны болмас дегенін естіп, халық Қара деп атап кеткен.

Жұдырықтан→Есім, Зарқұм, Бегім,**Нұржан**.

Зарқұмнан→Құлмағанбет(Құлша), Манаш апамыз.

Құлмағанбеттен→Әлімхан, Қазихан, Мәлике.

Әлімханнан → Меруерт, Серік, Алмат, Сәуле.

Қазиханнан→Жеңіс, Жәмила, Қайрат. Бұл ұрпақтар Ақтөбе қаласында тұрады.

Бегімнен→Сердалы,Ертерек қайтыс болған.

Нұржаннан→ Ерхан, Әбдрахман, Пайзырахман, Қытайы, Қырмызы, Үрім, Қырым, Асылхан, Қасымхан, **Жағышар**.

Жағышардан→Қанабек, Данабек, Қарлығаш, Талапбек Алмагүл, Айдын, Шалқар, Сағынай, **Айпара**, Шаттық.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Мен, Қуаңұлы Жүргеннің үлкен баласы Жұдырықов Нұржан баласы Жағышардан тарағанмын. Ал атам Темірбек Қуаңның екінші баласы Сырлыбайдан(Қара) тараған Қосжан, Досжан әкелеріміз 1930 жылдары ұсталынып кеткен.

Қосжаннан → Қиназар, Үрзалипа.

Қиназардан → Мирамкүл, Бауыржан, Ғалымжан, Жанат, бәрі қазір Астана қаласында тұрады.

Үрзалипадан → Смағұл, Қызылордада тұрады.

Темірбек көкемнен → Шорабек деген баласы үш жасында Ташкентте қайтыс болған. Онан кейін Ысқақтың Жұманазар деген баласын алып тәрбиелеген, ол да өзі сұранып соғысқа кетіп оралмады.

Қуанов Беназар Қараұлының (Бетай) → Келназар, Мағрипа, Бижан, Әлипа, Ғалия, Дариға, Телжан. Алматы, Қызылорда қалаларында өсіп-өніп тұрмыс кешуде. Дариға Чехияда қызметте, үйлі-баранды. Зағипа апамыз қазіргі таңда Алматы төңірегінде Ұзынағаш селосында тұрады. Мағрипа Беназарова Қызылорда қаласындағы №136 мектеп-лицейде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарып .қазір зейнеткерлікке шықты. Қазір Астана қаласында балаларының қолында немерелерінің ортасында тұрады. Жолдасы Маханов Алдаш ағай да аталмыш мектепте тарих пәні мұғалімі болып ашылған күннен бастап абыройлы қызмет атқарды. Темірбек Қараұлының өмірі мен қызметі туралы бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бүкіл ғұмырын ұстаздыққа арнаған Марита апай мен Алдаш ағай үнемі жас ұрпаққа Темірбек атамыз туралы, Жүргеновтер әулетінің қоғамда көрген қиыншылығы туралы әңгімелеп отыратын.

Қорытынды

КСРО кезеңінде тоталитарлық жүйенің құрбанына айналған осындай Т.Жүргеновтей зиялы қауым өкілдерін, және олардың отбасыларының көрген азабы мен қиянаты оларды мойытқан емес. Олар бұл жан жарасын өмірбақи өздерімен бірге алып келеді. Мұңға толы ішкі дүниесін ақтарып айналасына айта да бермейді. Өйткені олар барынша сыпайы, нәзік сезімді жандар. Сондықтан Т.Жүргеновтың Қазақстан тарихындағы алар орнын айрықша деп бағалап, осы әулеттің әр мүшесінің қазақ елі үшін қай кезеңде болмасын адал қызмет атқарғандарын атап өткім келеді және қазіргі уақытта Т.Жүргеновтің өмірі бір тарих деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.«Т.Жүргенов» Б.Иманғалиев. Алматы. 2012 жыл
- 2.Темірбек Жүргеновтің немере інісі, Қызылорда қаласының тұрғыны Нұржанов Жағышардың берген ауызша мәліметі
- 3.«Сыр бойы» Қызылорда облыстық газеті. 1994 жыл қыркүйек айы

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУДАҒЫ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ТАРИХИ ОРНЫ

**Темірбек Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі Ағыбаева Айгүл Әбдіәлімқызы**

«Темірбек Жүргенов - тілді де тісті, жігерлі де, іскер адам. Оның жан-дүниесі ғалым, зерттеушіге бейім еді. Жаратылыс сыйлаған осы бейімдіктің соңына біржола түсуге заманы, уақыты мұрша бермесе де, ол ғұмырының ақырына дейін тасқа басылған сөзге деген сағыныш-көрігін баса алмай өмірден өтті..»

Ғабит Мүсірепов

Темірбек Жүргенов туралы ғалымдардың зерттеулері мен мақалалары, қайраткердің көзін көрген замандастары мен туыстарының естеліктері бүгінде оқырман жұрттың жүрегінен орын алуда. Көрнекті мемлекет және мәдениет қайраткері, Үлкен террор құрбаны Темірбек Қараұлы Жүргенов бүгінде 125 жасқа толып отыр. ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы өмір жолын, өскен ортасы мен ел игілігін көздеген жанқиярлық еңбегін, қуғын-сүргінге түскен отбасының қилы да, қиын кезеңдерін жазған жазушыларымыз да аз емес. Мәселен, Тынышбек Дайрабаевтың «Тұғыры биік тұлға», Бауыржан Иманғалиевтің «Темірбек Жүргенов», Алмас Алматов пен Бекарыстан Мырзабайдың «Темірбек Жүргенов» жинақтары және тағы басқа кітаптар бар. Соның бірі Бейбіт Қойшыбаев Орынбекұлының «Комиссар Жүргенов» кітаптың тууына «Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қор» төрағасы Сәби (Сәпен) Аңсат Әбдіқадірұлы түрткі болды. Осы қадірменді ақсақал басқаратын Қор қасіретті жылдарда жазықсыз отқа ұшқан халқымыздың адал ұлы, еліміздің айтулы мемлекет, қоғам және мәдениет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов есімін ардақтау жолында көптен бері жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Осы қордың септігімен Рахымжан Отарбаевтың пьесасы «Нарком Жүргенов» өмірге келді. Жазба ақындар мүшайрасы мен көркем әңгімелер байқауы ұйымдастырылып, «Ұлтын сүйген асыл ер» атты жинақ шығарылып, Айгүл Кемелбаеваның «Темірбек» киносценарий де жазылды. Қорда Сәпен ағамен бірге Жүргеновтер әулетін, әулет ұрпақтарының әрқайсысының тағдырын жақсы білетін Темірбек Қараұлының немере туысы Жағыпар Нұржанұлымен тікелей әңгімелесуіне кітап авторы Бейбіт Қойшыбаевқа мүмкіндік жасаған. «Комиссар Жүргенов» кітабын оқығанымда, керемет әсер алдым. Кітап жеңіл, қызықты, әрі Темірбек Жүргеновтің өмір жолдары мен мәдени революция майданында қазақ мәдениетін таныта білгенін байқадым. Қазақтың тұңғыш ұлттық опера және балет театр ғимаратының іргетасын қалаған қайраткеріміздің өмірдеректерін де сөз еткен.

Комиссар Жүргеновтің арманы күрт өзгерістерге толы болды. Оны «Ұлтшыл» деп тергеуге алды. Сталиннің заманында болған қиын кезеңде талай қайраткерлеріміз жапа шекті. Темірбек Жүргенов, Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин және тағы басқа зиялы адамдарымыз қуғын-сүргінге ұшырады. Темірбек Жүргеновтің өмірге ұмтылысы шеттеліп қалғандай күн кешті. Темірбек Қараұлына елдің ауыр жағдайы қатты

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

әсер етті. Тіпті оның республикаға басшы болып келген Голощекинді қатты сынға алып, былай деп жазғаны көкейімде жатталып қалды.

«Қазақстанға керегі – 7-10 жылдық мектеп жүйесін құру, ал сіз «қазақ тек хат таныса болады» дейсіз. Жоқ! Бізге үлкен білім ордалары қажет! Алда істейтін міндетіміз – қалың жұрттың ішінен шыққан білім қайраткерлерін, өз кадрларымызды дайындауымыз қажет. Қазақ тілін жете білудің өзі үлкен мәдениет!» - деп өз ұлтының болашағын құрметтеуді талап етті. Қазақтың мәдениетін, білімін, салтын ойлаған нағыз қайраткер тұлға, көсемсөз шебері дейсіз.

Қазақстанда үстемдік алған саясат сыртта жүрген оған түсініксіз көрінді. «Кіші Қазан революциясын» жасау идеясында бай-дәулеттілердің жерлерін тәркілеу жайындағы декрет оны ойландырды. Сталиннің солақай саясатына дес бермей, қазақ халқының рухани мәдениетін биікке көтерген Темірбек Жүргеновтің Мәскеуде өнерпаздардың өнерлерін көрсеткен ерен еңбегін біле аламыз. Халық комиссары Жүргенов театр басшылары мен өнер қайраткерлермен ақылдасып, қазақтың «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» спектаклін апаруды дұрыс көрді. Қазақ өнерпаздарын совет өнерінің ірі қайраткерлері: қарт ақын Жамбыл Жабаев, Күләш Байсейітова, опера әншісі Валерия Барсова, Шара Жиенқұлова, театр және кино актрисасы да бар еді. Осы өнерпаздарымыздың өнерлерін Темірбек Жүргенов Мәскеу қаласына апарып, өнерлерін көрсеттірді. Қазақтың өнерінің іргетасын осылайша қалай білді.

Қазақ Республикасының астанасы Алматыға 1927 жылдан бері Үкімет үйінен бастап мемлекеттік мекемелерге арналған бірқатар мекен-жайлар салына бастаған еді. Сол кезде қазақтың ұлттық театрлары Совет Одағында салындай аяқсыз қалды. Ұлттық өнерге көз жеткізгенмен, оны орындау мүмкін болмады. Ұмтылыс, өрлеу болғанмен Темірбек Жүргенов ұлттық мәдениетімізді қайта дамытуға қолы жетпеді. Оның өмірі қапаста кетті. Қазақтың мәдениетін, салтын ойлаған Темірбек Қараұлы Сталиннің құрбаны мен қуыршағына айналды. «Ұлтшыл», «террор» деп айыптар тағып, темір торға тағытылды. Сүйікті жары Дәмеш Әмірханқызы Жүргенова «Отан опасызы отбасының мүшесі» ретінде кесілген жаза мерзімін өтеп, Алжир лагеріне қамалды. 8 жыл тар қапаста болды. Кейіннен лагерьден азаттық алған соң, 1946 жылы Алматыға келді. Тұтқындалғанға дейін қызмет атқарған медицина институтына дәрігер болып орналасты. Алайда бір жыл өткенде ішкі істер министрлігі оның қаладан кетуін талап етті де, оған Алматы мединститутымен тағы да қош айтысуына тура келді. Бірнеше жылға созылған кезбе тіршіліктен кейін Қарағанды қаласына орнықты. Өкпе аурулары емханасында дәрігерлік қызметке қабылданды. Ол Алматы қаласына 8 жыл бойы оралмады...

«Темірбегім менің ешқашан Отанға опасыздық жасаған емес. Ол жан - тәнімен халық игілігі үшін еңбек етті» деді Дәмеш Әмірханқызы. Бар ынтасымен қатар өжеттілігі мен шыншылдығының арқасында өзі қапаста жүрсе де, Темірбек Жүргеновті қолдап, құжаттар әзірлеп, қорғай білді. Дәмеш Әмірханқызы тоталитарлық-жеке басқа табынушылыққа қарсылық білдірді. Совет өкіметіне «дұшпандық пиғылы мен әрекетін жасырып келген» деген айыппен әйелі Дәмеш Әмірханқызы Ермекова-Жүргенова «халық жауының» зайыбы ретінде партиядан қуылып, медицина институтында жұмыс істеп жүрген жерінен тағы да қуылды...

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

Жазықсыз саяси репрессияланудан ақталған ерінің елі үшін жасаған ерен еңбегін Дәмеш Әмірханқызы қайта жаңғыртуын көздеді. Темірбек Қараұлының жерлесі әрі өзі де қуғын-сүргін құрбанының ұрпағы Мардан Келдібайұлы Байділдаев оған жәрдем көрсетті. Мардан саясат ауыздарын буып, іштен тынып келген ауылдастары Темірбекті не үшін және қалай қадірлегендерін бұл күнде ашық айта бастады. Барша халық Жүргеновтің елге қызметін көрсететін нақты деректерді мұрағаттардан тауып ұсынды. Сол заманда қажетті құжаттарды ғана Дәмеш Әмірханқызы әзірлеп отырды. Кейіннен сұрау салып, ақтап шығуына атсалысып, Темірбек Жүргеновті 1957 жылдың 18 сәуірінде Жоғарғы соттың Әскери алқасы толығымен ақтап шығарды. Жарына құрметтеп салынған ескерткішті көріп, «Арманым жеттім-ау» деп көзінен жас алды. Дәмеш Әмірханқызы Темірбек Жүргеновтің ақталғаннан кейін 1990 жылы 85 жасында дүние салды.

Алматыда 2023 жылдың 16 наурызында Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған салтанатты іс-шарада Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» атты жаңа кітабының таныстырылымы болды. Бір айдан кейін Осы кітаптың таныстырылымы Қызылорда қаласындағы Темірбек Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейінде аталып өтті. Мектебіміздің іс-шарасына арнайы **жазушы, публицист, тарих ғылымдарының кандидаты**, «Комиссар Жүргенов» романының авторы **Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлы**, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қорының президенті, профессор Ғарифолла Әнес, **«Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қор» төрағасы, еңбек ардагері, «Құрмет» орденінің иегері** Аңсатов Сәпен Әбдіқадірұлы, айтыскер ақын, күйші «Маздау» қоғамдық қорының директоры Қуаныш Мәккенұлы Мақсұтов және Түркістан, Қарағанды облысы, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясынан келген халықаралық конференцияның қатысушылары болды. Жиналғандар «Мектеп тарихы» жобасы аясында оқушылардың «Өз заманынан озық туған қайраткер» театрланған қойылымын тамашалады. Мектеп оқушыларының квартет орындауында «Тектілік әнін» тыңдады.

Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы, көсемсөз иесі Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы қарсаңында жарық көрген Бейбіт Қойшыбаев Орынбекұлының «Комиссар Жүргенов» кітабының лентасын қию рәсімі орындалды. Одан әрі мектебіміздің озық ойлы, алғыр оқушылары «Комиссар Жүргенов» романынан алған әсерлерімен бөлісті. Сонымен бірге оқушылар Темірбек Жүргенов туралы қалам тербетіп жүрген жазушы, қадірлі қонақтарымызға өз сауалдарын қойып, ой бөлісті. Соңынан Темірбек Қараұлы Жүргеновке арналған өлеңдерін оқып, қатысушылар кітап авторынан қолтаңбасын алды.

Темірбек Жүргеновтің қазақ мәдениетін дамытудағы тарихи орны бөлек. Оның ізденімпаздығы, қазақ өнеріне деген үлкен құрметі ұшан теңіз. Қайраткеріміздің еңбегін зерттеп жүрген игі жандарымыз аман болсын. Ортамыздан жақсы жандар азаймасын. Олардың ізін жалғастыратын шәкірттеріміз зиялы да ізденімпаз болып өсе берсін!

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*



Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 13 сәуір, 2023 жыл

МЕКТЕПШІЛІК Т.ЖҮРГЕНОВ МҰРАЖАЙЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОРНЫ.

Гүлнарай Байсалбаева

Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі

1998 жылдан бері Темірбек Жүргенов есімімен аталып келе жатқан қаламыздың Ақмешіт мөлтек ауданында орналасқан №136 мектеп-лицейінде қазақтың білім, мәдениет, әдебиет және өнер саласына терең із қалдырған Темірбек Қараұлы Жүргеновке арналған мектеп мұражайы бар.



Мұражайда Қазақ елі мен Орта Азия халықтарының өмірінде, мемлекеттік жүйесінде, қоғамдық тарихында ерекше құбылыс болған бірегей тұлғаның өмір жолы мен атқарған қызметтерінен естеліктер, отбасы жайлы мәліметтер және қазақтың ұлт болып қалыптасуы үшін жасаған еңбектері, фотосуреттер, жәдігерлермен бірге жинақталған. Ұлы тұлғаны танып білуде мұражайдың берері мол. Мектебіміз «Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қордың» төрағасы Сәби Аңсат ағаймен және Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеті ғалымдарымен тығыз байланыс орнатқан, осының нәтижесінде мектепшілік мұражай Т.Жүргеновтің өмірі мен қайраткерлігі жайлы тың зерттеулермен толығып отырады. Сәби Аңсат ағайдың мектепке сыйға берген «Ұлтын сүйген асыл ер», «Ұлт рухын түлеткен Темірбек Жүргенов», «Айтарым бар» кітаптарын мұражай сөрелерінен көруге болады. Т.Жүргенов өзінің алғашқы ұстазы ретінде Шығыс әдебиетін тамаша білетін әйгілі ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовті мойындаған және осы қазақ халқының шайырын Алматыға арнайы шақыртумен алдырып, «Шаһнама» дастанын аудару жөнінде мемлекеттік тапсырыс береді. Сәби Аңсат ағай мектеп оқушыларымен кезекті бір кездесуінде «Шаһнаманың» CD-дискілерін мұражайға сыйға берген болатын. Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеті ғалымдарының Мәскеу, Орынбор, Ташкент, Душанбе қалаларынан алдырған мұрағаттық құжаттар негізінде жинақталған материалдар «Темірбек Жүргенов мұрағат құжаттарында» деген атпен шыққан кітабы да мұражай сөресінен кездеседі. Аталған құнды деректе Темірбек Жүргеновтің қазақ балаларын оқуға

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

тартуға, әсіресе қабілетті балаларды тартуға көп жұмыс атқарғандығы, ұлттық кадрларды даярлауға аса қатты мән бергендігі көрсетілген. 2014 жылы «Тұмар» баспасынан шыққан «Орта Азия мен Қазақстанның білімі мен мәдениетін дамытудағы Т.Жүргеновтің рөлі және рухани мұрасы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының Еңбектер Жинағы мұражай сәресіне қойылған. Жинақта көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің Орта Азия мен Қазақстанның ғылымы мен білімін, мәдениеті мен өнерін қалыптастырып, дамытудағы еңбегіне арналған ғылыми зерттеулер нәтижелері баяндалады. Темірбек Жүргенов шығармашылығын зерттеп жүрген жүргеновтанушы Бауыржан Иманғалиевпен Т.Жүргеновтің 115 жылдығына орай 2013 жылы мектебімізде кездесу өтті. Сол шара барысында Б.Иманғалиев «Темірбек Жүргенов» кітабын мектеп мұражайына сыйға берді. Мұражайымыз биыл Т.Жүргеновтің 125 жыл толу құрметіне жазылған жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» кітабымен толықты. Романда аса көрнекті мемлекет және мәдениет қайраткері, Үлкен террор құрбаны Т.Жүргеновтің өмір жолы, өскен ортасы, ел игілігін көздеген жанқиярлық еңбегі, қуғын-сүргінге түскен отбасының ахуалы суреттеледі. Мұражайдағы осындай кітаптар, ғалымдардың зерттеулері мен мақалалары, жинақтар мектеп оқушылары үшін мол рухани қазына.

1933 жылдары Л.Мирзоянның шақыртуымен Қазақстанға келген Т.Жүргенов қасіретті нәубет жылдары күйзелген, еңсесі түскен елдің рухын күшейту, жігерлендіру, халықтың рухани-мәдениетін көтеру, ұлттық мемлекетті дамыту жұмыстарының тез арада орындалуын мақсат етті. Осы мақсатта жоспарланған іс-шаралар барысында ашылған оқу орындары мен мәдениет ошақтары туралы фотосуреттер мен құжаттар мұражай сәресінен орын алған. Темірбек Жүргенов Қазақстанның ағарту саласында Халық Комиссары болған кезде көптеген жұмыстар атқарылды. 1935 жылы Қазақ АКСР-ның 15 жылдығын атап өту бұйрығында «Қазақстанда қазіргі таңда 6000 мектеп бар. Онда 600 000 оқушы білім алуда, революцияға дейін бірде-бір орта немесе жоғарғы оқу орны болмаса қазір 100-ге жуық техникум, 17 жоғарғы оқу орны, оның ішінде бірінші Қазақ Мемлекеттік Университеті бар» деген еді. Міне, осындай маңызды деректер мұражайда жинақталған. Темірбек Жүргенов халық арасынан шыққан өнер таланттарын жоғары бағалап, олардың өнерлерінің республикада танылуына, таралуына тікелей қамқорлық етті. Осы мақсатпен 1934 жылдың 1-25 маусымда халық өнерпаздарының тұңғыш республикалық слетін өткізді. Қазақстанның Халық жазушысы Әбділда Тәжібаев естелігінде «Бұл алыста жатқан домбырашы, қобызшы, мен әнші, жыршы-жырауларды өз дүбірімен елеңдеткен тамаша жиын болды»-деп көрсетеді. Шынымен де слетте елдің түкпір-түкпірінен келген дүлдүлдер өнер көрсетті. Ақындар Жамбыл Жабаев, Нүрпейіс Байғанин, Шашубай Қошқарбайұлы, атақты күйшілер Дина Нүрпейісова, Науша Бөкейханов, әнші Ғарифолла Құрманғалиев, Ахмет Жұбанов, Жұмат Шанин, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Қанабек Байсейітов, Күләш Байсейітова, Шара Жинеқұлова, Елубай Өмірзақов тағы басқа өнер қайраткерлерінің өнерлері республикада алғаш рет кең танылып, бағаланып көпшілікке мәлім болды. Мұражайда осы слеттен естеліктер мен фото-суреттер жинақталған. Қазақтың ұлттық өнерін классикалық үлгіде Одаққа танытуды мақсат еткен Темірбек Жүргенов өнер кадрларының кәсіби өсуіне қамқорлық танытты, ұлттық өнер кадрларын даярлауға үлкен мән берді. 1936 жылы

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

Мәскеуде өтілген Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде қазақ өнерпаздарын өзі бастап алып барды. Халық мұрасын, қазақтың ұлттық ән-күйлерін Одаққа паш еткен өнер майталмандары туралы деректер де мұражайда жинақталған. Мұражайда Жүргеновтер әулетіне арналған бұрыш бар. Темірбек атамыздың анасын көп деректерде Кәмпит әжеміз деп айтатын. Туған анасы Жәніш ертеректе қайтыс болып, Кәмпит әженің қолында туған баласындай болып өседі. Арнайы бұрышта анасы Кәмпит Демесінова, қарындасы Зағипа Қарақызы мен жұбайы Дәмеш Ермекова жайлы деректер, фото-суреттер және ұрпақтар сабақтастығы жөнінде маңызды құжаттар сақталған. Жазықсыз жазаланған Т.Жүргенов есімінің «қайта тірілуіне» ұзақ жылдар тынымсыз тер төккен жұбайы Дәмеш Ермекованың естеліктері бар. Дәмеш апаның естеліктерінен ерімен бірге өткізген өмірінің бақытты кезеңдерін, өксікке толы өкініштерін де білуге болады. Мұражайда құнды жәдігерлер, әулеттің асы піскен қара қазан, туысқандарынан қалған әшекей бұйымдары, Т.Жүргеновтің 3 жасқа толғанда әкесі Қараның өз қолымен жасаған ері сақтаулы.



Сонымен бірге осы арнайы бұрышта әулеттің бүгінгі күнгі ұрпақтары туралы мәліметтерді де кезіктіруге болады. Т.Жүргеновтің 1892 жылы туған немере ағасы Нұржан Жұдырықовтың ұлы Жағыпар Нұржанұлымен де мектебімізде кездесулер жиі болады. Жүргеновтер әулеті туралы Жағыпар ағайдың өзінен естіген тың материалдар жинақталған. Мектепке есімі берілген Ұлы тұлғаның өмір деректері жайлы толық мәліметті мектеп оқушылары мұражайдан таба алады. Т.Жүргеновтің қазақ мәдениеті мен халық ағарту саласындағы орасан зор еңбегін, іскерлігін, жігерлігін жас ұрпақ білуі керек және мақтан тұтуы керек. Сол себептен де бұл мұражайдың оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі маңызы зор. Мектепшілік Т.Жүргенов мұражайы оқушыларды ізденуге, шығармашылықпен шұғылдануға бағыттайтын киелі орын.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

ГРНТИ 17:17.01

СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ ЖАЗБА АЙТЫСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТ

Кудайбергенова К.Т.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
kkunimzhan@mail.ru

Қазіргі таңда қазақ әдебиеті тарихының ежелгі замандағы бастауларында негізі қаланып, ғасырлар бойы қалыптасып, даму жолдарынан өткен ұлттың ерекшелігі мен сипаты маңызды мәселе болып отыр. Ал, көркем әдебиеттің ұлттық ерекшелігі туралы сөз қозғағанда, ұлттық бейнелілік, көркемдік құралдар, олардың ұлттық табиғаты жайлы айтпай кетуге болмайды. Себебі, М.Әуезов айтқандай, «Халықтың тілі мен психологиясында, дүниені қабылдауы мен оны көркем бейнелеуінде әрқашан ұлттық сипат-нышан басым болады». [1,157]. Ұлттық характерді өлеңдегі суреттен, ұлттық образдың ойлау жүйесінен бөліп қарау мүмкін емес. Нақтылай айтқанда, поэзиядағы образдылықтың ұлттық сипаты арқылы ғана ұлттық характерді айқындай аламыз.

Әдебиет зерттеушісі Ғаббас Тоғжанов «Ұлт деген не?» атты мақаласында: «Тілі бір, жері бір, ғасырлар бойы тіршілік күресінен, тұрмыс салтынан, жиі қатынасынан туған мінез – жан сипаты, бір жұрттардың қосылуы, жұрт болуы» - [2,38] деген. Біз сөз еткелі отырған ұлт бұрын жұрт, ел, халық, алаш сияқты сөздермен бірінің орнына бірі қолданып келсе, қазір ұлттық сипатқа ие болып отыр. Сол себепті де оның жері бір, салты бір елді ұлт деп, оның ұлттық дүниетанымы мен көркемдік ойлауын, ерекшелігін, өзіне тиесілі еншісін зерттеуде әсіресе олардың поэзиясына жүгінудің жөні бөлек.

Зерттеуші Мерғали Ыбрайұлы ұлттық мінез туралы өз зерттеу еңбегінде: «Ең алдымен халықтық мінез дегеніміз не? Бұл – тұтастай алғанда ұлттанудағы көп компоненттердің бірі. Әрине, халықтық мінез жоқтан, ғайыптан пайда болатын құбылыс емес. Халықтық мінез негізінде: салт-дәстүр, халықтың мыңдаған жылдар бойы бастан өткерген қоғамдық кезеңдері, тайпалық, ұлыстық, мемлекеттік жарлық өзгешеліктері, елдік шекарасы, шет-жұрттық елдермен қарым-қатынасы, кәсібі, күн көріс тәсілі, тұтынған идеологиясы, технологиялық түсінігі, т.б. толып жатқан факторлар мен тамыры терең тіршілік құбылыстары жатады», - дей келіп, - қазақ халқының ұлттық мінезі өзінің өмір кешкен кең байтақ далалық, қырлық фонында қалыптасты. Сондықтан қазақ халқына тән негізгі белгілер кең пейілділік, жомарттық, салғырттық, немқұрайлық, қонақжайлылық, көпшілдік, жайбасарлық, кешірімділік, еріншектік, бауырмалдық, намысқойлық, төзімділік т.б.» [3, 54] – деп қазақ халқының ұлттық сипатын айқындайтын ұлттық мінез бірліктерін тізбектеп көрсетеді.

Ал академик З.Қабдолов: «ұлт ақыны болу оның шығармаларындағы жекелеген ұлттық сипаттарында, бояуларында, өрнектерінде ғана жатпайды. Ұлт ақыны болу үшін ұлттың сөзі ғана емес, өзіне айналу. Бұл – керемет нәрсе» [4, 11] - деп ой түйген. Сол себепті ұлттың өзіне айналу үшін ұлттық рух, ұлттық идея, ұлттық дүниетаным сабақтасып жатады. Осы тұрғыдан ойлағанда, қандай халық болмасын оның әдебиеті ұлттық идеяны тірек тұтып, туын көтеріп, тілегін көксіп, танымдық бағытын

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

айқындаушы болғандығы байқалады. Ұлттық ерекшеліктерді айту үшін, ұлттық бейнелілік, көркемдік құралдар, әрбір ұлттың табиғатына көңіл бөлген жөн. Поэзиядағы образдылықты ұлттық сипат пен ұлттық мінез арқылы айқындай аламыз.

Профессор Б.Кәрібозұлы: «Әдебиеттегі образдар жүйесі мен сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық характердің ең басты көрсеткіштері. Бұларсыз ешбір ұлт әдебиеті өмір сүре алмайды. Көркем әдебиет үшін, әсіресе, ұлттық тәсілдің маңызы зор», [5, 162] – деп әдебиеттің ұлттық сипатына эстетикалық фактор ретінде әдебиеттің негізгі даму заңдылықтарының бірі деп мән береді.

Көркемөнердің кез-келген түрі – ұлт өмірінің тікелей жемісі. Олай болса Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық дүниетаным мен көркемдік ойлау, сөзден жасалған сурет, әсем нақыштар, ұлттық бояу, ұлттық дүниетаным көңілге әсер құяды.

Әдебиет – көркем бейне мен бейнелілік десек, халқымыздың сан ғасырлар бойындағы тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, психологиясы мен ойлау және таным жүйесі, ұлттық мінезді тудырған. Сыр сүлейлерінің ұлттық дүниетаным жүйесін әлем халықтарының ой-толғамдары мен философиясымен байланысты қарастыру үшін көркемөнердің ұлттық сипатының теориялық негізін қалаған Дидро, Гердер, Кант, Шиллер, Гете, Лессинг, т.б. мен орыс әдебиетінде Н.В.Гоголь, И.С.Тургенев, И.А.Ганчаров, Ф.М. Достоевский, Л.Н. Толстой, В.Г. Белинский шығармаларына жүгінеміз.

В.Г.Белинский: «Ұлттан тыс адам – шын мәніндегі тіршілік иесі ғана емес, дерексіз ұғым ғана, ұлттық желіден айрылған талант, қашанда, көп болсын, аз болсын бәрібір өтпей құбылыс, ол әуелде жапырықтанғанмен, кейіннен топыраққа терең түбірлене алмай қуарған ағаш сияқты» [6, 370] – деп жазғанынан ұлттық сипатсыз әдебиеттің алға өрлеуі мүмкін еместігін көруге болады.

Енді Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық сипаттың нақты көріністеріне тоқталсақ. Жалпы ақындар айтыстарындағы ұлттық сипаттың көрінісі – шығармашылық тұлғалардың халықтық дүниетанымынан нәр алған болмысының көрсеткіші. Атап айтсақ, Сыр сүлейлерінің бірі Бұдабай Қабылұлының (1842-1912), Оңғар жырау Дырқайұлының (1859-1902), Тұрымбет Салқынбайұлының (1868-1946), Даңмұрын Кенжебекұлының (1870-1923), Молдахмет Дабылұлының (1879-1946) айтыстарындағы ұлттық сипат ерекшеліктері де қазақ сөз өнеріндегі осындай дәстүрлі тағылым аясында бағаланады.

Мысалы, «Бұдабай мен Қарлығаш», «Бұдабай мен Дәметей», «Бұдабай мен Айсұлу», «Бұдабайдың қызымен жұмбақ айтысы», «Бұдабай мен құдаша қыз», «Молда Мұса мен Бұдабай», «Оңғар жырау мен Ырысты қыздың айтысы», «Оңғардың Тобжанмен айтысы», «Керейт Даңмұрын мен Қаңлы Жүсіп», «Кете Жүсіп, Тұрымбет жырау, Жиенбай жырау», «Ырысты мен он алты ақын (Ешнияз, Әзілкеш, Садық, Оңғар, Ерімбет, Шегебай, Базар, Сайын, Құлназар, Қалмағамбет, Жүсіп, Есенжол, Аманжол, Есімтай, Кеншімбай, Сәрсенбай)», «Шәкей сал мен алты ақын», «Болман мен Тайжан», «Тайжан мен Нұрғали», және т.б. Сыр сүлейлерінің жазба айтысы туралы сөз болғанда дәстүрге айналған ақындардың топтасып жыр жарыстыруында жеңу-жеңілу мақсат емес, шеберлік шыңын байқатуға құрып, ұлттық сипат басым болған.

Жұмбақ, мысал, хат айтыстарында ақындар көркемдік теңеу, образдау, әдеби бейне жасап, ұлттық өнердің қуаты мен шеберлігінің деңгейін танытуға тырысқан. Ұлттық мінез

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

сөз өнері арқылы халықтың сүзгісінен өтіп отырған. Сыр сүлейлері шығармаларында ұлттық әдебиетімізге серпіліс жасап, шебер баламалап байланыстырады. Мысалы, «Алты ақынның өмір туралы айтысы» Т.Ізтілеуовтің Шораяқтың Омарына жазған хатынан басталады. Айтысқа Кете Шахар, Кете Жүсіп, Керейт Шәді, Сарқасқа Молдағали қатысады. Осы айтыстағы Керейт Шәді ақынның жауабында:

Бір кетсе, екі келмес енді айналып,
Қараша үй қазақшылық, тіккен кеңсең,
Бағдары - баяғы өткен бабамыздың,
Тоны мен тоқты тері киіп сенсең. [7, 139].

Келтірілген үзіндіден ұлттық сипат басым, ұлттық бояу қою екенін байқаймыз. Қазақтың қараша үйі, ұлттық киім тоқты терісінен тігілген тон ұлттық символда бейнеленген. Осы айтыстың өн бойында ұлттық мінез бен сипаттың ақындардың түрлі ой-сезімдері көрінген.

Айтыстың соңғы шешімін қойған Молдағали:

Қасында домбыра шертіп сен отырсаң,
Алдында ақ жеңгейдің болып үншең,
Міндет қып өрелігін өлеңіңнің,
Алтын мен күміс тауып белден кешсең, -

деп ой түйген. [7,140].

Бұл жерде домбыра ұлттық аспап болғандықтан, ұлттық сипатты танытатын ерекшелік болып тұр. Ақынның бейнелеу тәсілдерін қолдануы ұлттық психология мен ойлау жүйесіне сай қалыптасқан түсінік-танымдардың өрісін барынша кеңейте түседі. Қазақтың төл баспанасы киіз үйдің қасиеті отбасы сөзінің ауыспалы бір мағынасын қара шаңырақ дейміз. Қара шаңырақ – қараша үй, әулетті бүкіл елді айғақтайды. Құт-несібе шаңырақ арқылы қараша үйге кіреді, сондықтан қараша үй – бірлік пен берекеге толы қазақ ұлтының мекені. Жалпы көшпенділер қараша үй оның түндігін, шаңырағын, кереге, уық сияқты әбзелдерін қадірлеген. Бақанды ұрпақтың дүниеге келу салтымен ұштастырған. Қараша үй немесе киіз үйге кірген адам, ешкім жоқ болмаса да сәлем береді. Сондықтан ұлттық салтымызда қараша үйді кие санаған. Айтысқа қатысқан алты ақын да сөз шеберлері өзіне керектіні халық өмірінен алып, оны өздерінің поэзиясында пайдаланған. Халық тілінің табиғи мүмкіншілігін ежелден қалыптасқан тілдік дәстүр негізінде меңгерген.

Профессор, әдебиет зерттеушісі Т.Тебегенов: «Жазбаша айтыстардың кейбір үлгілерінің жанрлық шартты түрде айтыс-дастан деп атауға болады. Себебі, жазбаша айтыстардың кейбір қисса-дастан жанрында ұқсастық жағдайында жазылады. Екі, үш, төрт, алты, жеті, тоғыз ақынның және бір ақынның он алты ақынмен айтысы бар» - [8, 32] деп бөледі.

Ақындардың топтасып айтысу мен ақындарға айтылған аралық сөздерге ақындардың халықтық тіл мен дүниені қабылдауында, көркем бейнелеуінде ұлттық сипатқа баса назар аударған. Айтыстардағы образдылықтың ұлттық сипатын ұлттық мінезден айқындай аламыз.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Халқымыз айды ерекше аспан шырағы санап, Айға сәлем беріп, мінәжат еткен. «Ескі айт есірке, жаңа ай жарылқа», «Айдан аман, күннен есен қыл» - деген тәмсіл түркі халықтарында дәстүрге айналған.

А. Егеубаев: «Жұлдызы жамырап, топырағы гүлденген қасиетті Жер - Судың иесі, ақындары аруларына айды алқа қылып таққан, батырлары ай астында жорытқан, аруақтары басына айын тігіп жатқан, түркі жұртына, дала ғұрпына Айдан, Күннен, Жұлдыздардан жұмбақ, олардан айқын, түсінікті қандай ұғым болсын» - [9, 15] дейді. Ғалымның осы пікірінде Айға байланысты халықта наным-сенімдер көп екенін, айды құрметтеу, әйел сұлулығын айға балау, бейнелеу, үйлену, кәсіпті бастауда да сәтті уақытты таңдау, кісіге ат қою, т.с. с. айды ерекше әспеттейтінін айтады. Айға байланысты образдар, әдеби бейнелі сөздер Сыр сүлейлерінің жазба айтысында жиі ұшырасатынын айту керек.

«Шәкей сал мен алты ақынның» айтысындағы Шәкей салдың жұмбағын Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлы шешеді.

Өмірі адамзаттың – соққан желдей,
Бір кетсе, өкінтеді қайтып келмей.
Үстінде жүріп - тұрған шарқы пәлек,
Аспан, Жер, Ай менен Күн туып теңдей.
Отыз күн, туған болып Ай мен Жұлдыз,
Лайым айналады дамыл көрмей. [10, 244].

Үзіндідегі образдың барлығы да тосын, сирек ерекше бейнелі «Өмір адамзаттың соққан желдей», «Аспан, Жер, Ай мен Күн адам өмірінің – айналу, қозғалуын, бірде айға, бірде күнге баламалаған». Ай – мұсылмандық салтымыздың символикасы. Ал Аспан, Жер, Күнді айқындай отырып, кейде қыздың қасына теңеп, кейде әдемі кейіптеу де жасаған.

Болғанмен аспандағы Ай мен Күндей,
Уа, дариха, өмір бітсе, бір күн бату. [11, 69].

Сыр сүлейі Тұрмағамбеттің осы аралық сөзінде Ай мен Күн өмірдің қуанышы мен мұңын, қайғысы мен жарығын, үміті мен күдігін алма кезек құшқан кейіпкер күйзелісі Ай, Күн арқылы образдалған.

Ақын образдарының ұлттық табиғаты теңеулерінде ғана емес, кейіптеулерінде де өзгеше. Тұрмағамбет:

«Қайраты қатарыңмен асқанменен,
Ерлерге оңай емес тау құлату
Жақсыға жарасарлық жұмыс ешсе,
Бурадай шошып көбік бұрқырату»

Берілген үзіндіде теңеу эпитеттер - [11,69] ерекше образды суреттер жасаған.

Қазақ поэзиясында төрт түліктің ішінде қасиетті түйені образға, көркем бейне жасауға арқау еткен. Шөлге шыдамды жануарды төзімді рух кейпінде таныған. Ақын түйенің кескінін емес, осы түлікке эмоциялық қарым-қатынаста көрінеді. «Бурадай» көбік шашу, яғни, ашулы кәрі адамнан шыққан нәрсіз сөз екенін ұмытпаған жоқ. Түйені тірек образы етіп, образ жасауға негіз болған. Қазақ халқының көшпелі тұрмысында түйенің

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

орны ерекше, бұл түлік тек ұлтымызға тән болғандықтан бірде іріліктің, бірде нәзіктіктің, табиғаттың сұлу суретінің бейнесінде алынған.

Үсек нар түйенің бурасы, аруана, інген, тайлақ, бота, нар өлең өнерінде түйе образында суреттеледі. Бұл жерде Тұрмағамбет ұлттық танымды төрт түлікті образдауға айналдыру арқылы танытып, таза ұлттық суретті «бурадай» сөзі арқылы ашып тұр. Жалпы өмірде адамның көңіл-күйі жүйрік болғанмен, жақсы адам сөзге тоқтайды, сөз қадірін түсінеді, - деп тоқтам жасайды. Бұл образдың тегі халық сөзінен шығып тұрғанын аңғару қиын емес. Халықта «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?», «Кем болмас кеңнің ісі қалайда да», «Ердің ісі – келіс, жаманның ісі - керіс», - деген ойлар халықтық дүниетаным, тұрмыс-тіршіліктің түсініктерімен сабақтас беруінен көрінеді. Берілген үзіндіде Тұрмағамбет түйеге байланысты образдың өзіндік ерекшелігін берген. Түйе ашулы қарт ақынның образына тиек болып тұр. «Бурадай шашып көбік», - деп теңеу жасаған.

Ғалым С.Негимов: «Көркемдік құралдардың ішінде аса маңыздыларының бірі – эпитет. Айтыстың көркемдік шырайын, эстетикалық сипатын, әлеуметтік тұрмыс дәрежесін, ақынның ойлау жүйесін анықтайды», - деп көрсетеді [12, 40]. Әдебиет зерттеуші, ғалым айтыскер ақындар сөздің көркемдік шырайын эпитеттер арқылы беріп, ойлау жүйесін танытатынын осылай түсіндірген. Ендеше біз айтып отырған ұлттық мінез бен көркемдік ойлау мәселесінің символдық бейнелермен көрінуі ақындардың даралығын көрсетпек.

Бұдан шығатын қорытынды, ұлттық сипат дегеніміз – әдебиеттегі ұлтқа тән ерекшеліктерді, ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтар, дін, діл, салт-дәстүр, тіл, ұлттық танымдардың барлығы осыған келіп саяды. Бұрынғы одақ құрамында болған әрбір ұлттық әдебиеттегі образдар табиғатындағы ұлттық сипат, идеялық, тақырыптық ерекшеліктер, ұлттық мінездің, дәстүрдің, психологияның көркем әдебиеттегі өзгеше көріністері, бейнеленуі, әрбір ұлт тіліндегі сөз бейнелілігі т.б. мәселелердің ұлттық әдебиеттану тараптарына жатуы – сол кездегі әдебиеттердің ұлттық сипатына арналған зерттеулер аз болғанын дәлелдесе керек. Біздің зерттеуіміз осы мәселелердің толық болмағанымен, біршама шешілуіне ықпал ететініне сенімдіміз.

Түйіндеме. Мақалада Сыр сүлейлерінің жазба айтыстарындағы ұлттық сипат, ұлттық рух мәселесі айтылады. Сондай-ақ, ұлттық сипат туралы шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, өзіндік пайымдаулар да жасалады.

Сыр сүлейлері жазба айтысындағы ұлттық сипаттың көрінісі - ақындардың өзіндік пайымдауларынан, көзқарастарынан да анықталатынын байқадық. Сыр сүлейлерінің хат, мысал, айтыс өлеңдеріндегі әдеби бейне және бейнелілік мәселелеріне де жан-жақты тоқталдық. Ақындардың шығармаларындағы ұлттық мінез бен ұлттық сипат ажырамас ұғымдар екеніне де талдау жасалынды.

Кілт сөздер: ақын, бейнелілік, ұлттық рух, ұлттық сипат, дәстүр.

Резюме. В статье рассматривается вопрос национального характера и национального духа в произведениях сказителей Сыра. Также на основе мнений зарубежных и отечественных ученых выстраиваются собственные суждения о национальном характере.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Мы заметили, что выражение национального характера в произведениях сказителей Сыра определяется собственными взглядами и воззрениями поэтов. Мы также подробно обсудили проблемы литературного образа и образности в поэмах сказителей Сыра. Также было проанализировано, что национальный дух и национальный характер являются неразделимыми понятиями в творчестве поэтов.

Ключевые слова: поэт, образность, народный дух, национальный характер, традиция.

Summary. The article deals with the issue of national character and national spirit in the works of Syr poets. Also, based on the opinions of foreign and domestic scientists, their own judgments about the national character are built.

We noticed that the expression of the national character in the works of Syr poets is determined by their own views and the views of the poets. We also discussed in detail the problems of literary image and figurativeness in the poems of Syr poets. It was also analyzed that the national spirit and national character are inseparable concepts in the works of poets.

Key words: poet, imagery, folk spirit, national character, tradition.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Жылдар, ойлар. – Алматы: Жазушы, 1959, - 556 б.
2. Тоғжанов Ғ. «Ұлт деген не?» мақала. Алматы ақшамы, №12, 2013 ж.
3. Ыбырайұлы М. «Халықтық мінез хақында». Алматы. «Абай» журналы, №2, 1966 ж.
4. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ұлттар, 1988, - 595 б.
5. Кәрібозұлы Б. Сырлы сөз сипаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1997, - 281 б.
6. Белинский В.Г. Толық жинақ, 3 том, - Мәскеу: Ғылым, 1959, - 1916.
7. Ізтілеуов Т. Назым. – Алматы: Жазушы, 1972, - 265 б.
8. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармашылығындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім, 2001, - 332 б.
9. Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. Ф.ғ.д, дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1999.
10. Тұяқбаев Ғ. Қаңлы Жүсіп. - Астана: Фолиант, 2013, -272 б.
11. Шораяқтың Омары. Шайыр. – Алматы: Жазушы, 1984, - 74 б.
12. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының көркемдік әлемі. – Қызылорда:Тұмар, 2008, - 243 б.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

ӘОЖ 316.37:37.017

**ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ
ТЕМИРБЕК ЖУРГЕНОВ И КАЗАХСКАЯ КУЛЬТУРА
TEMIRBEK ZHURGENOV AND KAZAKH CULTURE**

Әбдіраманова Айгүл Темірханқызы, философия ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті
(Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Гани Дильнара Ганиқызы, Қызылорда қаласы №261 С.Лапин атындағы
орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Әрбір халықтың өзіне тән тарихы, салт дәстүрі, мәдениеті және өмір тіршілігі бар. Ел егемендікке ие болып, қоғамның саяси, экономикалық, мәдени өзгерістерге ұшырауына байланысты, еліміз тарихи дамудың жаңа серпінді сатысына көтерілді. Осыған орай ұлттық дүниетанымды, халықтық табиғи санада елеулі идеялардың жаңғыруымен, халықтың табиғи болмыстық ерекшеліктерін, ұлттық мәдениетті толықтай танып-түсінуге бетбұрыстар жасалына бастады. Ал болашақты айқындаудың негіздерінің бірі өткен тарихи-мәдени сатыларды сана талқысынан өткізіп, ұлттық мемлекет пен көп ұлтты қоғамның қалыптасуындағы құндылықтар мен іргелі принциптердің мән-мағынасын ашу болып табылатындығы белгілі.

Жүргенов Темірбек Қараұлы Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол жастайынан-ақ орыс, қазақ, шығыс мәдениеттері рухында үлгі-өнеге алып өскен. Әкесі Қара өз заманында алғыр, елге қамқор, білімді адамы болған. Темірбек те осы бағытта тәрбие алған. Білімге құштар жас Темірбек белгілі ағартушы ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтен 3-4 жыл дәріс алып араб, парсы, шағатай тілдерін меңгеріп шығады. Сонымен қатар Орта Азияның төл мәдениетімен танысады. Аламесек орыс-қазақ мектебінде, Перовскідегі (Қызылорда) орыс-қазақ училищесінде, Уфадағы жер өлшеу училищесінде, Орынбор рабфагінде, Орта Азия университетінде білімін толықтырып, одан әрі оқуын тәжірибесімен ұштастырады. Қазақ мемлекетінің құрылуына толықтай күш-жігерлерін салып, соңынан ерген жас ұрпаққа өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. Ол қазақ мәдениетінің прогрессивті дамуына, қалыптасуына үлкен ықпалын тигізген қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі. Т.Жүргеновтың әдеби және ғылыми еңбектері мол, әрі сан алуан мәселелерді қамтыды. Оның көсемсөз мұрасы бастауын үш нәрседен: жеке басының көшбасшылық, саясаткерлік және ұйымдастырушылық үздік қабілетінен алады. Бұған оның «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Мектептегі оқу тәрбие жұмысы және «дүмше молдалар» туралы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою», «Мектеп жұмысындағы кемшіліктерді жою», «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары», тағы басқа очерктер мен мақалалары жатады. Адам қай уақытта да биік мақсатқа, асыл

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

мұратқа шын мәніндегі шабытты еңбек арқылы ғана жетеді. Оның реформаторлық идеялары отаршылдық ықпалымен мәдени деградация ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта жандануына үлкен әсерін тигізді.

Темірбек Жүргенов қай мәселені қозғаса да, оның мәдени, әдеби, саяси, ғылыми жағымен қатар, қазақ елін білім нәрімен байыту екені көрініп тұрады. Ол жоғарғы мектеп жүйесін жолға қойылғанда республика байлығын игеру, халық шаруашылығын ілгері бастыру ісінің қарқынмен жүретінін аңғартып отырады. «Өлкенің мүлгіген табиғи байлығы еңбегінде - өз зерттеушілерін және ең алдымен жергілікті халық арасынан шыққан жоғарғы техникалық білімі бар адамдарды күтіп отыр. Халық шаруашылығын одан әрі дамыту халық ішінде білім тарату мәселесіне келіп тіреледі» [1]. Осы ойдың жалғасы ретінде «Қазақ университетін ұйымдастыру туралы» мақаласы жарыққа шығады. Университетті ұйымдастыру ісіне әртүрлі мамандық иелерін көптеп тарту керек екенін және бұл жүйенің артықшылығын сараптайды. Автор әрқилы мәліметтерге талдау жасап, қазақ республикасының жаңа шекарасын белгілеу нәтижесінде ілгеріде маман даярлап келген оқу орындары оның аумағынан тыс қалғанын атап өтеді. Бұл оқу орындарының маңызы тек мамандарды дайындауда емес, сонымен қатар ғылыми ойды дамытуда, қазақ мәдениетін қалыптастыруда маңызды роль атқаратынын айтады. Қазақтың мемлекеттік университетінің және Тау-кен металлургия институты ашылуына себепші болды. Қазақ жерінде университет ашу, оны дамыту осынау бай өлкені игеруден туатын қажеттілік екеніне баса назар аударды.

Темірбек Қараұлы тіл дегеніміз жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген. Тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып отырған. Тіл байлығы –әрбір елдің ұлттық мақтанышы, кез-келген мәдениеттің шешуші кодтық жүйесі болып табылады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мәдени мұра. Сондықтан әрбір адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына жол бермеу керектігіне баса назар аударған. Ұлттық тіл сол халықтың нақты тарихи, оның өмірінің, сана-сезімінің ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыпының, үміт-арманының шешіресі. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып көпшілікке түсініксіз болуынан сақтандырды. Тіл - мәдениет дүниесінің мәңгілік ажырамас бөлшегі. Ұлт болашағы, ұлттық мәдениеттің гүлденуі, адымдап ілгері жылжуына тілге байланысты екенін айтты. Ол 1933-1937 жылдар аралығында халық ағарту комиссары қызметінде жүріп «Темір нарком» 4 мыңнан астам мектеп салдырды. «Мектептің түрі, тілі туралы» деген еңбегінде, Осы күні кейбіреулер (оның ішінде оқу комиссариатының кісілері де) аудандағы мектептер жайында әңгіме қозғайды. Олардың ойынша, жалғыз кемшілік ауыл мектебінде, ал басқа жер жақсы болып көрінеді. Менің ойымша, оқу жұмысының жалғыз ақсап отырған жері ауылда ғана емес, бар мәселені «Оқу жұмысы қалай қойылуы керек» деп тексерген жөн. «Мектептің түрі, тілі» деген мәселе Қазақстандағы қай оқу орындарының да алдында тұр. Біздің республиканың оқу жолындағы бар жұмысы жалғыз бастауыш, орта мектептермен бітпейді. Біздің оқу жолында көздеген нысанымыз – қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу. Олай

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

болса, бастауыш және орта оқумен қатар жоғары оқу жөнінен де қам қыла отыруымыз керек. Мұнан Қазақстанда жалпы оқу жұмысы қалай қойылуы керек? - деген сауал туады. Қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу деген не? Ол барлық жер жүзіндегі өнер білімді қазақ тілінде оқитын етіп, халыққа жеткізу деген сөз. Олай болса, бізде бастауыш та, орта да, жоғарғы да оқу орындары өз тілімізде болуы керек. Оқу орындарының барлығында да оқу қазақша болғанда барып, жер жүзінің өнер біліміне қазақтың қолы жетеді, - [2] деп жазды.

Автор «Қазақстандағы сауатсыздықты жою жұмысы туралы» деген еңбегінде, қараша халықты сауаттандыру мәселесіне талдау жасаған. Қазақстанның жаңа басшысы келген күннен бастап қолға алған негізгі мәселесінің бірі-мәдениет мәселесі, оның ішінде ірі мәселенің бірі-сауатсыздықты жою жұмысы. Керек десе, бұл мәселе – сауатсыздықты жою мәселесі. Өлкелік партия комитетінің хатшысы Нұрпейісов жолдас айрықша баяндама жасады... Пленумда қабылданған сауатсыздықты жою жоспары бойынша, біз биылғы жылы 350 мың адамды оқытып шықаруымыз керек еді. 1935 жыдың бірінші декабрінде ол жоспардың орындалуы мынандай: Алматы қаласы- 33 пайыз, Алматы облысы-49 пайыз, Түстік Қазақстан облысы- 30 пайыз, Батыс Қазақстан облысы – 36 пайыз, Ақтөбе облысы- 37 пайыз, Қарқаралы округі- 65 пайыз, Балқаш құрылысы – 46 пайыз [4].

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің өркендеуіне ерекше қызмет еткен жан. Оның ұсынысымен 1934 жылы халық өнері таланттарының бүкілқазақстандық слеті өткізіліп, оған республиканың жер-жерінен түрлі өнер иелері қатысып, есімдері елге танылды. 1935 жылы Қазақ филармониясы, Ахмет Жұбановтың ұйымдастыруымен Құрманғазы атындағы Қазақтың ұлт аспаптары оркестрі құрылған. Сахналық өнердің жаңа нұсқалары пайда болды, ел арасынан жаңа таланттар шықты. 30-шы жылдары облыстарда, бірқатар аудандарда, жекелеген колхоз-совхоздарда театрлар ашылып, кітапхана, клуб мекемелерінің жұмысы жолға қойылған.

Т.Жүргенов - ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев, т.б. қайраткерлердің шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады [3]. Т.Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Қазақ опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақстанның мәдени өмірінде ұлттық опера, балет, драма, кескіндеме т.б. жаңа өнер түрлері пайда болып, оның ауқымы кеңі түсті.

1937 жылы Орта Азия мен Қазақстанда КСРО және республикалық НКВД органдары мифті ұлтшыл-буржуазиялық ұйымдарды жою мақсатында операция өткізді. Нәтижесінде көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері жалған айыптармен қамауға алынды. Темірбек Жүргенов 1937 жылы 3 тамызда «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталып, ату жазасына кесілді. Іргетасын өзі қалаған үкіметтің қиянатын көріп, кеңестік жүйе саясатының құрбаны болды.

Темірбек Жүргенов – озық ойлы, ел үшін еңсе көтерген азаматтың бірі, халқымыздың ұлттық мақтанышы. Оның еңбектері қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен рухани мұрасын игеруде баға жетпес құнды дүние.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Түйіндеме

Мақалада Т.Жүргеновтің оқу-ағарту, мәдениет саласындағы еңбектері жан-жақты ашылып, қарастырылады. Қазақстанның мәдениет реформасына қосқан үлесін, баспасөз беттерінде жарық көрген материалдары сараланады.

Т.Жүргеновтің ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарды даярлаудағы еңбегі талданады.

Кілт сөздер: ұлттық мәдениет, өнер тарихы, ғылым, тіл, реформа.

Резюме

В статье подробно раскрываются и рассматриваются труды Т. Жургенова в области просвещения, культуры. Проанализирован вклад Казахстана в культурную реформу, материалы, опубликованные на страницах советской прессы. Анализируется вклад Т. Жургенова в подготовке специалистов в области национальной культуры и искусства.

Ключевые слова: национальная культура, история искусства, наука, язык, реформа.

Summary

The article reveals and examines in detail the works of T. Zhurgenov in the field of education and culture. The contribution of Kazakhstan to the cultural reform, materials published on the pages of the Soviet press are analyzed. T. Zhurgenov's contribution to the training of specialists in the field of national culture and art is analyzed.

Key words: national culture, history of art, science, language, reform.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүргенов Т. Қазақ педагогикалық институтының бір жылғы жұмысы.-Ташкент, 1928.
2. Жүргенов Т. «Мектептің түрі, тілі туралы» // Еңбекші қазақ, 1927, 7 наурыз, 3б.
3. Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. – А., 1969. 64б.
4. Иманғалиев Б. Темірбек Жүргенов.- А.,2012 ж. 334 б.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

МНРТИ 04.21.21

Т.ЖҮРГЕНОВТІҢ ҚОҒАМ ЖӘНЕ БІЛІМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ

**СЫЗДЫКОВА МАКПАЛ БАРХИЯЕВНА
БИМАХАНОВ ТАЛАНТ ДҮЙСЕНҰЛЫ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ**

Білім әлеуметтік құбылыс ретінде бүкіл әлеуметтік ой тарихында рефлексия мен зерттеудің тақырыбы болып табылады. Білім беру мәселелерімен философтар, тарихшылар, психологтар, саясаттанушылар, педагогикалық білім өкілдері және т.б. айналысады. Әлеуметтанудың білім беруді зерттеудегі өзіндік бұрышы бар, ол түсінікті, оның пәнінің ерекшелігімен және әлеуметтік құбылыстарды зерттеу үшін қолданылатын әдістермен анықталады.

Көптеген ағартушыларымыздың еңбектерінде білім берудің өзекті мәселелері: гуманизм, жеке көзқарас, оқыту сапасы, әмбебаптық, теңдік, еркіндік, прогрессивтілік, мемлекеттің білім үшін жауапкершілігі, әлеуметтік, діни, этникалық белгілері бойынша кемсітушіліктің болмауы және тағы басқалар қойылған деген қорытынды жасауға болады. Бұл ойшылдар білімнің әлеуметтік маңыздылығына, оның биліктің, басқару жүйесінің, жалпы қоғамның тиімді жұмыс істеуі үшін маңыздылығына назар аударды. Сонымен бірге, бұл бірте-бірте қоғам, әлеуметтік қатынастар туралы ғылыми білімнің өзінде білім әлеуметтануының алғышарттары қалыптасқанын білдіреді.

Егер әлеуметтану мен әлеуметтанулық білім іс жүзінде басқарушылық мәдениеттің іргелі негіздерінің бірі болып табылатындығын, ал білім – бұл жалпы қоғам өмірінің саласы және өзгерістері қоғамдық пікірде күрт көрінетін әрбір жеке тұлға екенін түсінетін болсақ, онда білім беру әлеуметтануықоғамның дамуын басқару процесінде қандай орын алатындығын айқын байқауға болады.

Білім беру әлеуметтануы соңғы екі онжылдықта қызығушылықтың ерекше кезеңін бастан өткергені бекер емес. Көпшіліктің пікірінше, бұл әлеуметтанудың ең қарқынды дамып келе жатқан саласы. Бұл, ең алдымен, білім мен ақпарат дамудың негізгі ресурстарына айналатын постиндустриалды қоғамға көшудің жалпы өркениеттік тенденциясымен байланысты. Сонымен қатар, постиндустриализмнің перспективаларын түсіну нәтижесінде «ақпараттық қоғамның» технологиялық детерминизміне қарсы «білім беру қоғамы» идеясы пайда болды.

Қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеу мәселелері әлеуметтік философияда маңызды орын алады. Бұл мақалада біз Т.Жүргеновтің қоғамның әлеуметтік құрылымына қатысты көзқарастарын айтуға тырысамыз.

Жалпы, әлеуметтік құрылым – бұл олардың әлеуметтік өмірдегі орны мен рөлімен ерекшеленетін әлеуметтік топтардың, таптардың, қабаттардың, касталардың және т.б. жиынтығы. Әр адамның тиісті мәртебесі бар, яғни, қоғамда белгілі бір орын алады. Өйткені ол белгілі бір әлеуметтік топқа жатады. Бұл орын, ең алдымен, өндіріс құралдарына, жалпы меншікке, сондай-ақ жынысына, жасына, шығу тегіне, білім

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

деңгейіне, кәсібіне, отбасылық жағдайына және басқа да сипаттамаларына байланысты анықталады.

Қазақ халқы ерте заманнан-ақ білімді де сауатты болуға ұмтылған, надандық пен топастықты әжуа етіп, күлкіге айналдырған. Әрбір ата-ана баласына әдептілікті үйреткен, сауатты да білімді болуға баулыған. Бұған мысал ретінде қазақтар арасында «Қара күш бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген мақал кеңінен тараған. XIX-XX ғасырлардың бас кезінде Қазақстанда халыққа білім беру ісі екі: діни және зайырлы бағытта жүргізілді. XIX ғасырдың орта кезіне дейін қазақ балалары мектептер мен медреселерде мұсылманша білім алды. Оларды негізінен молдалар оқытты. Оқу ата-аналарының қаржысы есебінен жүзеге асырылды. Мұсылмандар мектебінде негізінен ер балалар оқыды.

Халық арасында медреселердің беделі күшті болды. Олар молдалар мен мектеп мұғалімдерін даярлады. Оқу мерзімі 3—4 жылға дейін созылды.

Медресе шәкірттері ислам дінінің негіздері бойынша бастауыш білім алумен қатар философия, математика, медицина, тарих, тіл білімі (лингвистика) және астрономия жөнінде де едәуір хабардар болып шықты. Діни оқу орындарының басты қызметінің бірі жастардың бойына әдептілік өнегесі мен адамгершілік қасиеттерді дарыту болды. 1870 жылдан бастап патша үкіметінің бастамасы бойынша медреселерде міндетті түрде орыс тілінің негіздерін үйрету енгізілді.

Медреседе бірнеше сынып бөлмелері болды. Олар шәкірттер тұратын, дәрет алып, жуынып-шайынатын, сондай-ақ тамақтанатын бөлмелер еді. Медреседе ұстаздыққа әдетте жасы 40-тан асқан адамдар ғана қабылданатын. Олардың медресені бітіргені туралы дипломының болуы талап етілетін. Кейіннен патша үкіметі мұсылманша оқытуды да өз бақылауына алуға тырысты. Мәселен, 1867—1868 жылдардағы әкімшілік реформалар бойынша мектептер мен медреселер ашу үшін уезд бастығының арнайы рұқсатын алу керек болды. Патша үкіметі мұсылмандардың оқу орындарын ашықтан-ашық кемсітіп, қорлау саясатына көшті.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, шаруашылықты дамытып, жақсы өмір сүру үшін, ең алдымен халықтар арасында сауатсыздықты жою және ағарту ісін дамыту міндеті тұрды. Ең алдымен ересектер арасында «Сауатсыздықты жою» көзделінді. Халық арасында сауатсыздықты жою үшін арнайы мемлекет тарапынан қаражат бөлінді. Мектептер оқу құралдары және ұстаздармен қамтамасыз етілді. 1924 жылы Қазақстанда «Сауатсыздық жойылсын» қоғамы құрылды. Оның мүшелері жер-жерлерді аралап, халықтың арасында сауатсыздықты жоюға зор үлес қосты.

1921-1927 жылдар аралығында Қазақстанда 200 мыңға жуық адам әр түрлі жерде оқыды. 1926 жылы Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ АКСР біртұтас еңбек мектептерінің жарғысын» қабылдады. Көптеген қалаларда арнаулы білім беретін және соның ішінде қазақ қыздарын оқытатын мектептер ашылды. Білім беру ісіне тек Қазақстанда 1921-1927 жылдары бір адамға шаққанда 68,9 тиын жұмсалды.

1928 жылы Қазақстанда барлық халықтың 28% сауатты болды. Ал қазақтар арасындағы бұл көрсеткіш 10 пайыз ғана болды. Мұнда айта кететін мәселе, араб тілінде жазып, оқи білетін қазақтар бұл тізімге ілікпеді. 1930-1931 жылдары Қазақстан халықтарының арасында жалпыға бірдей оқу міндеті енгізілді. Жалпыға бірдей білім беру ісіне үкімет жан-жақты қолдау көрсете бастады. 1931 жылы Қазақстанда 15-50 жас

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

аралығындағы барлық адамдардың сауатын ашу, яғни оларға міндетті білім беру жүйесі енгізілді. Сауатсыздықты жою мақсатында республикада ағарту ісіне жұмсалатын қаржының мөлшері көбейді. Мысалы, 1928 жылы ағарту ісіне 12 млн сом жұмсалса, 1940 жылы бұл көрсеткіш 682 млн сомға дейін жетті.

Сауатсыздықты жою ісі бойынша Қазақстан одақ құрамындағы басқа мемлекеттерден артта қалды. Бұның себебі әміршіл-әкімшіл жүйенің бюрократтық саясаты. Сауатсыздықты жою ісінде ең алдымен комсомол ұйымы белсенділік танытты. 1936 жылы жер-жерде ашылған сауатсыздықты жою мекемелерінде 500 мыңнан астам адам оқыды.

Республикада ересектер арасында сауатсыздықты жою ісіне сол кездегі «Ауыл мұғалімі» журналы мен «Төте жол» газеті әдістемелік құрал ретінде көмегін тигізді. 1939 жылы Қазақстандағы сауатты адамдардың үлесі 65% болды, қазақ халқының арасында бұл көрсеткіш 40% жетті. Республикадағы ірі қалалар, негізінен, Алматы, Шымкент, Тараз, Қарағанды, Орал, Лениногорск және тағы басқа қалалар сауатты қалаға айналды.

Білім беру ісін дамыту бағытында ана тіліндегі оқулықтарды жасаған қазақтың ұлттық зиялылары үлкен үлес қосты. Мысалы, А.Байтұрсынов суретті әліппе, Ж.Аймауытов ана тілі оқулықтарын жазды.

Қазақ мектептеріне арналған оқулықтарды жасау бағытында Ғ.Мүсірепов, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Қ.Кемеңгеров, Ә.Бөкейханов, С.Сәдуақасов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов көп еңбек сіңірді. Мысалы, Қ.И.Сәтбаев орта мектепке арнап алгебра оқулығын, Ә.Бөкейханов география оқулығын жазды. Республика жерінде орыс, қазақ, өзбек, татар тілдерінде оқытатын мектептер жұмыс істей бастады.

Соғыстың алдында республика мектептерінде 44 мың мұғалім жұмыс істеді. С.Ақышев, С.Көбеев, А.Ақатов, Ш.Сарыбаев, Л.И.Довранская, Н.В.Волков тағы басқа білім беру ісінің үздіктері «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» деген атаққа ие болды. Сауатсыздықты жою, жалпыға бірдей оқу міндетінің енгізілуі индустрия мен аграрлық салаға қажетті мамандардың көбеюіне ықпал етті.

1928 жылы Қазақстанда тұңғыш жоғары оқу орны Алматы педагогика институты ашылды. Бұл институт Абайдың есімімен аталды. Ал 1929 жылы Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институт ашылды. 1930 жылы Алматыда Қазақ ауыл шаруашылық институты ашылды. 1931 жылы Ленинград әскери медицина академиясының қамқорлығымен Алматы медицина институты ашылды. Сондай-ақ, 1934 жылы Қазақстандағы тұңғыш университет С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті ашылды. Осы жылы Алматыда Қазақ кен металлургия институты ашылды. Кейін политехникалық институт аталған бұл оқу орны инженер-техник кадрларын даярлайтын іргелі оқу орны болды.

1931-1932 жылдары Қызылорда, Орал қалаларында педагогика институты ашылды. Семей, Петропавл, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Шымкент қалаларында мұғалімдер институттары ашылды. Соғыстың алдындағы жылдарда Қазақстанда ағарту, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, ауыл шаруашылық салаларында ұлттық зиялылар қалыптасты. Сонымен қатар, Қазақ КСР-де жоғары оқу орындары саны 20-ға, арнаулы оқу орындарының саны 118-ге жетті. Кәсіптік білім беретін бұл оқу орындарында 40000-ға жуық жастар білім алды.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Кәсіптік білім беретін оқу орындарының көбеюі Қазақстан зиялыларының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Жаңадан ашылған жоғары оқу орындарында М.Әуезов, О.Жандосов, Қ.Жұбанов, С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов, Т.Жүргенов, С.Аспандияров тағы басқа қазақтың зиялы қауымдарының өкілдері қызмет атқарды.

XX ғасырдың 30 жылдарында Қазақстан ғылымы қалыптасып, дами бастады. Қазақстанды ғылыми тұрғыдан зерттеу ісіне 1920 жылы құрылған «Қазақстанды зерттеу» қоғамы көп үлес қосты. Бұл қоғамда Қ.Жұбанов, С.Аспандияров, Ж.Аймауытов, А.В.Затаевич, А.Байтұрсынов, Ә.Диваев, А.П.Чулошников сияқты ғалымдар еңбек етті. 1926 жылы М.Е.Массон Тараз қаласының орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді.

Т.Жүргенов - ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев, т.б. қайраткерлердің шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Т.Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Қазақ опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақ әндері туралы А.В.Затаевичке көптеген мәліметтер берді. 1937 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Т.Жүргенов 30-жылдардың басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуга» рецензиясын (Казахстанская правда, 1934, 21 маусым) атап айту жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. Халық Ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып, ең бастысы, практикалық басшылық саласына көшіріп отырған.

Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні - Сыр бойының белгілі ағартушы-ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мен Аламесек орыс-қазақ мектебінде сабақ берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айту жөн. Алғашқы ұстазының шарапатты әсерімен жас бала бірнеше шығыс тілін меңгеріп, шығыс мәдениетінің жауһарларымен жастай танысса, соңғы ұстазының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық революцияшыл идеяларды терең игерді. Сөйтіп, Т.Жүргеновтың дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты. Қайраткер-қаламгердің көзқарас эволюциясындағы осы ерекшелік соңыра оның мәдени құрылысқа, ағарту саласына байланысты мәселелер түйінін әрі тез, әрі дұрыс тарқатып отыруына көп көмегін тигізді. Екіншіден, Т.Жүргенов - 20-30 жылдардағы үркердей қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі. Оның ат жалын тартып мінген азаматтық өмірі бірден ұлттық ояну, көтерілу, серпілу және ұлттық-саяси тәуелсіздік жолында күресу кезеңіне тұспа-тұс келді. Т.Жүргенов Нәзір Төреқұлов, Әліби Жангелдин тәрізді қайраткерлермен бірге иық тіресіп, ең алдымен өзі өкілі болып саналатын қазақ халқының мүддесіне қызмет етті.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның жазушылық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама зерттелсе де, Т.Жүргеновтың қаламгерлік қарымы назардан тыс қалып, мемлекеттік қызметінің тасасында қалып келді. Қазіргі қолдағы мәлімет бойынша Ағарту комиссарының әзірше 7 кітап, 150-ден аса әдеби-публицистикалық мақала жазғаны белгілі болып отыр. Атап айтқанда «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздық жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» т.б. мемлекетшіл тақырыптағы очерктері мен мақалалары бүгінгі ұрпақ үшін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Жүргенов қоғам қайраткері ретіндегі қызметін партиялық функционерліктен емес, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, қаламын қару етіп бастағанын атап айтқан жөн. 20-жылдар басында Т.Жүргенов республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатыру ісіне шығармашылық, ұйымдастырушылық қажырымен атсалысты. 1924 жылы Ташкентке келіп, САГУ-де (Орталық Азия Мемлекеттік университеті) оқып жүріп, әрі Қазақстанның Түркістан республикасындағы өкілі қызметін атқарған кезде де Жүргенов қалам майданының қақ ортасынан табылды. Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен Т.Жүргеновтың «Ұшқын» газетінде жарық көрген «Переводчиктің қиялы» атты сықақ өлеңі бала жігіттің сөз өнерінде қара жаяу еместігін бірден танытты. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің үлгісінде жазылған бұл сахналық интермедия қазақ әдебиетіндегі сатиралық монологтардың алғашқы үлгілерінің бірінен саналады. «Переводчиктің қиялы» қазақ сахнасының майталманы Серке Қожамқұловтың репертуарынан ұзақ жылдар бойы тұрақты орын алып келді. Ал 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының №4 санында жарияланған «Меруерт» әңгімесі ХХ жылдардағы ұлттық прозамызда өз кезеңіндегі ең өзекті, ең көкейкесті тақырыптың бірі - әйел теңдігі мәселесіне арналған. Кейіпкерлер тағдырының ұқсастығы, тақырып ортақтығы және кейбір суреттеу тәсілі жағынан «Меруерт» М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесімен үндес. Ол сюжетті өмірде жалт еткен бір сәттік оқиғаға, яғни метонимиялық принципке құрады. Бұл жағынан әңгіменің новеллалық сипаты басым.

Қорыта келе, Т.Жүргенов шығармалары қазақ қоғамындағы білім, теңсіздік, надандық мәселелерін кеңінен талқылаған. Сондықтан ағартушы шығармалары қазақ қоғамының қалыптасуына өзіндік үлес қосты деп айта аламыз. Т.Жүргенов көтерген мәселелердің барлығы қазақ қоғамы үшін аса маңызды болатын.

Осылайша, қазақстандық білім әлеуметтануының сол кездегі жағдайын әлеуметтанулық білімнің саласы ретінде сипаттай отырып және оның даму тенденцияларын белгілей отырып, қазақ білім беру әлеуметтануы жаңа және өте қарама-қайшы әлеуметтік жағдайларда динамикалық қалыптасу сатысында екенін көрсететін көптеген ағартушыларымыздың бар екенін тарихтан білеміз. Сол кезеңдегі Ресей отаршылдығының қысымы мен тәртіптің өзіндік қиындықтарын жеңіп, әртүрлі мәселелерді, білімнің дамуындағы маңызды тәжірибені оңтайландыра отырып, бұл қазақ қоғамының дамуының уақыт пен қажеттіліктерін оңтайлы пайдалануға тырысты. Ресей қоғамының инновациялық даму жолындағы білім процестеріне көшуге ықпал ететін білім

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

беру мәселелерінің әлеуметтік жауапты және перспективалық шешімдеріне сәйкес келетін уақытты іздеуге маңызды негіз бола алды. Қазіргі таңдағы қазақ әлеуметтануының қалыптасуына қосқан үлестері орасан зор екендігін осыдан байқауға болады.

Аңдатпа. Мақала Т.Жүргеновтің білім арқылы халықтың әлеуметтенуіне қосқан үлесі және қоғамның дамуына жасаған қолдауы мәселелеріне арналған. Автор мақалада білім беру әлеуметтануының парадигмалық аспектілеріне назар аудара отырып, Т.Жүргеновтің білім беру әлеуметтануының қалыптасуындағы еңбек жолына, сонымен қатар оның білім беру әлеуметтануының әлеуметтік жауапкершілікті сезіну мәселелеріне тоқталған.

Кілт сөздер: білім әлеуметтануы, қоғамның қалыптасуы, қазақ қоғамы.

Аннотация. Статья посвящена вопросам вклада Т. Жургунова в социализацию населения через образование и поддержки развития общества. Автор в статье акцентирует внимание на парадигматических аспектах социологии образования, акцентирует внимание на трудовом пути Т. Жургунова в становлении социологии образования, а также на вопросах его социально ответственного восприятия социологии образования.

Ключевые слова: социология образования, становление общества, казахское общество.

Annotation. The article is devoted to the contribution of T. Zhurgenov to the socialization of the population through education and support for the development of society. The author in the article focuses on the paradigmatic aspects of the sociology of education, focuses on the work path of T. Zhurgenov in the formation of the sociology of education, as well as on the issues of his socially responsible perception of the sociology of education.

Keywords: sociology of education, formation of society, Kazakh society.

Әдебиеттер тізімі

1. Аңсат Сәби. Ұлт рухын түлеткен Темірбек Жүргенов / С. Аңсат. - Қызылорда: Тұмар, 2020. - 232 б.
2. Жалдыбаев Ә. Темірбек Жүргенов - Қазақстандағы тұңғыш озық мәдениет революциясының бас жасампазы, асқан дарынды, кемеңгер мемлекет қайраткері [Мәтін]: Тарихи тұлға туралы танымдық еңбек. - Ақтөбе, 2016. - 96 б.
3. Темірбек Жүргенов - мұрағат құжаттарында [Мәтін] : Құжаттар жинағы / Құраст.: Оразбақов А.Ж., Ибраев У.С., Енсепов Б.Б. - Астана : Фолиант, 2014. - 160 б.
4. Жүргенов Темірбек [Мәтін] : Зерттеулер, мақалалар, естеліктер мен арнау, жыр-толғаулар / Құраст. : А.Н.Алматов, Б.Б.Мырзабай. - Астана : Сарыарқа" баспасы, 2014. - 580 б.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

FTAMP 11.01.53

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ Т. ЖҮРГЕНОВТЫҢ ОРНЫ

НАСИМОВ МҰРАТ ӨРЛЕНБАЙҰЛЫ

**Қызылорда «Болашақ» университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті**

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігінің алғашқы жылдарында өз халқының тарихына, әсіресе, 1920-30-шы жылдардағы күрделі және қайғылы оқиғаларға толы кезеңді зерттеуге үлкен қызығушылық туындады. Қоғамды ізгілендіру, адам өмірінің құндылығын сезіну, жеке тұлғаның қайталанбас, жарқын дара тұлға ретіндегі жасампаздық мүмкіндіктерін белгілі бір дәуірде өмір сүрген тұлғалар қызметін қарастыру қажеттілігін туындатады. Бұл тұста ұлттық тарих пен мәдениетке орасан зор үлес қосқан қазақ зиялыларының жарқын өкілдерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Осы тұрғыда 1933-37 жылдардағы Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтың қызметін ғылыми тұрғыдан зерттеу өзектілігінің маңызы зор [1]. Өйткені, оның есімі мәдени және ғылыми дамудағы терең оң өзгерістермен, кәсіби өнердің, шығармашылық одақтардың қалыптасуымен, республикадағы орта және жоғары білім берудің біртұтас жүйесін құрумен байланысты. Т. Жүргенов орын алған мәдени өзгерістердің күрделілігін түсініп, ұлттық мәдениеттің прогрессивті дамуын жақтап, оның өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігін сақтауға тырысты. Осы 20-30 жылдардағы мәдени дамудың жетістіктері болашағымызға іргетас бола білді және Қазақстанның одан әрі дамуындағы ілгерілеудің негізгі бағыттарын айқындады.

Т. Жүргеновтың мәдени-ұйымдастырушылық қызметі бойынша алғашқы кандидаттық диссертация қорғаған А.Д. Утегалиеваның зерттеу жұмысында Халық ағарту комиссарының мәдени-ағартушылық және ұйымдастырушылық қызметі жүйеленеді. Зерттеудің негізгі міндеттеріне жатады [1, 7-8 бб.]:

1. Т. Жүргеновтың тұлғалық қалыптасу бастаулары, дүниетанымының негізі және рухани дүниесін ашу. Өйткені бұл оның мемлекеттік-саяси және мәдени-ұйымдастырушылық қызметінің анықтаушы факторы болып табылады.

2. Т. Жүргеновтың ұйымдастырушылық қызметі арқылы Қазақстандағы 20-30 жылдардағы мәдени-тарихи үдерістерді көрсету.

3. Халық ағарту комиссары Т. Жүргеновтың оқу-ағарту, ғылым, білім, өнер, әдебиет, тіл салаларына қосқан шынайы үлесін көрсете отырып, оның ауқымды да сан қырлы қызметін талдау.

4. Нақты материалдарды сыни талдау негізінде Т. Жүргеновтың партиялық-мемлекеттік қайраткер, ресми мемлекеттік және партиялық идеологияны жүргізушісі ретіндегі бейнесін объективті түрде ашу.

5. Т. Жүргеновтың өмірі мен қызметі мысалында дәуірдің, қоғам мен тұлғаның тығыз өзара байланысы мен өзара тәуелділігін көрсете отырып, сталинизм кезеңінің драматизмі мен трагедиясын, оның зиялы қауым мен Қазақстан халқының тағдырындағы ізін айқындау.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Қазақ мәдениеті тарихының беттерінде халық өнерінің шынайы жанашырлары, үш алып Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров және Өзбекәлі Жәнібековтің есімдері көп аталады. Олар қазақ әдебиеті мен өнерін жаңа деңгейге көтерді және болашақ ұрпақ үшін үлгі болып табылады. Кәсіби қазақ өнерінің бастауы өткен ғасырдың 30-жылдарында қаланды. Бүкіл қазақ өнерінің дамып, оның сахналық үлгісінің қалыптасуында Темірбек Жүргенов ерекше рөл атқарды. Ол мәдениет және өнер кадрларын даярлауға ерекше назар аударды, қазақстандық жастарға КСРО-ның орталық қалаларында оқуға көмектесті.

Т. Жүргенов Л.И. Мирзоянның шақыруымен 1933 жылы Алматыға келді. Сол кезде қалыптасқан жүйедегі қазақ халқына екі жыл оқу жеткілікті, тек сауаттылықты үйрену керек түсінігі бұзылып, Т. Жүргеновтың басшылығымен он жылдық мектептер құрыла бастады.

Темірбек Жүргенов Қазақстандағы кәсіби өнердің қалыптасуына зор үлес қосты. 1920 жылмен салыстырғанда, осы кезеңде халық сауатты болды және әлемдегі соңғы оқиғаларға қызығушылық танытты. Рухани қажеттіліктерді түсінген көшбасшы ретінде ол көптеген суретшілерге өнерден өз орнын табуға және танылуына көмектесті. Темірбек Жүргенов Мұхтар Әуезов, Әбілхан Қастеев және Жұмат Шаниннің шығармашылық жұмыстарына серпін берді. М.О. Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы жиырмасыншы жылдардың соңында жарық көргені белгілі, ал 1934 жылы Темірбек Жүргеновтың тікелей қатысуымен үлкен қиындықпен сахнаға шықты.

1934 жылы Алматыда өткен халықтық дарындардың алғашқы жалпықазақстандық слеті өнердегі көптеген ұлттық таланттарға жол ашты. Осы слеттен кейін алғаш рет халық таланттарының, өнерпаздардың дауыстары граммофон жазбасына жазылды. Қазақ музыкасын зерттеуші А. Жұбанов 11 домбырашыдан тұратын ансамбль ұйымдастырды. Бүгінде бұл ансамбль Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестріне айналды. Қали Жантілеуов пен Дина Нұрпейісованың орындауындағы Құрманғазы күйлері Алматыда кеңінен таралды.

Бұл кездесуде әлемнің түкпір-түкпірінен келген бірқатар бишілердің өнер көрсетуге мүмкіндік туды [2, 522-523 бб.]. Қанабек Байсейітов «Құштар көңіл» кітабында былай деп еске алады [3, 94 б.]: «Қазақтың биі жоқ дегендердің бәрі таңырқап, тамсанып жатты. Біз де абдырап қалдық. Бірақ слеттен кейін біз өзімізге сенімді болдық». 1926 жылы Қызылордада ашылған қазақ драма театры екі жылдан кейін Алматыға гастрольдік сапармен келіп, мәңгілікке қалды. Қазақ КСР астанасының Алматыға көшірілуіне байланысты 1934 жылы 13 қаңтарда М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» (режиссері Ж. Шанин, авторы В. Коцык) музыкалық комедиясы ұсынылды. 17 қаңтарда драма театры жанындағы музыкалық студияны Қазақ мемлекеттік музыкалық театры етіп қайта құру туралы қаулы шықты [3, 91 б.].

Опера және балет театрын құру жоспарына байланысты арнайы музыкалық білімі бар кәсіби бишілер мен әншілерді даярлау басты міндет болды. Осы мақсатта музыкалық студия, хореография мектебін құру жұмыстары жүргізілді. Қазақстанның алғашқы бишісі Шара Жиенқұлованың кәсіби деңгейін көтеру үшін Т. Жүргенов Мәскеудегі Үлкен театрдың хореографы А.А. Александровты (Мартиросянц) арнайы шақырды. Бұл бастама кәсіби бидің негізі болды. Ол Қазақстанға келген жас композитор Е. Брусиловскийді қолдап, оның шығармашылығына серпін берді. Театр ашылғаннан кейін бір жыл өткен

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

соң көрермендерге «Қыз Жібек», «Жалбыр» және «Ер Тарғын» атты үш опера ұсынылды. Осы кезеңде қазақстандық әртістер опера, балет және оркестр тұжырымдамаларымен таныса бастады.

Мәскеуде қазақ өнерінің онкүндігі жарияланған күннен бастап Темірбек Жүргенов жұмыс режимін белгілеп, декорациялар мен костюмдерді жаңартуға ден қойды. Бұл елдің ар-намысы мен абыройы үшін өте маңызды еді. Күндіз ол Үкіметте, ал кешке театр әртістерімен жұмыс істеді. Мәскеудегі онкүндік қазақ мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетті. Онкүндік 17 мамырда Үлкен театр филиалында «Қыз Жібек» операсымен ашылды. И.В. Сталин Қыз Жібектің рөлін сомдаған әнші, актриса К. Байсейітованың өнерін тамашалап: «... Бұл қызда бәрі бар, әнді де жақсы айтады, жақсы ойнайды» [4, 121 б.], - депті.

«Қыз Жібек» үш рет, Б. Майлиннің революцияға дейінгі қазақтардың көтерілісі туралы «Жалбыр» пьесасы да үш рет қойылды. Актерлерге күн сайын ойнауға тура келсе де, онкүндіктің сәттілігі оларға күш берді. 26 мамырда Үлкен театрда өткен онкүндіктің қорытынды концертінде көрермендер хореограф А.А. Александровтың (Мартиросянц) сахналаған, Тәттімбеттің «Былқылдақ» әуенімен Ш. Жиенқұлованың орындауындағы биді тамашалады [2, 523 б.]. «Қазақ бишісі Шара Жандарбекова сахнаға жылдам шықты. Жандарбекованың би қимылдары үйлесімді. Сахнада бүкіл денесімен қалқып бара жатқандай, бишінің қолдары әдеттегі қатып қалған стильден ерекше өрнек салады. Нәзік бұралған саусақтар мен құс қанатындай созылған алақан биші жүрегінің нәзік пернелерін көрсетіп, сахнада би бейнесін жасайды» [4, 73 б.], - деген пікір «Советская культура» газетінде жазылған екен.

Темірбек Жүргенов Халық ағарту комиссары қызметінде 1933 жылдың 25 маусымынан бастап 1937 жылдың драмалық тамызына дейін қызмет етті. Т. Жүргеновке жоғары білімді, зиялы, қазақ және орыс тілдерінен басқа бірнеше шығыс тілдерін меңгерген адам ретінде ерекше үміт артылды. Ол халық эпосы мен музыкасын жетік білуші, қоғамдық-саяси, мемлекеттік басқару, ғылыми тәжірибе және университеттік қызметте мол тәжірибеге ие еді.

Ағарту халық комиссариаты аппаратында оның мүдделестері қатарында жазушы Ғабит Мүсірепов, ғалым-профессорлар Санжар Асфендияров, Құдайберген Жұбанов, Смағұл Сәдуақасов сияқты көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлері болды. Республика өмірі үшін де, Темірбек Жүргеновтың өмірі үшін де бұл жылдар ең қызықты, мазмұнды және жемісті болды. Қарастырылып отырған уақыттың баспасөзінде оның кәсіби өнер мен мәдениеттің, орта және жоғары білім беру жүйесінің, ғылым мекемелерінің қалыптасуы мен дамуының көптеген мәселелеріне арналған мақалалары мен баяндамалары жиі жарияланып отырды.

Жүргенов өзінің жұмысына да, шығармашылық ұжымдардың қызметін бағалауда да талаппен және сыни көзқараспен қарады. Халық ағарту комиссариаты бұйрықтарының бірінде (1934 жылдың 29 сәуіріндегі №119 бұйрық) Т. Жүргенов «Айман-Шолпан» пьесасы қойылып, сәтті көрсетіліп болғаннан кейін музыкалық театрға «мақтаншақтық» үшін қатты қарсылық білдірді [5, 111 б.]. «Театр ары қарай тынымсыз шығармашылық және тәрбиелік жұмыстың орнына, театрдың болашағын ойламай, қыс бойы бір ғана «Айман-Шолпан» спектаклін үздіксіз көрсетеді» [6]. Т. Жүргенов театр басшылығына жас

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

театрдың шығармашылық өсуі үшін жеке жауапкершілік туралы ескертеді және қойылымға «Шұға» және «Қыз Жібек» жаңа спектакльдерін ұсынады.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы қоғамдық жаңғырту халықтың мәдени мұрасын жаңғыртуды және оның шығу тегін терең зерттеуді көздейтін ұлттық мәдениетті дамытудың тұтас жүйесін құруды мақсат етеді. Гуманитарлық білім беру тәжірибесін заманауи ұстанымдар шеңберінде жаңғырту әрекеті қазақ ұлттық интеллигенциясы өкілдері идеяларын түсінбейінше мүмкін емес.

Түйіндеме. Кәсіби қазақ өнерінің дамуы Т. Жүргенов есімімен байланысты. Бұл тезисте Т. Жүргеновтың Қазақстандағы кәсіби өнердің өсуіне қосқан үлесі сөз болады. Т. Жүргенов дарынды жастарды біріктіріп, заманауи халықаралық деңгейдегі классикалық өнер түрін жасауға ұмтылды. Мәскеуде өткен әдебиет пен өнердің бірінші онкүндігінде Т. Жүргеновтың кәсіби қазақ өнерінің өсуіне қосқан үлесі ерекше бағаланды.

Аннотация. Развитие профессионального казахского искусства связано с Т. Жургеновым. В данном тезисе рассматривается вклад Т. Жургенова в рост профессионального искусства Казахстана. Т. Жургенов объединил талантливую молодежь и стремился создать классический вид искусства в современном международном уровне. В течение первой декады литературы и искусства в Москве был признан вклад Т. Жургенова в рост профессионального казахского искусства.

Summary. The development of professional Kazakh art is associated with T. Zhurgenov. In this thesis examines T. Zhurgenov's contribution to the growth of professional art in Kazakhstan. T. Zhurgenov brought together young people with talent and strived to create a classical art form in the modern international level. Throughout the first decade of literature and art in Moscow, T. Zhurgenov's contribution to the growth of professional Kazakh art was acknowledged.

Әдебиеттер тізімі

1. **Утегалиева, А. Д.** Культурно-организаторская деятельность Темирбека Жургенева [Текст] : дис. ... канд. ист. наук : 07.00.12 : защищена 23.05.96 / Утегалиева Алмажан Джусуповна. – А., 1996. – 194 с. - 0496РК00248.
2. **Нажатова, Б. Б.** Роль личностей в становлении профессионального искусства в Казахстане [Текст] / Б.Б. Нажатова // Молодой ученый. - 2021. - № 48 (390). - С. 522-525.
3. **Байсейітов, Қ.** Құштар көңіл [Мәтін] / Қ. Байсейітов. – Алматы: Жазушы, 1977. - 224 б.
4. **Жиенқұлова, Ш.** Өмірім менің - өмірім [Мәтін] / Ш. Жиенқұлова. – Алматы: Жазушы, 1983. – 216 б.
5. **Садыкова, А. Е.** Темирбек Жургенов – идеолог культурной модернизации в Казахстане в 30-е годы XX века [Текст] / А.Е. Садыкова // Central Asian Journal of Art Studies. – 2018. – № 4. - С. 109-117.
6. **Сулейменов, Р. Б.** Темирбек Жургенов [Текст] / Р.Б. Сулейменов. – Алматы: Казахстан, 1968. – 91 с.

FTAMP 11.01.53

Т. ЖҮРГЕНОВ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘДЕНИ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ОРНЫ

**НАСИМОВ МҰРАТ ӨРЛЕНБАЙҰЛЫ^{1,2}
ПАРИДИНОВА БОТАГӨЗ ЖАППАРҚЫЗЫ²**

¹Қызылорда «Болашақ» университеті

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанда ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі құрылымның бұзылуы елдің дамуының жаңа жолдарын таңдау қажеттілігіне алып келген қоғам өміріндегі терең өзгерістер кезеңі болды. Бұл таңдау жас, әлі дамып келе жатқан зиялы қауымның экономиканың, ғылымның және мәдениеттің прогрессивті дамуына белсенділігін арттырды. Зиялы қауым өкілдері жаңа экономика мен жаңа мәдениетті қалыптастыратын процестер туралы өз көзқарастарын білдіріп қана қоймай, бұл жұмыстарға өздері араласты. Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин сынды басқа да жоғары білімді жас патриоттардың тұтас бір тобы жаңа ел құру міндетін өз мойнына алды. Бұл қатарда 1926 жылы 4-курс студенті бола жүріп, қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнының директоры болған Темірбек Қараұлы Жүргенов ерекше орын алды. Осы қиын кезеңде ел үшін жоғары білім беруді ұйымдастыру қалыптасып, мәдени құрылыс бойынша қызмет өрістеді, мәдениет өнімдерін тамырландыру тәжірибесі енгізілді, өнердің кәсіби түрлерінің негізі қаланды.

Өзінің алғашқы қойылымынан бастап опера және балет театры бүкіл шығармашылық жолындағы репертуарда көркем классиканың ең жақсы үлгілерін қолдану дәстүрін ұстанды. Т. Жүргенов жаңа қойылымдардың барлық талқылауларына белсенді қатысып қана қоймай, осы жұмысқа өз заманының ең танымал және талантты жазушыларын тартты: Сәкен Сейфулин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов және т. б.

М. Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын талдау кезінде Темірбек Жүргенов сипатталған кезеңдегі қазақ халқының тарихы мен тиісті тарихи дереккөздер туралы өте терең білімін көрсетіп, сыны дәлелді және негізделген болды [1, 111-112 бб]. Бұл баға өз заманының белгілі бір ізін, таптық, партиялық, идеологияландыру қағидаларын қалдырғаны даусыз еді [2].

Т. Жүргенов бюрократ шенеуніктердің қатарына кірмеген және өзекті мәселелерді ойластырылған және сақтықпен шешуге тырысқан сияқты. Әрине, М. Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын талдау фактісі республиканың мәдениет, өнер, әдебиет, баспасөз саласындағы шығармашылық өмірін бақылайтын қолданыстағы цензура туралы айтады, бұл тоталитарлық жүйеге айналған мемлекеттегі күшті орталықтандыру мен идеологияландырудың тән белгісі.

Темірбек Жүргенов халық ақындарының, суырып салма ақындардың шығармашылығын қолдай отырып, өткеннің көркемдік мұрасына үлкен мемлекеттік қамқорлық көрсетті. Ол Қазақстанның жас театрларын талантты саңлақтармен толықтырып, бірқатар жаңа дарынды ақындарды, сазгерлерді, аспапшыларды ашуға

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

мүмкіндік берген халық өнерпаздарының 1-Бүкілқазақстандық слетінің (1934 ж. маусым) бастамашысы болды. Жүргенов слетке дайындық кезеңінде баспасөзде «шынында да халық таланттары домбырашылар, қобызшылар, бишілер, халық әншілері, суретшілер, оюшылар түсуі үшін оны дайындауға үлкен көңіл бөліп, жауапкершілікпен қарау қажет екенін атап өтті. Слетті өткізудің мақсаты, - деді Жүргенов, - шынайы халықтық таланттарды, олардың шеберліктерін анықтау, Қазақстан өнерінің одан әрі даму перспективаларын айқындау болып табылады». Ол бұл жұмысқа бюрократиялық көзқарас фактілерінің барын, кейбір басшылардың халық әні мен өнеріне менсінбей қарайтынын, кейде слетке әртістер емес, мекеме қызметкерлерінің өздері шығатынын алаңдаушылықпен атап өтіп, бұл фактілерге мүлдем жол беруге болмайтындығын жазды. Т. Жүргеновтың слетке дайындық жұмыстары бірқатар құжаттарда көрініс тапқан [3]

Т. Жүргенов дарынды әртістер мен жас дарындарға ерекше назар аударып, оларды КСРО-ның орталық қалаларына оқуға жіберіп, сол арқылы қазақ мәдениетінің өркендеуіне ықпал етті. Халық өнерінің, фольклордың тамаша білгірі Жүргенов музыкалық және ақындық дарынға ие еді, тамаша ән айтты, домбыра шертті. Ол жас ұрпақ үшін де, мәдениеттің одан әрі дамуы үшін де көркем мұраның мәні мен құндылығын жақсы түсінді. Темірбек Жүргенов Қазақстанның революцияға дейінгі мәдениетінің тарихына арналған өз еңбектерінде Асан қайғы, Қорқыт, Ақан сері, Біржан, Мұхит, Құрманғазы сияқты танымал композитор-ақындардың шығармашылығын жоғары бағалайды.

1935 жылдың 21 мамырында мәдени құрылыс қызметкерлерінің съезі өткізіліп, онда Т. Жүргенов «Қазақстандағы мәдени революция» атты баяндама жасады. Бұл құжатта революцияға дейінгі мәдениеттің тарихына терең талдау жасалып, 30-жылдардың ортасына дейінгі әдебиет пен өнердің жағдайы мен даму жолдарын көрсетеді, қиындықтарды, кемшіліктерді және оларды жою әдістерін атап өтеді. Баяндамада мәдени даму саласындағы табыстардың бүкіл қоғам үшін басым маңызы сипатталған және осыған байланысты «республика басшылығы өз жұмысында мәдениет пен білім берудегі істердің жай-күйіне үлкен мән береді» делінген.

Т. Жүргенов эпос, музыканың өткен дәуірдегі аса бай мұрасын пайдалана отырып, өнер мен әдебиеттің жаңадан қалыптасып келе жатқан түрлері мен жанрларын толығырақ пайдалануды, шығармаларда халық өмірін көрсетуді ұсынды. Өнер мен мәдениет республика өмірінің ажырамас бөлігіне айналуы үшін дәстүрлі жанрларды дамытуға шақырды. Съезде сөз сөйлеген депутаттардың барлығы Қазақстан ауылдарында мәдени құрылыстың ерекше қарқын алғанын, «радио мен кинотеатрлар шет аймақтарға еніп жатыр, барлық жерде оркестрлер мен көркемөнерпаздар театрлары ұйымдастырылғанын» атап өтті.

Әдебиеттің дамуында да үлкен жетістіктер байқалады. Қазақстан жазушылары Б. Майлин, М. Әуезов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқановтар жаңа шығармаларында республика өміріндегі социалистік өзгерістер туралы жазып жүргені, театрлар үшін жаңа пьесалар жасалып жатқаны айтылды. «Олардың туындылары біздің алтын қорымызға айналуға, - деді Т. Жүргенов, - біз мақтануға құқығымыз бар. Жақында Фирдоусидің «Шаһнамасын» Ораз молда жасаған қазақша аудармасы табылды, араға 100 жылдан астам уақыт өтсе де, осы уақытқа дейін Ораздың аты белгісіз болып келді, бірақ

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

бұл аударманың қазақ әдебиетінің дамуы үшін баға жетпес үлес болғаны сөзсіз», - деді Т. Жүргенов [1, 113-114 бб.].

Мектеп мұғалімі болып жұмыс істеген жерлес ақынымыз Т. Ізтілеуұлы Халық ағарту комиссариатында халық ағарту ісін көп атқарды. Ол құнды білім беріп, Алаш зиялылары өкілдерінің бірі, қазақтың тұңғыш халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтың өмірінде елеулі рөл атқарды. Т. Ізтілеуұлы Көкілташта болған кезінде тәжік классигі Садриддин Айнимен достасып, кейін онымен қарым-қатынасын үзбеді. 1934 жылы бірқатар елдерде Фирдоусидің туғанының мың жылдығына арналған түрлі ресми мерекелер мен ғылыми шаралар өтті. Сол жылы Тұрмағамбет Алматыда өткен Қазақстан жазушыларының тұңғыш конференциясы мен көркемөнерпаздар фестивалінің бірінші республикалық слетіне қатысуға мүмкіндік алды. Біраз уақыттан кейін Т. Ізтілеуұлы «Шаһнама» аудармаларындағы рөлі туралы баяндама жасауға бірінші хатшы Л.И. Мирзоян және Т. Жүргеновке шақырылды. Т. Ізтілеуұлы бұл кездейсоқ ұсыныс емес екенін түсінді. Біріншіден, үкімет оның академиялық білімі туралы білді. Екіншіден, Тұрмағамбетті эпостың аудармашысы ету туралы шешімге Т. Жүргенов үлкен әсер етті. Нәтижесінде, 1936 жылы ақын әйгілі «Шаһнама» туындысының үзінділерін қазақ оқырманына жеткізу үшін түпнұсқаны сұлулығымен және тереңдігімен қазақ тіліне аударды (40 мың жол). Кітапта Дарий, Александр Македонский (Ескендір), Кей-Кавус, Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.), Әли пайғамбар және Придон секілді көрнекті тұлғаларға қатысты оқиғалар сипатталған [4, 203-204 бб.].

Сол жылдары орыс, шетел, кеңес әдебиеті классиктерінің көптеген шығармалары қазақ тіліне аударылып, жарық көрді. Халық Ағарту Комиссариатының (1934 ж. желтоқсан) бұйрығы сақталған, мұнда Т. Жүргенов Қожықовты Ташкент, Шымкент, Түркістан қалаларына қолжазбаларды жинауға жібереді, бұл оқу-ағарту халық комиссариатының өткен ұрпақтың мәдени мұрасына ұқыпты қарым-қатынасын тағы бір мәрте көрсетеді.

Қарастырылып отырған кезеңде театр өнерімен қатар радио, кино сияқты жанрлар да алғашқы қадамдарын жасады. 1935 жылы «Қазақстанда кино өндірісін ұйымдастыру туралы» қаулы қабылданды. Т. Жүргеновтың сіңірген еңбегі – 1938 жылы Ғ. Мүсіреповтің сценарийі бойынша қазақтың тұңғыш дыбыстық көркем фильмі «Аманкелді» түсірілді. Мәдени мұраны сақтауда тарихи ескерткіштерді, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қорғауға қатысты бірқатар құжаттардың пайда болуының маңызы зор.

Қазақ мәдениетінің алуан түрлілігінің, байлығының және өзіндік ерекшелігінің ең жарқын көрінісі 1936 жылы мамырда Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші онкүндігі болды. Темірбек Жүргенов осы жауапты іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі болды, бұл туралы оның мерзімді баспасөздегі мақалалары, Кремльдегі қабылдаудағы сөздері көрсетіп отыр. Онкүндік қазақ өнерінің әлемдік өнерге табысты интеграцияланғанын, опера, балет, цирк, қуыршақ театры, кескіндеме, мүсін, радио, кино секілді өнердің жаңа түрлерінің ынта-жігермен қабылданғанын және жастар арасынан жан-жақты таланттардың көптігін анықтағанын куәландырды [1, 114 б.].

30-шы жылдардағы Қазақстан мәдениеті халықтық мәдениет негізінде дамыды. Алайда шамадан тыс идеологияландыру, партиялық, революциялық тақырыптарды таңу, ұлттық мәдениетке нұқсан келтіру есебінен интернационалдылықты күшейтуге ұмтылу

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

руханият пен мәдениеттің дамуына кедергі келтірді, бұл қоғамда терең деформацияларға әкелді [5]. Алайда, тарихи тұлғалардың шығармашылық мұрасын сауатты зерттеу, осы материалдарды ғылыми мұрағаттау ғасырдың басында болған ерекше мәдени процестерді түсіну арқылы мемлекеттік егемендік жағдайында ұлттық мәдениеттің қазіргі тенденциялары мен даму перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді [1, 115 б.].

Ұлттық интеллигенцияның сол кезеңдегі өкілдерінің өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеу олардың қандай тағдырлы реформалар жоспарлағанын түсінуге мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл топтың ең жарқын өкілдерінің көпшілігі сталиндік қуғын-сүргін кезінде репрессияға ұшырап, олардың идеялары мен жаңашыл тәжірибесін қазіргі жағдайда, шынайы егемендікке ие болған кезеңде жүзеге асыру мүмкін болды.

Түйіндеме. Халық ағарту комиссары Т. Жүргенов қызметі өз заманындағы мәдени жаңғыртумен байланысты. Бұл тезисте Т. Жүргеновтың Қазақстандағы қызметі барысындағы мәдени жаңғыртуға қосқан үлесіне мән беріледі. Халық ағарту комиссары қызметінде Т. Жүргенов білім, ғылым, өнер, әдебиет және т.б. салалардың дамуы үшін көп жұмыстар атқарды. Біз осы атқарылған жұмыстарды қысқаша талдау арқылы оның мәдени жаңғыртудағы орнын дәйектейміз.

Аннотация. Деятельность наркома просвещения Т. Жургунова связана с культурной модернизацией своего времени. В этом тезисе особое внимание уделяется вкладу Т. Жургунова в культурную модернизацию в ходе его деятельности в Казахстане. В должности наркома просвещения Т. Жургунов много работал для развития таких областей, как образование, наука, искусство, литература и др. Кратко проанализировав эту проделанную работу, мы обосновываем ее место в культурной модернизации.

Summary. The activity of the People's Commissar of Education, T. Zhurgenov, is connected with the cultural modernization of his time. In this thesis, special attention is paid to the contribution of T. Zhurgenov to cultural modernization in the course of his activities in Kazakhstan. As People's Commissar of Education, T. Zhurgenov worked hard to develop such areas as education, science, art, literature, etc. Having briefly analyzed this work done, we substantiate its place in cultural modernization.

Әдебиеттер тізімі

7. **Садыкова, А. Е.** Темирбек Жүргенов – идеолог культурной модернизации в Казахстане в 30-е годы XX века [Текст] / А.Е. Садыкова // Central Asian Journal of Art Studies. – 2018. – № 4. - С. 109-117.

8. **Жүргенов, Т.** О пьесе «Хан Кене» и ее критиках [Текст] / Т. Жүргенов // Казахстанская правда. – 1935. – 12 июня.

9. **Жүргенов, Т.** К высотам большого социалистического искусства [Текст] / Т. Жүргенов // Казахстанская правда. – 1934. – 12 июня.

10. **Albekov, T. K.** Kazakh versions of the poem «Shahnameh» in the funds of rare books and manuscripts of Kazakhstan [Text] / T.K. Albekov. - История и культура народов Юго-Западной Сибири и сопредельных регионов (Казахстан, Монголия, Китай):

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

Материалы международной научно-практической конференции. Отв. ред. Ф.И. Куликов. - Горно-Алтайск: Издательство: РИО Горно-Алтайского государственного университета, 2014. – С. 201-205.

11. **Узакбаева, С. А.** Служение родному народу [Текст] / С.А. Узакбаева, А.Е. Садыкова. - Алматы: ABILIT, 2009. – 236 с.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Т.ЖҮРГЕНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТ МӘДЕНИЕТІ

М.Д.Көпешбай

№207 «Жаңатұрмыс» орта мектебінің мұғалімі

Қазақтың ұлттық интеллигенциясының тарихында кеңестік билік тұсындағы 70 жылдан астам уақыт елеулі із қалдырды. Бір жағынан, Қазақстанда бұл кезеңде кәсіби деңгейі жоғары зиялылар қауымын даярлаудың жаңа жүйесі орнықса, екінші жағынан, әкімшілдік -төрешілдік жүйе ұлттық зиялыларға қарсы қуғындау, жазалау науқанын жүргізіп,халқына «жау» етіп көрсетті. Зиялылар қауымының қасиетті міндет -өз халқына қызмет етуіне, жасампаздық мүмкіндіктерінің ашылуына жол бермеді.

Өткен ғасырдағы біздің қоғам жеке талантты тұлғаларға бай болған. Олардың өз ортасына ықпалы да зор еді. Және де бұндай тұлғалардың басты ерекшелігі – олар дүниеге ең керек деген сәтте келіп, Ұлы Абайдың сөзімен айтқанда: “Сен де бір кірпіш дүниеде, тетігін тап та бар қалан” демекші қаланды. Өз елі өте ауыр жағдайда болған уақытта патриотизмі, жақынына көмектесуге құштарлығы зор, білімдігі, іскерлігі жағынан өз замандастарынан көп уақыт алға кеткен тұлғалар қатарында Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Ғани Мұратбаев, Темірбек Жүргеновті атасақ орынды.

Ташкентте оқып жүрген жылдарда Темірбек Жүргенов күллі Түркістанға танымал қайраткер дәрежесіне көтерілді. Сол кезеңнің басты мәселесі – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық мемлекеттік шекарасын межелеу ісіне белсене араласты. Осылайша Қазақстанның іргесі кеңіп, ұлттық тұтастануына, оңтүстік өңірдің қазағының бір шаңырақ астына топтасуына студент елші Темірбек Жүргеновтің де қосқан үлесі зор еді. Университетте оқып жүріп – ақ алғашқы ғылыми еңбектерін жариялады. 1929 жылдан мемлекеттік басшылыққа бір жолата ауысып, Тәжік АССР-нің финанс Халкомы, 1930-1933 жылдары Өзбек АССР-і Халық Ағарту комиссары, 1933-1937 жылдары Қазақ АССР-нің Халық Ағарту комиссары қызметтерін атқарды. Сол жылдары қолға алынған реформалардың бірі – мәдени революцияны іске асыруға белсене кірісіп, оң нәтижелер де бере бастаған еді.

Жүргеновтің жаңа қызмет жауапкершілігін орындауға кіріскен шақта бүкіл білім, ағарту салалары, мәдениет пен өнер істері түгел қараған Наркомпростағы жағдай мәз емес еді. «Мектеп 1-2 жылдық қана болсын, халық тек хат таныса болды, мектеп үшін үлкен үй салудың қажеті жоқ, мектепке күрке де лайық болады»[1,211], - деген Голощекин өлке халқын тек хат танитын дәрежеде сауаттандаруды жоспарлап, қаржыны да қысып беріп мәдениеттің бар саласы бойынша басқа өңірлерден қалыс қалуына бірден бір себепкер болды.

Жүргеновтың қажымас қайратпен ұйымдастырушылығының арқасында бас аяғы үш – төрт жыл ішінде республика мәдениеті тамаша нәтижелерге жетті. Бұл жөнінде өз естелігінде Ахмет Жұбанов: «Темірбек Қараұлының басқаруымен оқу ағарту, мәдениет салаларының соның ішінде өнердің даму екпінінің күштілігі сондай төрт-бес жылы ішінде Мәскеуге алып барып көрсетуге де жарап қалдық», -дейді.[2].

1933-1937 жылдары Қазақ АССР-нің Халық Ағарту комиссары қызметтерін атқарып жүрген жылдары республиканың мәдени – рухани бейнесін түбегейлі өзгертті, халықтың

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

білімі әлеуеті нығайды, мәдени – ағарту мекемелерінің кең жүйесін қалыптастырды. Мыңдаған адамдар сауатын ашып, мәдени құндылықтарды белсенді түрде игеретін дәрежеге көтерілді. Жаппай сауатсыздықпен күреске, жаңадан оқу орындарын ашуға, мәдени – ағарту мекендердің жүйесін кеңейтуге зор мән берілді. Бұрын оқу – білімнен алыс тұрған кедей – кепшіктер өмірінде тұңғыш рет қолына кітап алып, газет – журналдардың бетін ашуға кірісті. Бастауыш, жеті жылдық және орта мектептердің тұтас жүйесін құру арқылы сауатсыздар қатарын жыл сайын толықтырып отырған толқынды тоқтата алды.

Бұл – Темірбек Жүргеновтің мақтануға тұрарлықтай жеңісі деп сеніммен айтуға болады. Қашан болсын нақты, қысқа және батыл сөйлейтін қайраткер қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып қалуы үшін де аянбай тер төкті. «Бастауыш, орта, жоғары оқу орындары өз тілімізде болуы керек. Осындай жағдайда ғана жер жүзінің өнер-біліміне қазақтың қолы жетеді», -деп өркениет биігіне ана тілін сақтай отырып халқының көтерілетініне сенім білдіреді «Мектептің түрі, тілі туралы» деген мақаласында. [2,70]

Қалың бұқараның ілім – білім мен мәдениетке деген ынта – ықыласы мен большевиктер партиясының жоспарлы түрде жүргізген саясаты арқасында Қазақстан халқы айналдырған он бес – жиырма жыл ішінде үш мәрте, яғни араб, латын, орыс әліпбиінде хат танып шықты. Осылайша, ойланбай жасалған әліпби реформалары бір адамның үш мәрте сауат ашуына мәжбүр етті. Бұл революциядан кейінгі конфискация, ұжымдастыру, ашаршылық, репрессия, материалдық жетіспеушілік, оқытушы кадрларының тапшылығы жағдайында атқарылатын оңай шаруа емес еді.

Тұтастай алғанда, Қазақстан халқының сауатсыздығын жою кеңестік жылдардың айтулы табысы екені ақиқат. Оған жеткізген факторлар қатарында мемлекеттік саясат, ұстаздар еңбегі, халықтың ілім – білімге құштарлығы тұр. Әрине, бұл істің 20 жылдан астам уақытқа созылғаны кемшіліктердің де аз болмағанын айғақтайды. Өйткені ересек адамды хат танытып шығу үшін 2-3 ай мерзім жеткілікті. Әліпбиді игеру жүздеген мың адамдардың тағдырына оңтайлы әсерін тигізгені күмән тудырмайтын ақиқат.

Сондықтан большевиктер халық ағарту саласында кешенді және батыл шараларды жүзеге асыра отырып, ұлттық аймақта екі мақсатқа жетудің ізіне түсті: біріншіден, сауаттылық пен білімнен шеттетілген қарапайым адамдардың сұранысын өтей отырып, олардың құрметі мен сеніміне ие болу мүмкіндігін жібермеді, екіншіден, білім беруді кеңейтумен қалың көпшілікке беймәлім маркстік-лениндік идеологияны еңбекші халық санасына сіңіріп, социалистік қоғамның теория мен практикасын өмірге енгізді.

Темірбек Жүргеновтің қазақ мәдениетіне тағы бір қосқан үлесі араб – парсы тілдерінің білгірі – ұстазы Т. Ізтілеуовке мемлекет тарапынан жағдай жасатып, аз уақыт ішінде Қ. Фердаусидің атақты «Шахнама» поэмасын қазақша тәржімалатып алды. Бірақ, мәдениетке серпін берген тоталитарлы тәртіпті дәріптей берудің де қисыны жоқ. Өйткені тоталитаризм талай халықтың, соның ішінде қазақ халқының да мәдени дамуын ұлттық негізінен айырды. Большевиктік мәдени-рухани эксперименттердің айлағы бүкіл Қазақстан болғанын естен шығармау керек. Алғашқыда бұл эксперименттер жайлы айтылған саналуан қызыл сөзге, берілген шексіз уәдеге қарапайым халық та, олардың арасынан шыққан айтулы тұлғалардың белгілі бір бөлігі де қалтқысыз сенгені ақиқат. Эксперименттің зардабы ұлттың болмысын бұзатыны, берілген уәденің жартыкеш

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

орындалатыны, ол аздайын, идеяны өмірге енгізу үшін жойдасыз зорлық-зомбылық қолданылатыны кейін мәлім болды. Елдің наразылығы туды. Бірақ бұл кезеңде большевиктік тоталитарлық жүйе барынша нығайып, күшіне еніп алған еді.

Т.Қ.Жүргенов осыншама күрделі де жауапты істерді атқарып жүріп 1937 жылы тұтқындалғанда жасы әлі 40 – қа да толмаған екен. Осы жылдарда қауіпсіздік орындарының қолымен мыңдаған адам, ең алдымен қазақтың зиялы азаматтары жазықсыз қуғын – сүргінге ұшырады. Қазақ зиялыларына негізінен тағылған айыптар – жасырын контрреволюциялық – ұлтшылдық ұйым құрып, кеңес өкіметін құлату мақсатын көздеді. Конфискация жылдарындағы жіберілген қателіктер, соны аштыққа ұрындырған ұжымдастырудағы қиғаштықтар арасында күйзелген елдің сырт жерлерге ауа көшуі мемлекеттік биліктің басында отырған большевиктер партиясының кеңес үкіметінде большевиктер саясатынан тыс пікірге орын жоқ екендігін дәлелдеу мақсатында жазалау науқанын бастауға түрткі болды. Ол үшін кінәлілер де табылып жатты. Осылайша, тағдырдың тәлкегіне түскен қазақ зиялылары мен қазақ мәдениеті кеңестік жылдарда кем дегенде үш өліп, үш тірілді. Бірінші жолы бақытты заман есігін ашады деген социалистік идеяға жан-тәнімен сеніп, бойындағы барын-нәрін бергендер идея адыра қалған күні шығармашылық әлеуетінен ажырап, бағыт-бағдарынан айырылып, идеялық тірі өлікке айналды. Екінші жолы социалистік идеяға сенгендері де, сенбегендері де тоталитарлық қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Үшінші жолы әлеуметтік прогрестің алғышарттары болып табылатын сабақтастық жоққа шығарылып, енді ғана өркен жая бастаған қазақ мәдениеті ұлтшыл, байшыл, үстем тапшыл сылтаудың қатал талқысына түсті.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы Оңтүстік өңірдің мәдени дамуына тұтастай алғанда әлеуметтік ілгерілеу тән болды. Өңір руханиятының жоғалтқаны аз емес, дегенмен, бұл бағыттағы табыстар жоғалтқанымыздан қомақты тұр. Бір ақиқаттың басы ашық, қазақ халқы Ресей бодандығын қабылдағаннан бергі уақыт аясында, мәдени-рухани құндылықтардың туындауы жөнінен ең бір құнарлы кезең деп ХХ ғасырды, соның ішінде кеңестік социалистік жүйе заманын айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2001.-275 бет.
2. Тарихи тұлға тағылымы. Зәмзәгүл Ибрагимқызы. Қызылорда, 2011 жыл. 170 бет., 5 б.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

FTAMP 18.07.23

**ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ: XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
МУЗЫКАСЫ
ТЕМИРБЕК ЖУРГЕНОВ: КАЗАХСКАЯ МУЗЫКА НАЧАЛА XX ВЕКА
TEMIRBEK ZHURGENOV: KAZAKH MUSIC OF THE EARLY XX CENTURY**

Байұлов Ғани Бекқожаұлы- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
аға оқытушысы, PhD. baiuli@mail.ru.

Жағалова Гүлнұр Тұңғышбайқызы- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің аға оқытушысы, п.ғ.м. zhagalova79@mail.ru.

Аблаев Самат Алматылы- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
магистранты. samat.ablaev.77@mail.ru.

Бүгінгі таңда білім, өнер, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы – жастарға жалпы адамзаттық және ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейде көтеруге ықпал етуде. Қазіргі қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру басталған кезде ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Ұлттық менталитетімізді қалпына келтіріп нығайту және өркениетті елдер қауымдастығының ортасынан орын алу – ұлттық мемлекетіміздің қалыптасуымыздың басты алғы шарттарының бірі екенін ұмытпағанымыз жөн. Рухани мәдениетіміздің тарихына айрықша назар аударатынымыздың себебі де осы. Бұл процеске қоғамтанушы ғылымдармен қатар тарихшылар, филологтар, философтар, психологтар сонымен қатар, педагогтер мен музыканттар да ат салысуда. Бәрінің мақсаты – тамыры тереңде жатқан ұлттық өзіндік философиялық ой-сананың ерте дәуірден күні бүгінге дейінгі тарихына ой жүгірту, оның дамуына өзіндік үлес қосу.

Өткен ғасырдағы қазақтың өнері мен мәдениетін айтқанда Темірбек Жүргеновті айтпай кету, немесе айналып өту мүмкін емес. Темірбек Қараұлы кешегі 20 ғасырдың басында Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері еді. Оның есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Темірбек Жүргенов 1933-1937 жылдары Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарды. Сол жылдары қазақ халқының өнері мен мәдениетіне, әдебиетімізбен білім беру саласын өсіп өнуіне өлшеусіз үлес қосты. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Т.Жүргеновтің тікелей ат салысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына негіз қаланды. Темірбек Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылдың 14 маусымында Алматыда өнер қайраткерлерінің бірінші слетін өткізуге үлкен мұрындық болды. Бұл үлкен шығармашылық байқауға суретшілер, ақындар, домбырашы, қобызшы, сыбызғышылар қатысты. Слетте Ахмет Жұбановтың басқаруымен қатысқан домбыра ансамблінің ойыны ерекше назар аударды. Халық орындаушылары бірінші рет бәрі бірдей ұлттық киімдерін киіп сахнаға шықты. Мұның өзі сол кезең үшін ерекше жаңалық еді. Ансамбльдің бағдарламасында «Кеңес күйі», «Қарабас», «Айжан қыз» күйлерімен қатар халық әндері де орындалды. Музыка тарихымызда бірінші рет халық аспаптар ансамблінің көпшілік алдына шығуы республика үшін үлкен оқиға болды. Ол Кеңестік қазақ музыкасының,

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

оның ішінде аспаптық музыканың келешегінің мол екендігін көрсетті. Ұлт аспаптарында ұжым болып ойнаудың өзі көрермен жұртшылықты қуанышқа бөлеп, мәдениет қайраткерлерін шын мағынасындағы кәсіби дәрежесіне жеткізуге себепкер болды. Слетке қатысып отырған А.В. Затаевич қазақ халқын, оның халық музыкасының аспаптарын ұжымдастырудағы А. Жұбанов бастаған мамандарды шығармашылық табысымен құттықтады. Осы слет өткеннен кейін көп ұзамай, Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары Темірбек Жүргенов қазақтың ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады. Ол қаулыда «1934 жылдың 25 маусым айынан бастап музыкалық драма техникумы жанындағы домбыралық оркестр негізінде халықтың өнер қайраткерлерінің ішінен іріктелініп алынған домбырашы, қобызшы, сыбызғышылардан құралған КазЦИК атындағы қазақтың бірінші ұлттық оркестрі құрылды деп есептелсін»- деп жарияланды [1].

Слетте ерекше көзге түскен халық орындаушыларын КазЦИК атындағы оркестрдің құрамында қалдырды. Домбырашылар – Науша Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов, Қали Жантілеуов, Ғабділман Матов, сыбызғышы – Ысқақ Уәлиев, қобызшы – Жаппас Қаламбаев т.б. жас өнерпаздар ұжымның негізін қалаушылар болды. Сөйтіп, республикада қазақтың бірінші Ұлт аспаптар оркестрі жұмысқа кірісті. 1935 жылы КазЦИК атындағы бірінші ұлттық қазақ оркестрі негізінде Қазақтың мемлекеттік филармониясы ашылды. Халық аспаптар оркестрі (қазіргі Құрманғазы атындағы мемлекеттік ұлт аспаптар оркестрі) негізгі шығармашылық ұжым есебінде филармонияның құрамына берілді. Филармонияның директоры және оркестрдің жетекшісі болып А.Қ.Жұбанов тағайындалды. Одан кейін филармония құрамына қазақ хоры мен би ансамблі және түрлі аспаптарда ойнайтын жеке орындаушылар келіп қосылды.

Сонымен қатар, Темірбек Жүргеновтың тікелей араласуымен 1934 жылы Орал қаласында тұңғыш музыка мектебі ашылды. Бұл мектептің директоры И.В.Воробьев қала бойынша әрбір балалар үйін аралап оқушыларды тыңдап, ең талантты деген оқушыларды іріктеп алды. Аталмыш музыка мектебінде бірнеше таланты мұғалімдер: пианистер М.А.Исакова, П.А.Мақашев, скрипач А.В.Болотин, виолончелист П.И.Сорокин және басқалары сабақ берді. Олар мектептегі оқушыларды скрипкашылар, виолончелистер, пианистер деп үш топқа бөліп, сабақ берді. Кейіннен мектеп директоры И.В.Воробьев оқушылар санын көбейту мақсатында облыстың Жәнібек, Новопавловск, Казталовка және тағы басқа да аудандардағы балалар үйін аралап, дарынды деген оқушыларды музыка мектебіне оқуға шақырды.

Сол кездердегі айтулы оқиғалардың бірі 1936 жыл қазақ өнерінің тарихынан айрықша орын алды. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің жанындағы өнер істерін басқарушы Комитеттің бастауымен мамыр айының 17-нен 23-не дейін Москвада қазақ өнерінің бірінші онкүндігі болды. Темірбек Қараұлы Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Мәскеудегі онкүндікке қазақтың үш жүзден астам шебер әртістері, әншілері, күйшілері, жыршылары, драматургтері және ақындары сол күндері Москвада өнерлерін көрсетті. «Қыз Жібек», «Жалбыр» музыкалық пьесасын қойған Қазақтың музыкалық театры үлкен табысқа жетті. КазЦИК атындағы халық аспаптар оркестрі де жұртшылықтың назарын өздеріне аударды. Қайта туған қазақ домбырасының дауысы біріккен көптік, оркестрлік үнмен күмбірледі. Домбыра оркестрінің үні, өзге тыңдаушыларды былай қойғанда, сол аспапқа ертеден құлағы үйренген қазақ тыңдаушыларының өздерін де таң қалдырды. Бұл жағдай қазақ музыкасының тарихында бірінші рет аспаптық оркестр ұйымдастырған және соның жетекшісі болған, ұлт дирижері Ахмет Жұбановтың көп жылғы ізденуінің жемісі еді. Осы он күндікте халық музыкасы кеңінен насихатталды. Сахнаға ұлт аспабына қосылып

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

орындайтын жеке әншілер шықты, ал қорытынды концертте Қазақстан музыка мәдениетінің барлық жанры көрсетілді. Музыкалық пьесалар, халық ақындарының әндері, дәстүрлі ойындары орындалды.

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігі, қазақ халқының өміріндегі тарихи оқиға болды. Қазақ өнерінің онкүндігіне жан-жақтан келген көрермендер қазақтың ұлттық мәдениетімен, оның жетістік табыстарымен кеңінен танысты. Қазақтың көптеген әртістерінің, әншілерінің, орындаушыларының және суырып салма ақындарының өнер шеберлігі Мәскеуліктерді шын мәнінде таңдандырған еді. Мәскеулік тыңдаушылар әртістеріміздің, сонымен бірге бүтіндей қазақ өнерінің табыстарын онкүндік қарсаңында және онан кейін де жоғары бағалады. Күнделікті баспасөз беттерінде Қазақстандық өнер мәдениетіне арналған көптеген мақалалар жарияланды. Пікір айтуға көрнекті өнер қайраткерлері мен басқа саладағы журналистер да қатысты. Олардың барлығы да Қазақстанды, оның мәдениеті мен өнер қайраткерлерінің жаңа табыстарға жеткенін бір ауыздан құттықтады. Осымен байланысты бағалы шығармашылық тілектер айтылды. Қазақ музыкасы туралы атақты музыка зерттеушісі академик Б.В. Асафьев бірнеше мақала жазды. Ол қазақтың халық музыкасының байлығына ғажап сүйсінді. Москвада болып өткен Қазақ өнерінің онкүндігінен кейін «Қазақстан музыкасы» деген мақаласында *«Кеңестік Қазақстанның музыкалық мәдениеті дамуының тарихи үдерісін автор өзіне тән философиялық және ғылыми терең болжағыштығымен сипаттады. Жүрек тебіренетін халық мұрасын мейілінше жоғары бағалады, оны кәсіби өнердің қалыптасуымен тығыз байланыстыра қарастырды. «Жалбыр» мен «Қыз Жібек» пьесаларының музыкалық мазмұны, одан кейін көрсетілген халықтың толып жатқан ойындары мен билері, шырқалған әндері қазақтың халық музыкасынан берілген концертте тамаша орындаған аспапты ансамблі мен жеке әншілердің асқақ әндеріміне, осының бәрі музыкалық шығарманың қазақ халқының өміріндегі маңызын, халықтың музыкалық мәдениетінің қарқындап өсуін, қазақстандықтардың эмоциялық сезімтал, музыкалық тілі бай екенін дәлелдейді»*- деп пікір білдірген болатын [2].

«Қазақ халқы өзінің жас көркемөнерпаздарын Мәскеу жұртшылығына айта алғандай етіп жеткізіп, жетістіктерін ортаға салды. Қазақ халқының көркемөнері бұрын-соңды мұндай үлкен қамқорлықты көрген жоқ еді. Бұрын көркемөнердің халықтық көзі аса бай болса да, өсіп- өркендеуіне мүмкіншілігі болмады. Ал, Қазан социалистік революция қазақ халқын азат еткеннен кейін, оның көркемөнері де нұрлы сәулесін шашып, құлпырып шыға келді»- деп сол кездегі «Қазақ әдебиеті» газеті жазған болатын [3].

1936 жылғы Москвадағы қазақ өнерінің бірінші онкүндігі республикадағы өнер қызметкерлерін жаңа табыстарға, шығармашылық іздену жолына жігерлендірді. Бұл онкүндік қазақ кеңес музыкасының зор болашағына жұртшылықты қатты сендірді. Ал, мәдениет қызметкерлерін шығармашылық жаңа сатыға көтерілуге рухтандырды, жаңа ізденулерге бағыттады. Жас ұжымның алғашқы кезеңнің нәтижесін қорытты.

Темірбек Жүргенов Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметінде жүрген кезінде халқымыздың өнері үшін 1935 жылдың басында қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясы ашылуына үлкен себепкер болды. Жаңадан ашылған филармония құрамына Құрманғазы атындағы оркестр, қазақ хоры, би ансамблі және солист-әншілер мен музыканттардың бір тобы енді. Осы жылдан бастап филармония жанындағы хор ұжымы белсенді түрде жұмыс істей бастады. Хор ұжымын композитор Д.Д. Мацуцин, кейін Қазақ ССР-нің әртісі, Құрманғазы атындағы Өнер институтының профессоры Б.В. Лебедев басқарды. 1937 жылы осы хор ұжымының негізінде Қазақтың мемлекеттік хор капелласы құрылды. 1939 жылдың ақпан айынан бастап ол хор Қазақтың мемлекеттік хор капелласы деп аталды. Хор ұжымында көрнекті сазгер Бақытжан

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Байқадамов та көп жылдар бойы капеллада дирижер, көркемдік жағын басқарушы болып қызмет атқарды.

Темірбек Жүргенов Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары болып қана қоймай, қазақтың ұлтжанды- ойы ұшқыр тұлға еді. Оның мұрасы бастауын үш нәрседен: жеке басының лидерлік, саясаткерлік және ұйымдастырушылық үздік қабілетінен алады. Бұған оның «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары», тағы басқа очерктер мен мақалалары жатады.

Темірбек Жүргенов жайында белгілі өнер майталманы Құрманбек Жандарбеков: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. *«Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз»*, - дейді, ал Академик А.Жұбанов: *«Жүргеновтың кабинетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік»*, — деп, өнер басшысының қажыр-қайратын жоғары бағалайды. Жазушы Ғабит Мүсірепов: *«Жүргенов – тілді де тісті, жігерлі де іскер адам»*, – деп, талантына ерекше ден қойып, ыстық ілтипатпен еске алады. *«Біз қазақ мәдениетінің шырқау шыңдары үшін Темірбек рухының алдында қарыздармыз»* - деген еді Әбіш Кекілбаев[4].

Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында үлкен құрметке, зор беделге ие болды.

Тарих – халықтың зердесі, ол содан сусын алады. Сол себептен өткен заман оқиғаларының баяндағанда, тек елдің саяси тарихын, маңдай алды саясаткерлердің қызметін әңгімелеумен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге рухани және материалдық мәдениет тарихын әр салада жан-жақты толық зерттеген дұрыс. Халқымыздың ұлттық мәдени мұраларын ескермеуді болашақ ұрпақтың ұлттық сана-сезімдеріне теріс ықпал ету деп түсіну керек. Әсіресе, қоғамның бүгінгі нарықтық қарым-қатынасқа көшу барысында туындаған дағдарыстар жас ұрпақтың жан-жақты жетілуіне көптеген қолайсыздықтар туғызуда. Демек, адам қасиеттерінің бойында да дағдарысқа лап келетіндігі атап көрсетілген. Жалпы осы дағдарыстың барлығында әсері ұрпақ тәрбиесінің өз ықпалын тигізбей қоймайды. Нәтижесінде болашақ иелері – жастар арасында рухани азғындаушылық, жалпы адамзаттық құндылықтарды бағалаумашылық кеңінен орын алууда. Ұлт тарихын зерттеп, зерделеу сол дағдарыстан шығудың айқын жолы.

Аңдатпа.

Бұл мақалада Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары Т.Қ. Жүргеновтың ХХ ғасырдың басындағы қазақ музыка өнерінің кәсіби деңгейде дамуына ықпал еткені туралы баяндалған. Сонымен қатар, 1934 жылы Алматыда өнер қайраткерлерінің бірінші слеті, 1936 жыл мамыр айындағы Мәскеудегі қазақ өнерінің бірінші онкүндігі зерттеліп, зерделенді.

Аннотация.

В этой статье рассматривается, как комиссар народного просвещения Правительства Казахстана Т. К. Жүргенов способствовал профессиональному развитию казахского музыкального искусства начала ХХ века. Кроме того, был изучен и рассмотрен первый слет деятелей искусства в Алматы в 1934 году, первая декада казахского искусства в Москве в мае 1936 года.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Annotation.

This article describes how the Commissioner of Public Education of the Government of Kazakhstan T. K. Zhurgenova contributed to the professional development of the Kazakh musical art of the early twentieth century. In addition, the first gathering of artists in Almaty in 1934, the first decade of Kazakh art in Moscow in May 1936 was studied and reviewed.

Кілттік сөздер: қазақ музыка өнері, Алматыдағы слет, Мәскеудегі он күндік, музыка мектебі.

Ключевые слова: казахское музыкальное искусство, слет в Алматы, декада в Москве, музыкальная школа.

Keywords: Kazakh musical art, gathering in Almaty, decade in Moscow, music school.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚРММ. Қор № 693, тізімдеме. № 1, Іс. № 4, Бума, 2, 3.
2. Музыкальная культура Казахстана. Сбор. стат. и материалов. Составитель П. В. Аравин. Б. Г. Ерзакович. КазГосиздат 1955г. 5-6 бет
3. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1936, 2 маусым.
4. Б. Иманғалиев. Алаш ардақтысы нарком жүргенов туралы не білеміз? // Ана тілі - №70, 1 бет - 05.06.2009.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

FTAMP 13.11.28Y17.07.25:18.07.23

ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІНДЕ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

ШАКИРОВА МАКПАЛ ИМАНАЕВНА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі

АБЛАЕВ САМАТ АЛМАТОВИЧ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
музыкалық білім магистрі

Сыр түлегі, Қазақстан Республикасының қоғам және мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің туғанына биыл 125 жыл толып отыр. Биыл еліміз Темірбек Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойын атап өтуде. Т.Жүргеновтің есімі мен еңбегі қазақ елінің жоғары оқу орындары тарихында құрметпен аталып келе жатыр. Ол 1927 жылы құрылған тұңғыш Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Мемлекеттік педагогикалық университеті) ректоры болды. 1933-1937 жылдары Қазақ ССР-і Халық ағарту комиссары болып қызмет атқарған уақытында 1934 жылы Тау-кен институтын, (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті) қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін ашып, олардың аяғынан тік тұрып кетуі үшін барын салды.

Т.Жүргенов мұрасындағы «Қазақстандағы мәдениет революциясы» делінетін көлемді еңбектің орны бөлек. Бұл мақалада Қазақстан мәдениетіне жан-жақты сараптама, талдау жасалады, мәдениетті дамытудың жолдары, қағидалары, проблемалары т.б. жайлы айтылады. Әдебиет пен өнерді, тілді, өнер түрлерін социалистік қоғам жағдайында қалай дамытамыз деген мәселенің өткір қойылуына үлкен парасаттылықтың, саяси белсенділіктің жемісі екенін айтуымыз керек. Әсіресе Т.Жүргеновтің мәдениет пен өнерге арналған мақалалары, ғылыми еңбектері, баяндамалары оның қазақ мәдениетінің шын мағынасындағы реформаторы болғанын риясыз дәлелдейді. Т.Жүргеновтің ойлары мен тұжырымдарына, жазған, сызғандарына, атқарған қызметіне тән ортақ сипат бар. Ол – жаңашылдық, ол – бастамашылдық, ол – тиянақтылық, ол – білімдарлық. Осылардың барлығын қосқанда Т.Жүргеновтің ағартушылық тұлғасы мойындалады. Ол 30-жылдардың басында Голощекин тұралатқан ұлттық білім мен мәдениетті жолға қойып, 400 мектеп салдырып, ұлттық опера өнерінің дүниеге келуіне себепкер болды, «Хан Кене», «Жалбыр», «Шұға» пьесаларының алғаш сахналануын жүзеге асырды, Жамбыл Жабаев, Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұлова, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақовтардың басын қоса отырып, еліміздің түкпір-түкпірінен таланттар табу мақсатында 1934 жылы Халық өнері қайраткерлерінің I слетін өткізді. Өзінің тікелей араласуымен 1934 жылы Қазақстан Орталық Комитетінің екі қаулысын: «Музыкалық театрларға кадрлар даярлау туралы іс-шаралар», «Ұлттық өнерді дамытуға байланысты іс-шараларды» қабылдады. Осы қаулылардан кейін Халық ағарту комиссариаты жанынан музыкалық студия ашылды, студияға шақыртылған бір топ артистер мен композитор И.В.Коцык, режиссер Жұмат Шаниндер 1934 жылдың 13 қаңтарында қазіргі Абай атындағы опера және балет театрының негізі болып саналатын музыка театрының шымылдығын «Айман-Шолпан» спектаклімен ашты. Т.Жүргеновтің басшылығымен еліміз бойынша кәсіби өнер мекемелерінің қатары көбейді, Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің негізі қаланды. Т.Жүргеновтің басшылығымен ұлттық кадрларды даярлау үшін Москва, Ленинград, Ташкент қалаларынан білікті ұстаздар

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

шақырылды, ұлттық музыка аспаптарын жасайтын шеберханалар ұйымдастырылды. Т.Жүргенов Халық Комиссары болып тұрғанда Ұйғыр музыкалық драма театры, қуыршақ театры ашылған[1].

Е.Брусиловскийдің айтуынша:Наркомпрос Темірбек Жүргенов бұл жас театрды (музыка театры) зор қамқорлықпен және сүйіспеншілікпен аялап, аяғынан тік тұрғызды. Театрдың ресми көркемдік жағын басқарушы Жұмат Шанин, бас суретші А.Ненашев, музыкалық жетекшісі И.В.Коцык болғанымен, театрдың барлық жұмысымен – репертуар таңдау, постановка қою, музыкасын тыңдау, суретшінің жұмысы, материалдық жағдайы дегендей шаруаның бәрімен Жүргенов өзі шұғылданатын.

Жазушы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР ҒА академигі, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсірепов: Мәдениет майданына мейірім келді. Ол кезде көркемөнер секторы Халық ағарту комиссариатында болатын, оның бастығы мен едім. Халық ағарту комиссары Т.Жүргенов тілді де, тісті де, жігерлі де, іскер адам еді. Маған бір жылдың ішінде ән-күй театрын ашуды міндеттеді. Сол күні кешке таман қолға түскен жазушыларды жинап алып, әңгіме өткізді. Бейімбет «Жалбыр» мен «Шұғаны», Мұхтар «Айман-Шолпанды», мен «Қыз Жібекті» алдым, - дейді.

Қазақ опера және балет театрының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстанның Халық әртісі Қанабек Байсейітовтің айтуынша: 1934 жылдың 13 қаңтарында драмтеатрдың үйінде «Айман-Шолпан» комедиясымен Қазақ музыка театрының тұңғыш шымылдығын аштық. «Айман – Шолпан» сәтті қойылған соң, музыкалық театр мәселесі оңай шешілді. Премьера 13 қаңтарда болған, ал 17 қаңтар күні драмтеатрдың жанынан ашылған музыкалық студияны Қазақтың мемлекеттік музыкалық театры етіп қайта құру жөнінде үкімет қаулысы шықты. Бұл күн қазақ өнеріндегі тарихи күн болып саналады.....[2].

1936 жылғы онкүндікте мәскеуліктерді қазақтың әндері, күйлері мен билері ғана емес, жалпы қазақ халқының рухани байлығы, халықтың талантты ұл-қыздарының өнері таң қалдырып, бұл қазақ өнерінің жемісті мерекесіне айналды. Әсіресе, К.Байсейітованың таланты аса жоғары бағаланып, оған Кеңес Одағының халық әртісі атағы берілді.

Есімі қазаққа ғана емес, ісі түркі жұртына мәлім, қоғам және мәдениет қайраткері Темірбек Жүргенов театр қайраткерлерімен кеңесе отырып, Мәскеуге музыкалы театрдан «Қыз Жібек» пен «Жалбырды» апару жөн деп табады. «Қыз Жібек» пен «Жалбыр»-Мәскеу көрермендеріне үлкен әсер етіп, орталық баспасөздің жоғары бағасын иеленді. Спектакльге дарынды актерлерден К.Байсейітованың, Қ.Жандарбековтің, Қ.Байсейітовтің, М.Ержановтың қатысуы театрды зор абыройға бөледі. Бұлармен қатар «Қыз Жібек» пен «Жалбырға» драмалық актерлеріміздің қатысуы / «Қыз Жібекте» Қ.Қуанышбаев – Базарбайды, С.Қожамқұлов – Бекежанның досын, «Жалбырда» Өмірзақов – кедей батырақты, Қ.Бадыров – уезд бастығын ойнады/ музыкалы драманы жандандыра түсті.

Халықтың абырой атағын ойлаған зиялыларымыз концерт бағдарламасын бірнеше мәрте елеп-екшеп, өзара қатал сыннан өткеннен кейін барыпкомиссия талқылауына жіберген. Өнер және мәдениет қайраткерлері онкүндікке жан-жақты дайындалғанын Қанабек Байсейітовтің естеліктерінен де байқауға болады: «қай әнші қай әнді айтады деген мәселеге әбден мұқият қарадық. Ол үшін әншіге өзі білетін оншақты, кейде одан да көп ән салдырамыз, соның ішінде ең жақсы орындайтынын таңдаймыз. Сол ән тыңдау кезінде Сәкен, Илияс, Бейімбет, Мұхтар сынды ақын-жазушылар артистерге көп көмек көрсетті»[3].

Нарықтың сан қилы қиындықтарына қарамастан, Сырдың бүгінгі ұрпақтары туған жерінде еңбек етіп жатыр. Әрбір заман өткелегінен өткен Сыр бойы тарихи оқиғаларға толы болды. Шыңғысханнан кейін Жоңғар, Қалмақ, ара-тұра бағынышты болды, бұл бағыныш тәуелсіздік туын көтерген 1991 жылға дейін жалғасып келді.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Қайсы бір кезеңдерде болмасын Сырдың асыл азаматтары өздерінің жауларына қарсы тұрып, ұлтарактай жер үшін, ұл мен қызының азаттығы үшін күресті. Бірде жеңіліс тауып, бірде жеңіп, әйтеуір, азаттық туын қолдарынан әсте түсірген емес.

Бүкіл дүниеге аты мәшхүр болған дана Қорқыт ата, ел қорғасқан билер Жалаңтөс бахадүр, Әйтеке, Досбол, Балаби, Кетебай, Жәрімбет, Бидас билер, сондай-ақ, елді аузына қаратып, көріпкелдігімен аттары аңызға айналған Марал ишан, Мүсірәлі, Қалжан, Оразахун, тағы басқа осындай киелі адамдар халық жағында болып, елге жанашырлық танытқан.

Сонау бағзы заманда өмір үшін күрескен Қорқыт жыры бүгінде биік төбе басынан өмір жырын сызылта айтып тұр.

Жалағаш ауданы – Қызылорда облысындағы іргелі де экономикасы мен мәдениеті дамыған ауданның бірі. 1939 жылы аудан Қармақшы, Теренөзек аудандарының негізінде құрылды. Бір кездері аудан көлемінде бірді-екілі білім ошақтары болса, бүгінде ондап саналады. Республикада Жалағаш ауданының аты ақ күршімен шықты.

Сонау 1860 жылдан Масловка атанған аудан Кеңес кезінде Аламесек ауданына, одан кейін Қармақшы, Қызылорда аудандарына қарады. 1939 жылдан бастап Жалағаш ауданы болып аталып келеді.

Жалағаш демекші, оның Жалағаш аталуына, қазіргі аудан орталығының оңтүстік-шығыс бетінде Жалағаш төбе сияқты тарихи орынның сақталып отырғаны да себепкер болса керек. Аламесектегі екі сыныптық түземдік-мектебінің түлектерінің бірі «Іздібай өзегі» бойында жалаңаяқ жүгіріп ойнаған, кейін Қазақстан және Орта Азияға есімі мәшхүр болған қазақ елінің өркендеп-дамуына елеулі үлес қосқан, қазақ халқының мақтанышы, Сыр түлегі Темірбек Жүргенов еді. Сыр бойының қоңырауы сылдыраған шеңгелі мен жұпар иісі аңқыған жидесі лайлап жөңки аққан Сыр суы әр азаматтың бойына қуат беріп, күшін тасытады. Осындай Сыр суынан нәр алып, қияға қанат қаққан азамат - Темірбек Қараұлы Жүргенов болатын.

Темкең 1898 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының «Жаңаталап» ауылындағы «Іздібай» өзегінің бойында өмірге келген. 1918 жылдардан Кеңес өкіметі ісіне белсене араласып, жаңа заман жаңғырығына үн қосты. Мемлекеттік және түрлі қоғамдық жұмыстардың басында жүрсе де, қазақ халқының салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері, білімі жайында қалам тербеді. Әдебиет пен өнердің дамуына белсене үлес қосты.

Ташкентте басталған Қазақ педагогикалық институтының ашылуына, оның өркендеуіне, кейін қазақ университетінің ашылуына тікелей араласты.

Темірбек Қараұлының Өзбекстан және Тәжікстан республикаларындағы еңбегі де ерекше және бұл тақырыптар толық ашылып, зерттеліп болған жоқ [4].

1993 жылы Алматыдағы Қазақ ұлттық өнер академиясына Т.Жүргеновтің есімі берілді. Алматы, Қызылорда қалаларында, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы мен Қызылорда облысының Жалағаш аудандарында Т.Жүргенов есімімен аталатын мектептер мен көшелер бар. 1998 жылы Жүргеновтің 100 жылдығы республика көлемінде аталып өтті. Туған жері Жалағаш кентінде ескерткіш орнатылды. 2008 жылы 14-15 қарашасында туған жері Қызылорда, алғаш қызметін бастаған Ақтөбе облыстарында қайраткер-қаламгердің 110-жылдығы жоғары деңгейде аталып өтілді. Ғылыми-танымдық конференциялар мен фестивальдар ұйымдастырылып, әр түрлі мәдени шаралар өтті.

Жалпы қазақтың қаймағы бұзылмаған ортасында өсіп-өнген Т.Жүргеновтің бойында халықтық тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мәселелер тоғысып жататынын аңғару қиын емес. Мәселен, ол Ташкенттегі қызмет еткен жылдарында қыруар жұмысбастылығына қарамастан, бір мезгіл қазақтың рухани өміріне де назар аударып отыруды ұмытпайды. Осы орайда «Терме» деген жинақ құрастырып, оған Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, т.б. қазақ қайраткерлерінің, көрнекті

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13 сәуір, 2023 жыл*

ақын-жазушыларының шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау, т.б. қазақ ақындары мен батырлары туралы құнды мәліметтер жариялайды. Т.Жүргенов өмірбаянымен танысу барысында біз оның барған жерінде тыным таппай еңбектенумен қатар, үнемі басшы қызметтерге ұсынылып отырғандығын байқадық.

Т.Жүргенов өзінің іскерлік қабілетін оңтайлы пайдалана отырып, Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендетудің бас штабына айналдыра білді. Соның нәтижесінде сол тұста өткізілген аса ірі екі мәдени шара республиканың даңқын аспандатты. Оның бірі – 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слеті болса, екіншісі – 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігі еді. Осы еңбегі үшін Т.Жүргенов Еңбек қызыл ту орденімен марапатталды.

Т.Жүргеновтің осы кезеңдегі жанкешті еңбегін зайыбы Дәмеш Әмірханқызы Ермекова (Алашорда көсемдерінің бірі – Әлімхан Ермековтің қарындасы – Ө.О.) көзі тіткісінде баспасөзге берген бір әңгімесінде былай деп еске алыпты: «Ол демалыс дегенді білмейтін. Ұйқыдан тұру бойына, таңертеңгі шайға дейін қалада салынып жатқан жаңа мектеп құрылыстарын аралап келеді. Көбінесе күліп қайтады. Жігіттер жарады, өз игіліктері үшін істеп жатқанын түсінеді» дейді асығып сөйлеп.

Республика мәдениет құрылысы қайраткерлерінің бірінші съезі, халық өнері қайраткерлерінің бүкілқазақстандық бірінші слеті..... әйтеуір, жарғақ құлағы жастыққа тимеген. Жамбыл мен Нұрпейіс Байғанин, Ғарифолла Құрманғалиев тағы басқа өнер иелері нақ осы слетте танылған еді. Орталықтан композитор Е.Брусилловский мен балетмейстер А.Александровты шақырды. Көкшетаудан музыкалық аспап жасаудың шебері Қамар Қасымовты алдырды. Тұрмағамбет Ізтілеуовты Фирдаусидің «Шахнамасын» аударуға отырғызды, ұлт-аспаптар оркестрі мен хореографиялық училище ұйымдастыруды қолға алды. Қазақ өнерінің астанадағы (Мәскеу айтып отыр – Ө.О.) алғашқы байқауы өткен күндер Темірбектің де өміріндегі ең бақытты сәт еді. Оған дайындық кезінде театрдан шықпады десе де болғандай, тіпті май мерекесінде де олар репетиция өткізді»[5].

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен ҚР Театрлар Ассоциациясының ұйымдастыруымен, Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен 2018 жылдың 30 қазаны мен 6 қарашасы аралығында Талдықорған қаласында Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновке арналған Орталық Азия елдерінің VII Халықаралық театр фестивалі өтті.

Фестивальдің алғашқы күні Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының жаңа ғимаратының лентасы қиылып, театр өз шымылдығын М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» қойылымымен ашты. Бір аптаға созылған фестиваль – еліміздің театр өнеріне ерекше серпін берді деуімізге болады. Фестивальге Түркия, Башқұртстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстанның театр ұжымдары өздерінің кәсіби ең үздік қойылымдарын алып келді. Бұл біздерге олардың озық мәдениетімен танысуға және ұлттық өнерімізді әлемдік аренада танытуға зор мүмкіндік берді.

Халықаралық фестивальдің Қазылар алқасының төрағасы болып Қазақстан Театрлар Ассоциациясының президенті Асанәлі Әшімов, ал мүшелігіне жорғарыда аталған мемлекеттерден және Әзірбайжан, Грузия, Тәжікстан елдерінен келген өнер қайраткерлері белгіленді.

Халықаралық театр фестивалінің тақырыптық айнасын ашқан Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» драмасын сахналаған Қызылорда облыстық музыкалық драма театры (көркемдік жетекшісі Хүсейін Әмір Темір) үш бірдей номинацияға қол жеткізді. Театр ұжымы «Ұлттық авторлардың үздік драмасы» номинациясын иеленді [6].

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

Жалпы мақаланы қорытындылай келе, Қазақстан мәдениеті мен өнеріне, әдебиетіне, ағартушылығына Т.Жүргеновтің сіңірген еңбегінің орасан зор болғандығын, сонымен қатар осының барлығына өзінің қайсар мінезімен, батылдығымен, абыройымен, табандылығымен, адамгершілігімен, кішіпейілділігімен қол жеткізгендігін көріп отырмыз.

Түйіндеме

Бұл мақала Темірбек Жүргеновтің Қазақстан мәдениеті мен өнеріне сіңірген еңбегін зерттеу мақсатына бағытталды. Мақалада Т.Жүргеновтің Қазақстандағы музыка театрларын қалай ашқандығы жайлы айтылады. 1936 жылы Мәскеудегі онкүндіктің жоғары дәрежеде өтуіне, Қазақстан өнерінің мәдениет майталмандарын көрсетуге атсалысқаны жайлы мәліметтер айтылған.

Кілттік сөздер: опера, өнер, мәдениет, өнерпаздар, музыкалық театр.

Аннотация

Данная статья была направлена на изучение заслуг Темирбека Жургенова в культуре и искусстве Казахстана. В статье рассказывается о том, как т. Жургенов открыл музыкальные театры в Казахстане. Отмечается, что в 1936 году в Москве прошла декада, в которой приняли участие деятели культуры и искусства Казахстана.

Ключевые слова: опера, искусство, культура, художники, музыкальный театр.

Summary

This article was aimed at studying the merits of Temirbek Zhurgenov in the culture and art of Kazakhstan. The article tells about how comrade Zhurgenov opened musical theaters in Kazakhstan. It is noted that in 1936 a decade was held in Moscow, in which cultural and art workers of Kazakhstan took part.

Keywords: opera, art, culture, artists, musical theater.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Орта Азия мен Қазақстанның білімі мен мәдениетін дамытудағы Т.Жүргеновтің рөлі мен рухани мұрасы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының Ебектер жинағы., Астана 26.09.2014ж.
2. Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. Мемлекет қайраткері Темірбек Жүргенов №18 (102) Қыркүйек 2014 жыл.
3. З.И.Маштаева Тарихи тұлға тағылымы. Темірбек Қараұлы Жүргенов туралы тарихи – ғұмырнамалық естеліктер жинағы., Қызылорда, 2015ж.
4. Тынышбек Дайрабайев «Тұғыры биік тұлға» (ой-толғамдар). Алматы. «Шартарап» 1998ж.
5. Өмірзақ Озғанбай «Тағзым», 5 том екінші басылым, Мазмұндама, Алматы, 2021ж.
6. Тіл сақшысы Намыс қамшысы, таңдамалы мақалалар 10-кітап, Қызылорда, 2018ж.

*Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы,
13сәуір, 2023 жыл*

ГТАМР 11.15.81: 18.07.23

ДӘУІРДІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ – ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

Искакова Г.И. өнертану кандидаты, **Байболова Г.Т.** аға оқытушы,
Джуманазарова Ш.А. аға оқытушы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Қазақ жерінде Темірбек Жүргенов (1898-1938) есімі мәдени революциямен байланыстырылады. Ғылым, білім, өнер мен мәдениет салаларында алғашқы жол салушы, көшбасшы ретінде танылған Т.Жүргенов Алматыда алты ірі жоғары оқу орнының салынуына іскерлік танытып, бастаған ісін ақырына дейін жеткізетін тұлға ретінде қажырлы қайрат танытады.

Орта Азия мен Қазақстанға аты мәшһүр Т.Жүргенов республикамыздың мемлекет және қоғам қайраткері ретінде мәдениет, өнер, әдебиет саласының біртуар жанашыры, дарынды ұйымдастырушылығымен қатар, қаламы ұшқыр сыншы, көсемсөз иегері ретінде де өз қарымын биіктен көрсете алды. Темірбектің шын аты «Темірші» деп қойылса керек [1.285-290 б.].

Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылында дүниеге келген Темірбек -Тұрмағамбет Ізтілеуов ұстаздық еткен ауыл мектебінде сауат ашады. Сыр елінің әйгілі шайыры Т.Ізтілеуовтен дәріс алуының өзі, болашақ қоғам қайраткерінің өнерге, әдебиетке, мәдениетке, өткен тарихымызды түгендеуге деген көзқарасын қалыптастыруға жол ашары сөзсіз. Мақаламызға арқау болып отырған Т.Жүргеновтың өмір жолын, атқарған қызметтерін түгендеп айтып жатпай, біз ірі тұлғаның қазақ музыка өнеріне сіңірген еңбегі және дәстүрлі өнеріміз жайлы айтуды жөн санадық.

1933-1937 жылдары Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарады. Осы жылдары Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырады. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігінің негізгі ұйымдастырушыларының бірі болды. Онкүндік кезінде республикамыздың өзге де мәдениет қайраткерлерімен бірге Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады.

